Целевыми потребителями полученных научных результатов в форме информационной площадки будут являться студенты, магистранты, докторанты и профессорско-преподавательский состав высших учебных заведений, специалисты отделов Внутренней политики акиматов, члены Ассамблеи народа Казахстана. Материал на Информационной площадке будет представлять большой интерес для граждан Республики Казахстан, Киргизской Республики, Республики Узбекистан, Республики Таджикистан, Республики Туркменистан.

Научные результаты Информационной площадки в перспективе окажут влияние на создание научно-методологической основы эффективной национальной политики в Республики Казахстан и странах Центральной Азии.

Работа подготовлена и профинансирована в рамках внутривузовского научного проекта Павлодарского педагогического университета имени А.Х. Маргулана «Информационная площадка по освещению межнациональных отношений и национальной политики в странах Центральной Азии» (Договор № 8 от 01.07.2022 г.). Руководитель проекта — канд. ист. наук, ассоц. проф. Н.Е. Кузембаев.

Список литературы

1 Кузембаев Н.Е. Национальная политика в Казахстане: исторический аспект / Н.Е. Кузембаев // Вестн. Казах. нац. пед. ун-та им. Абая. Сер. соц. и полит. науки. — 2014. — № 4. — С. 13–16.

2 Неъмонов Д.М. Национальная политика Республики Таджикистан и её особенности в условиях изменяющегося мира: автореф. ... канд. полит. наук / Д.М. Неъмонов; Таджикский государственный университет коммерции; науч. рук.: М.У. Хидирова, Д.М. Хуморов. — Душанбе, 2012. — 21 с.

- 3 Муминов А.Г. Национальная политика независимого Узбекистана и пути ее реализации в духовно-культурной сфере (теория и практика): автореф. ... д-ра полит. наук / А.Г. Муминов. — Ташкент: Знание, 1999. — 49 с.
- 4 Стрилюк А.Б. Национальная политика П.А. Столыпина: автореф. ... канд. ист. наук / А.Б. Стрилюк; Чернигов. гос. пед. ун-т им. Т.Г. Шевченко; науч. консул. К.М. Ячменихин. — Чернигов: Знание, 2008. — 19 с.
- 5 Адилова Л.Ф. Национальная политика в Казахстане: историко-политический анализ (1985–1990): дис. ... канд. ист. наук / Л.Ф. Адилова; кафедра теории и истории общественных движений и политических партий АОН; науч. рук. — Н.В. Романовский. — М.: Знание, 1991. — 200 с.
- 6 Национальная политика: исторический опыт, перспективы развития: междунар. науч.-практ. конф., посвящ. 65-летию Победы в Великой Отечественной войне; Ассамблея народов Казахстана по ЮКО, Южно-Казахстанский государственный университет им. М. Ауезова, Славянский этно-культурный центр; сост. Г.И. Таукебаева. — Шымкент, 2010. — 350 с.
- 7 Гитлин С.И. Национальная политика КПСС в условиях развитого социализма / С.И. Гитлин. — Ташкент: Фан, 1983. — 125 с.
- 8 Бурмистрова Т.Ю. Национальная политика КПСС: Очерк историографии / Т.Ю. Бурмистрова. — М.: Политиздат, 1981. — 256 с.
- 9 Национальная политика КПСС в действии. Деятельность Компартии Узбекистана по осуществлению ленинской национальной политики в республике. — Ташкент: Узбекистан, 1979. — 418 с.
- 10 Национальная политика КПСС. Интернациональное воспитание в СССР на современном этапе. — М.: б/и, 1988. — 96 с.
- 11 Никулин А.И. Национальная политика России / А.И. Никулин. — М.: РАУ, 1993. — 61 с.
- 12 Рахимов С. Национальная политика КПСС и вымыслы «советологов» / С. Рахимов. — Ташкент: Узбекистан, 1988. — 123 с.
- 13 Турсунов Х.Т. Национальная политика Коммунистической партии в Туркестане. (1917–1924 гг.). / Х.Т. Турсунов. — Ташкент: Узбекистан, 1971. — 367 с.
- 14 Бурмистрова Т.Ю. Национальная политика партии большевиков в Первой русской революции 1905–1907 гг. / Т.Ю. Бурмистрова. — Л.: Ленинград. ун-т, 1962. — 242 с.
- 15 Задарновский Б.Б. Национальная политика КПСС: Вопросы и ответы / Б.Б. Задарновский. — М.: Сов. Россия, 1989. — 111 с.
- 16 Национальная политика КПСС. — Чебоксары: ЧГУ, 1990. — 132 с.
- 17 Попов Н.Н. Национальная политика советской власти: Курс лекций / Н.Н. Попов. — Харьков: Изд-во «Пролетарий», 1930. — 149 с.
- 18 Холмогоров А.И. Национальная политика в СССР / А.И. Холмогоров. — М.: Знание, 1988. — 62 с.
- 19 Чеботарева В.Г. Национальная политика Российской Федерации 1925–1938 гг. / В.Г. Чеботарева. — М.: ГУ МДН, 2008. — 832 с.
- 20 Байгожина Г.М. Национальная политика в Казахстане в 1953–1965 гг. / Г.М. Байгожина, З.Г. Сактаганова, Е.С. Тутинова, Е.С. Сыздыкбеков // Вопросы истории. — 2021. — № 9(1). — С. 140–152.
- 21 Байгожина Г.М. Советская национальная политика в Казахской ССР в 1946–1991 гг.: историография проблемы / Г.М. Байгожина, З.Г. Сактаганова, Д. Коровушкин // Отан тарихы. — Алматы, 2021. — № 3 (95). — С. 15–23.
- 22 Сактаганова З.Г. 1945–1953 жж. аралығындағы ҚазССР-дегі ұлттық саясат / З.Г. Сактаганова, Г.М. Байгожина, Н.Е. Тутинова // Қарағанды университетінің хабаршысы. Тарих. Философия сериясы. — 2021. — № 4 (104). — Б. 94–102.
- 23 Сактаганова З.Г. К вопросу о некоторых особенностях реализации национальной политики в Казахстане в «эпоху застоя»: 1965–1985 годы / З.Г. Сактаганова, Г.М. Байгожина // Вестн. Евраз. нац. ун-та им. Л.Н. Гумилева. Сер. Исторические науки. Философия. Регионоведение. — 2021. — № 4 (137). — С. 107–122.
- 24 Кузембаев Н.Е. Этнодемографическая ситуация в Республике Казахстан: история и перспективы / Н.Е. Кузембаев // Этнография Алтая и сопредельных территорий. Барнаул, 27–30 ноября 2008 г.: материалы Междунар. науч. конф.; под ред. Т.К. Щегловой, И.В. Октябрьской. — 2008. — С. 107–109.
- 25 Кузембаев Н.Е. Этнодемографическая ситуация в Республике Казахстан на современном этапе: история и перспективы / Н.Е. Кузембаев // Өлкетану. — 2010. — № 2. — С. 41–59.
- 26 Кузембаев Н.Е. Роль Ассамблеи народа Казахстана в осуществлении национальной политики Республики Казахстан / Н.Е. Кузембаев, Л.А. Гаппасова // Вестн. Евраз. нац. ун-та им. Л.Н. Гумилева. Сер. Политические науки. Регионоведение. Востоковедение. Тюркология. — 2014. — № 1(98). — С. 178–182.

Н.Е. Кузембаев

Орталық Азиядағы ұлтаралық қатынастар мен ұлттық саясатты жариялау мәселесін шешу ретінде бірыңғай ақпараттық алаң құру

Орталық Азия елдеріндегі ұлтаралық қатынастар мен ұлттық саясат мәселелері — өзекті мәселелер. Сапалы ғылыми зерттеулер жүргізу үшін сенімді дереккөздерден алынған заманауи ғылыми деректер, этникалық саясат саласындағы жетекші ғылыми ұйымдармен және мамандармен ынтымақтастық қажет. Тиімді мемлекеттік ұлттық саясатты құру үшін зерттелетін ортаны бақылаудан алынған деректер, ғылыми негіздеме және өткен қателіктерді болдырмауға мүмкіндік беретін мамандарды тарту қажет.

Жарияланым авторы бұл мәселелердің шешімін Ақпараттық алаң, яғни ұлттық саясат пен ұлтаралық қатынастар мәселелеріне арналған тақырыптық сайт құру түрінде ұсынады. Бұл ғылыми зерттеулер жүргізу үшін қажетті ақпаратты алуға және Қазақстанда, Өзбекстанда, Қырғызстанда, Тәжікстанда және Түрікменстанда этникалық саясатты іс жүзінде іске асыру кезінде деректерді пайдалануға мүмкіндік береді. Зерттеудің ғылыми жаңалығы қазіргі заманның ғылыми және практикалық мәселелерін шешуге бағытталған әлемде теңдесі жоқ тақырыптық сайт құру туралы ұсыныстан тұрады. Зерттеудің дереккөздік базасы осы мәселелер бойынша ұсынылған арнайы ғылыми және оқу-әдістемелік әдебиеттерді құрайды. Зерттеу Орталық Азия елдерінде тиімді мемлекеттік ұлттық саясатты жүргізу бойынша практикалық ұсыныстарды қамтиды. Біріншіден, халыққа ақпараттық білім беру жан-жақты жүргізілуі тиіс. Екіншіден, жергілікті халықтың құқықтары мен бостандықтарына нұқсан келтірместен ұлттық мәдениеттерді дамыту жөніндегі саясатты ілгерілету қажет. Үшіншіден, жүргізіліп жатқан ұлттық саясат пен үлкен деректерді талдаудың салдарын болжауға баса назар аудару керек. Төртіншіден, ортақ мақсаттар мен нәтижелерге қол жеткізу үшін мемлекеттік, ғылыми, мәдени және білім беру ортасының өзара іс-қимылын күшейту қажет.

Кілт сөздер: Орталық Азия, ұлттық саясат, этносаралық қатынастар, этносаясат, тақырыптық сайт, Қазақстан халқы Ассамблеясы, халықтарды депортациялау.

N.Ye. Kuzembayev

Creation of a unified information platform as a solution to the problem of coverage of interethnic relations and national policy in Central Asia.

Issues of interethnic relations and national policy are topical problems in the countries of Central Asia. Quality research requires relevant scientific data from reliable sources, cooperation with leading scientific organizations and experts in the field of ethnic policy. Up-to-date data obtained as a result of monitoring the environment under study, the scientific basis and the involvement of specialists are needed to create an effective state national policy, which in the future will avoid the mistakes of the past. The author of the publication offers a solution to these problems in the form of creating an Information platform – thematic website dedicated to the problems of national policy and interethnic relations. This will allow getting the necessary information for scientific research and using the data in the practical implementation of ethnic policy in Kazakhstan, Uzbekistan, Kyrgyzstan, Tajikistan and Turkmenistan. Scientific novelty of the research consists in the proposal to create thematic site that has no analogues in the world aimed at solving the scientific and practical problems of our time. The source base of the study is represented by special scientific and educational literature on the subject matter. The research contains practical recommendations for effective state national policy in the countries of Central Asia. First, it is necessary to comprehensively conduct information education of the population. Second, it is necessary to pursue a policy of developing national cultures without infringing on the rights and freedoms of the indigenous population. Third, serious attention must be paid to forecasting the consequences of national policies and analyzing big data. Fourth, it is necessary to strengthen the interaction of the state, scientific, cultural, and educational environment to achieve common goals and results.

Keywords: Central Asia, national policy, interethnic relations, ethnopolitics, thematic site, Assembly of the People of Kazakhstan, deportations of peoples.

References

- 1 Kuzembaev, N.E. (2014). Natsionalnaia politika v Kazakhstane: istoricheskii aspekt [National Policy in Kazakhstan: Historical Aspect]. *Vestnik Kazakhskogo natsionalnogo pedagogicheskogo universiteta imeni Abaia. Seriya sotsiologicheskoi i politicheskoi nauki — Bulletin of Abay Kazakh National Pedagogical University. Series of Sociological and Political Science*, 4, 13–16 [in Russian].
- 2 Neimonov, D.M. (2012). Natsionalnaia politika Respubliki Tadjikistan i ee osobennosti v usloviakh izmeniaiushchegosia mira [National policy of the Republic of Tajikistan and its peculiarities in the changing world]. *Extended abstract of candidate's thesis*. Dushanbe [in Russian].
- 3 Muminov, A.G. (1999). Natsionalnaia politika nezavisimogo Uzbekistana i puti ee realizatsii v dukhovno-kulturnoi sfere (teoriia i praktika) [National policy of independent Uzbekistan and the ways of its implementation in the spiritual and cultural sphere (theory and practice)]. *Extended abstract of Doctor's thesis*. Tashkent: Znanie [in Russian].
- 4 Striliuk, A.B. (2008). Natsionalnaia politika P.A. Stolypina [National policy of P.A. Stolypin]. *Extended abstract of candidate's thesis*. Chernigov: Znanie [in Russian].
- 5 Adilova, L.F. (1991). Natsionalnaia politika v Kazakhstane: istoriko-politicheskii analiz (1985–1990) [National policy in Kazakhstan: historical and political analysis (1985–1990)]. *Candidate's thesis*. Moscow: Znanie [in Russian].
- 6 Taukebaeva, G.I. (Comp.). (2010). *Natsionalnaia politika: istoricheskii opyt, perspektivy razvitiia: Mezhdunarodnaia nauchno-prakticheskaiia konferentsiia, posviashchennaia 65-letiiu Pobedy v Velikoi Otechestvennoi voine* [National policy: historical experience, development prospects: the international scientific-practical conference dedicated to the 65th anniversary of the victory]

in the Great Patriotic War. Assambleia narodov Kazakhstana po YuKO, Yuzhno-Kazakhstanskii gosudarstvennyi universitet imeni M. Auezova, Slavianskii etno-kulturnyi tsentr. Shymkent [in Russian].

7 Gitlin, S.I. (1983). *Natsionalnaia politika KPSS v usloviakh razvitiia sotsializma* [National Policy of the Communist Party of the Soviet Union in the conditions of developed socialism] / Tashkent: Fan [in Russian].

8 Burmistrova, T.Yu. (1981). *Natsionalnaia politika KPSS: Ocherk istoriografii* [The national policy of the CPSU: An outline of historiography] / Moscow: Politizdat [in Russian].

9 (1979). *Natsionalnaia politika KPSS v deistvii. Deiatel'nost' Kompartii Uzbekistana po osushchestvleniiu leninskoi natsionalnoi politiki v respublike* [National policy of the CPSU in action. The activities of the Communist Party of Uzbekistan in implementation of the Leninist national policy in the republic]. Tashkent: Uzbekistan [in Russian].

10 (1988). *Natsionalnaia politika KPSS. Internatsionalnoe vospitanie v SSSR na sovremennom etape* [National policy of the Communist Party of the Soviet Union. International education in the USSR at the present stage]. Moscow: b/i [in Russian].

11 Nikulin, A.I. (1993). *Natsionalnaia politika Rossii* [National Politics in Russia]. Moscow: RAU [in Russian].

12 Rakhimov, S. (1988). *Natsionalnaia politika KPSS i vymysly «sovetologov»* [The national policy of the Communist Party of the Soviet Union and the fabrications of the "Sovietologists"]. Tashkent: Uzbekistan [in Russian].

13 Tursunov, Kh.T. (1971). *Natsionalnaia politika Kommunisticheskoi partii v Turkestane. (1917–1924 gg.)* [The national policy of the Communist Party in Turkestan. (1917–1924)]. Tashkent: Uzbekistan [in Russian].

14 Burmistrova, T.Yu. (1962). *Natsionalnaia politika partii bolshevikov v Pervoi russkoi revoliutsii 1905–1907 gg.* [The national policy of the Bolshevik Party in the first Russian Revolution of 1905–1907]. Leningrad: Leningradskii universitet [in Russian].

15 Zadarnovskii, B.B. (1989). *Natsionalnaia politika KPSS: Voprosy i otvety* [The national policy of the Communist Party of the Soviet Union: Questions and answers.]. Moscow: Sovetskaia Rossiia [in Russian].

16 (1990). *Natsionalnaia politika KPSS* [National Policy of the Communist Party of the Soviet Union]. Cheboksary: Cheboksarskii gosudarstvennyi universitet [in Russian].

17 Popov, N.N. (1930). *Natsionalnaia politika sovetской vlasti: Kurs lektsii* [National Policy of the Soviet Power: Course of Lectures.]. Kharkov: Izdatel'stvo «Proletarii» [in Russian].

18 Kholmogorov, A.I. (1988). *Natsionalnaia politika v SSSR* [National Policy in the USSR]. Moscow: Znanie [in Russian].

19 Chebotareva, V.G. (2008). *Natsionalnaia politika Rossiiskoi Federatsii 1925–1938 gg.* [National policy of the Russian Federation 1925–1938]. Moscow: GU MDN [in Russian].

20 Baigozhina, G.M., Saktaganova, Z.G., Tutinova, E.S., & Syzdykbekov, E.S. (2021). *Natsionalnaia politika v Kazakhstane v 1953–1965 gg.* [National policy in Kazakhstan in 1953–1965]. *Voprosy istorii. Issues of History*, 9 (1), 140–152 [in Russian].

21 Baigozhina, G.M., Saktaganova, Z.G., & Korovushkin, D. (2021). *Sovetskaia natsionalnaia politika v Kazakhskoi SSR v 1946–1991 gg.: istoriografiia problem* [Soviet National Policy in the Kazakh SSR in 1946–1991: Historiography of the Problem] *Otan tarikhy — National history*, 3 (95), 15–23 [in Russian].

22 Saktaganova, Z.G., Baigozhina, G.M., & Tutinova, N.E. (2021). *1945–1953 zhyldar aralygyndagy QazSSR-degi ul'tyq saiasat* [National Policy in the Kazakh SSR in 1945–1953]. *Vestnik Karagandinskogo universiteta. Seriya Istoriia. Filosofiiia — Bulletin of Karaganda Buketov University. Series of History. Philosophy*, 4 (104), 94–102 [in Kazakh].

23 Saktaganova, Z.G., & Baigozhina, G.M. (2021). *K voprosu o nekotorykh osobennostiakh realizatsii natsionalnoi politiki v Kazakhstane v «epokhu zastoia»: 1965–1985 gody* [To the question of some peculiarities of the implementation of national policy in Kazakhstan in the "stagnation era": 1965–1985]. *Vestnik Evraziiskogo natsionalnogo universiteta imeni L.N. Gumilyova. Seriya Istoriicheskie nauki. Filosofiiia. Religiovedenie — Bulletin of L.N. Gumilyov Eurasian National University. Series: History. Philosophy. Religious Studies*. Nur-Sultan, 4 (137), 107–122 [in Russian].

24 Kuzembaev, N.E. (2008). *Etnodemograficheskaia situatsiia v Respublike Kazakhstan: istoriia i perspektivy* [Ethnodemographic situation in the Republic of Kazakhstan: history and perspectives]. *Etnografiia Altaia i sopredelnykh territorii*. Barnaul (27–30 noiabria 2008 g.). *Materialy Mezhdunarodnoi nauchnoi konferentsii — Ethnography of Altai and adjacent territories. Barnaul (November 27–30, 2008). Proceedings of the international scientific conference* (pp. 107–109). T.K. Shcheglova, I.V. Oktiabrskaya (Ed.) [in Russian].

25 Kuzembaev, N.E. (2010). *Etnodemograficheskaia situatsiia v Respublike Kazakhstan na sovremennom etape: istoriia i perspektivy* [Ethnodemographic situation in the Republic of Kazakhstan at the present stage: history and perspectives]. *Olketanu — Regional studies*, 2, 41–59 [in Russian].

26 Kuzembaev, N.E., & Gappasova, L.A. (2014). *Rol Assamblei naroda Kazakhstana v osushchestvlenii natsionalnoi politiki Respubliki Kazakhstan* [The role of the Assembly of Peoples of Kazakhstan in implementing the national policy of the Republic of Kazakhstan]. *Vestnik Evraziiskogo natsionalnogo universiteta imeni L.N. Gumilyova. Seriya Politicheskie nauki. Regionovedenie. Vostokovedenie. Tiurkologiiia — Bulletin of L.N. Gumilyov Eurasian National University. Series: Political Sciences. Regional Studies Oriental Studies. Turkology*, 1 (98), 178–182 [in Russian].

Information about authors

Kuzembayev, N.Ye. — Candidate of historical sciences, associate professor, A.Kh. Margulan Pavlodar Pedagogical University, Pavlodar, Kazakhstan.

Ғ.И. Көшенова*

*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан
(E-mail: kushenovaganizhamal@gmail.com)*

Шетел тарихнамасында Шағатай ұлысының бөлінуі: діни фактор

Отандық тарихнамада Шағатай ұлысының тарихына қатысты арнайы дайындалған еңбектер аз. Ал шетелдік тарихнамада бірқатар іргелі еңбектерді кездестіруге болады. Автор осы тұрғыдан алғанда зерттеу тақырыбының өзектілігі мен жаңашылдығын көрсетуге тырысады. Ұсынылған жарияланымда шетелдік тарихнамаға негізделі отырып, Монғол шапқыншылығынан соң пайда болған Шағатай ұлысының екіге бөлінуіне ықпал етуші факторларды қарастырған. Зерттеу тақырыбында Шағатай ұлысының бөлінуіндегі діни фактордың ықпалы зерделеуге бағытталғандықтан, оның мазмұнында тәңіршіл сенімдегі Шағатайдың ұстанымы, оның өзге және ислам дініне көзқарасы, шағатайлық хандардың ислам дінін қабылдауы, сондай-ақ ұлыс тарихындағы айтулы оқиғаларға тоқталады. Шағатай ханнан кейін ұлыс тарихында маңызды реформалар жүргізген бірнеше хандардың, атап айтқанда Алғұй хан, Дува хан, Мубарак хан, Кебек ханға шолу жасалып, Тармашырын ханның өлтірілу себептері қарастырылған. Автор Шағатай ұлысының тарихындағы маңызды кейбір оқиғаларға, яғни Хайдудың бастамасымен үш ұлыстан шақырылған Шыңғыс ұрпақтарының басын қосқан Талас құрылтайы, монғол ақсүйектерінің, кейбір тайпалардың Мауераннахр жеріне қоныс аударуына назар аударады. Сонымен ортағасырларда дін мәселесі өзекті тақырыптың бірі болғанына қарамастан, Шағатай ұлысының екіге бөлінуінде дін факторы жетекші рөл атқармады. Бұл саяси дағдарыста саяси, әлеуметтік және экономикалық факторлардың ықпалы басымдық танытты.

Кілт сөздер: Шағатай ұлысы, Шағатай, билік күресі, Талас Құрылтайы, Хайду, ислам діні, Ала-ад-дин Тармашырын хан.

Kіріспе

Монғол шапқыншылығы әлем картасына үлкен өзгерістер әкелді. Бұл жағдай тек саяси ахуалға емес, сонымен қатар экономикалық, әлеуметтік, мәдени және діни мәселелерге де ықпал етті.

XIII ғасырдың екінші жартысына дейін Монғол империясы Қарақорымнан басқарылса, одан кейін орталықтан оқшауланған төрт билікті көреміз: Жошы ұлысы, Шағатай ұлысы, Илханлы және Құбылай мемлекеттері. Мұнда Жошы және Шағатай ұлыстарының өзгелерінен ерекшелігі тұрғылықты халқының басым бөлігі түркі тайпаларынан және ислам дінін ұстанатындардан құралуы еді.

Атап өткендей, Оңтүстік–Шығыс Азиядан Шығыс Еуропаға созылған монғол империясының орталықтанған билігі Өгедей қаған қайтыс болғаннан кейін көп ұзамай іс жүзінде ұлыстық биліктерге ауысты. Шағатай ұлысының монғол билеушілері уақыт өте жергілікті халықпен сіңісіп, жергілікті дінді қабылдай бастады. Дін тақырыбы ортағасырлық Еуропада және Азия елдерінде де сын көтермейтін мәселелердің бірі болғанын ескерсек, Шағатай ұлысының екіге бөлінуінде басты фактор дін болды ма деген сұрақ туындайды.

Осы тұрғыда тақырыпқа қатысты шетелдік іргелі еңбектер арқылы Моғолстан және Әмір Темір мемлекеттерінің пайда болуына негіз қалаған Шағатай ұлысының саяси тұрғыда бөлінуіне, оған ықпал етуші аспектілерге назар аударған жөн.

Зерттеу әдістері

Зерттеу барысында шетелдік авторлардың арнайы дайындалған ғылыми диссертациялары, монографиялар, ғылыми мақалалары басшылыққа алынып, жұмыстың әдіснамалық негізін тарихилық, объективтілік принциптері құрады. Жалпы қабылданған ғылыми зерттеудің әдістері мен ұстанымдары: талдау, салыстыру, мәселелік-хронологиялық т.б. әдістер қолданылды.

Шығыстанушы ғалымдар Монғол империясының тарихына аса қызығушылық танытып, Қазан революциясына дейін-ақ зерттей бастады. Ал Шағатай ұлысы бойынша арнайы дайындалған кешенді іргелі еңбектер XX ғасырдың соңынан қолға алына бастады.

* Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: kushenovaganizhamal@gmail.com

Зерттеу жұмысында Шағатай ұлысына арналған бірқатар еңбектер қарастырылады. Қырғызстанда жарыққа шыққан зерттеуші О.К. Караевтың шығыс жазба деректеріне негізделген «Чагатайский улус. Государство Хайду. Могулистан. Образование кыргызского народа» атты монографиясы атап өтуге болады [1]. Еңбекте аталмыш мемлекеттердің құрылуынан бастап құлауына дейінгі кезеңіндегі саяси тарихы баяндалады.

Монғолия ғалымы Энхчимэг Цэндмаа Цагаангууд «Чагатайский улус (1221-1346)» атты кандидаттық диссертациясында өзіне дейінгі кезеңде монғол ғалымдарының Шағатай ұлысының жекелеген тақырыптары бойынша ғана зерттеулер жүргізгенін атап өтеді [2].

Шағатай ұлысының исламдану процесіне қатысты еңбектерден зерттеуші Михал Биранның (Michal Biran) «The Chaghadaids and Islam: The Conversion of Tarmashirin Khan (1331-34)» атты жұмысын атап өтуге болады. Автор шағатайлықтарға ислам дінін әкелген Ала-ад-дин Тармашырынның өзі сол жетістігінен қаза болды ма деген сұраққа жауап іздейді [3].

Ал түрік ғалымдарынан Мустафа Кафалының «Сағатау Ханлығы (1227-1345)» атты монографиясында ұлыстың мемлекеттің саяси, әскери, қаржы құрылымдарынан бастап құлдырауына дейінгі тарихы баяндалады [4]. Зерттеуші Орхан Чынар «Сағатау Devleti Zamanında Türkistan'ın Siyasî, Askerî ve Sosyal Durumu» [5] атты докторлық диссертациясында ұлыстың құрылуынан бастап құлдырауына дейінгі кезеңдегі маңызды оқиғалар зерделенсе, Фатих Орта «Сағатау Ханлығы'nda Gelenek ve Değişim: Tarmaşirin Han Dönemi» [6] атты магистрлік диссертациясында исламдану мәселесіне айрықша тоқталады. Сонымен қатар Евру Куланың «Büyük Hanlar Döneminde Moğollar Arasında İslâmiyet» [7] атты магистрлік диссертациясында Шыңғыс ханнан бастап төрт ұлыс билеушілерінің тұсындағы ислам діні зерделенеді.

Өзбек ғалымы Ж. Давлатовтың «Исламизация Чагатайского улуса как важный фактор укрепления государственности в кочевой степи» [8] атты еңбегіне сүйенетін болсақ, Мубарак хан, Аргун хатун, Кебек хан, Ала-ад-дин Тармашырын хандардың тұсындағы ислам дінінің ахуалы баяндалады. Мұнда Тармашырын тұсында ғана исламның орныққанын атап өтеді. Бұдан өзге тақырыпқа ішінара тоқталып өткен қосалқы еңбектер де жоқ емес.

Талқылау

Ортағасырлық Орталық Азия территориясында ислами үгіт-насихат, иршад істерімен шұғылданған бірнеше сопылық мектептер өмір сүргені мәлім. Мұны исламнан өзге діндерге, наным-сенімдерге де қатысты айтуға болады. Соның ішінде көшпелі түркі тайпаларының арасындағы яссауиға сопылық бауырластығының беделі ерекше болды [9].

Жоғарыда атап өткендей, Жошы және Шағатай ұлыстарының дені түркі тайпаларынан құралды және оның басым бөлігі мұсылмандар еді. Ал Шыңғыс ханның екінші ұлы Шағатайдың тәңіршілдік сеніміндегі, Шыңғыс империясының әскери құқықтың заңдар жинағы — ясаға (жасак) қатты тәуелді билеуші екенін назарда ұстасақ, ұлыстың бөлінуінде діни фактор шешуші рөл атқарды ма деген пікір туындайды [10; 70].

Жалпы Шағатай ханның сол кезде ислам мәдениеті мен өркениетінің жарқын орталығы болған Бұхара, Самарқанд, Қашқар сияқты ірі қалаларында Шыңғыс заңдары мен әдет-ғұрыптарын ұстатуға тырысуы көптеген әлеуметтік мәселелерді тудырды [11; 77]. Оның көзқарасы исламның негізгі ұстанымдарына қайшы келді. Ал христиандық дәстүрлерге Шағатай қарсы келе қоймады. Өйткені саны жағынан олар өте аз болды, бұл жағдайда монғол билеушілеріне қауіп төндіре қоймас еді [8; 933]. Шағатай ханның қайтыс болуы Шағатай ұлысының билігі үшін өзара таласқа жол ашса, Өгедейдің ұлы Күйік (Гуюк) қайтыс болғаннан кейін Шыңғыс ұрпақтарының арасында Ұлы Монғол тағы үшін күрес басталды.

Біршама уақыттан соң Ұлы Монғол империясының қағаны Өгедейдің немересі Хайдудың (Кайду) бастамасымен бірінші рет Шыңғыс ұрпақтары 1269 жылы көктемде Талас құрылтайына шақырылды (деректерде Хайдудың Шағатай ұлысының іс жүзіндегі билеушісі болғаны туралы ақпарат кездеседі).

Құрылтайда Шағатайдың ұрпағы Баракқа Мауераннахрдың үштен екі бөлігі беріліп, қалғаны Хайду мен Менгу-Тимур арасында бөлінді. Сондай-ақ Құрылтайда монғол ақсүйектері «қалалық жерлерді қоныстанбау және шаруаларға әділетсіз талаптар қоймау» туралы келісім жасады [1; 22-23]. Хайду үш ұлыстан келген Шыңғыс ұрпақтарына бейбітшілік және достық келісімін ұсынады.

Талас Құрылтайының негізгі міндеттерінің бірі — Шағатай, Жошы, Өгедей ұлыстары арасындағы территориялық даулы мәселелерді шешу болып табылды, маңызы да осы үш ұлысты одақтастыру

тұрғысында көрінді. Сондықтан оған үш ұлыстан билеуші әулет өкілдерінің, әсіресе Шыңғыс ханның үлкен ұлының ұрпағы ретінде Менгу Тимурдың қатысуы міндетті еді.

Дегенмен зерттеушілердің пікірінше ұлыстардың бейбіт келісімге келуін мақсат тұтқан Талас құрылтайы Шағатай және Өгедей әулеттерінің өзара дұшпандық қатынастарының бастамасы болды [2; 19].

Жалпы Талас құрылтайының шешімінен кейін кейбір монғол тайпалары Мауераннахр жеріне қоныс аударғанын жоғарыда айтып өткен болатынбыз. Бұл үрдіс олардың жергілікті халықпен ассимиляцияға түсуін жеделдетіп, түркілену процесін күшейтті. Көшпелі өмір салтының өзгеруін де жылдамдатты. Сөйтіп, Мауераннахрға қоныс аударған көшпелі тайпалар бірте-бірте отырықшылыққа көшті. Екіншіден, бұдан кейін Хулагу мемлекеті, Алтын Орда, Юань империясымен арадағы қарым-қатынасты шиеленісе түскені [2; 15] айтылады.

Жалпы Шағатай хан қайтыс болғаннан 1346 жылдарға дейін ұлыстың тағына 23 хан отырады. Ұлыс тарихында өзгелерден ерекшеленген хандар да болды. Шағатай кезіндегі ұлыстың территориясын қалпына келтіріп қана қоймай, шекараны Хорезм, Ауғанстан жерлеріне дейін кеңейткен Шағатайдың немересі — Алғуиды, Мауераннахр жерінде әкімшілік басқару реформасын жүзеге асырған — Дува ханды, Мубарак, Кебек т.б хандарды атап өтуге болады. Мәселен, Дува ханның реформасынан соң бұрынғы феодалдық иеліктерге бөлу жүйесі жойылды. Жер иеленушілер хан тарапынан тағайындалып, іс жүзінде оның наместнигіне айналды. Хайдудың тағайындауымен ұлыстың тағына отырған Дува ханның тұсында қиранды қалалар қайта қалпына келтіріп, Анджижан қаласы тұрғызылады. Бұхарадағы қиратылған жерлер қайта жандандырылып, Месудие медресесі салынады [7; 128].

Дегенмен Шағатай ұлысының хандары Хайду ханның қайтыс болғанға дейін іс жүзінде оған тәуелді болып қалды [12; 115]. Ал жергілікті түркіленген монғол әулеттері күннен-күнге күшейе берді.

1318-1326 жылдары таққа отырған Кебек хан орталықтанған ақша реформасын жүргізді. Мемлекеттік деңгейде Шағатай ұлысының алғашқы монеталары соғылды. Осы реформа арқылы Хайду мен Құбылайдың өзара соғысы кезінде күйреген мемлекеттің экономикасы мен саудасы көтерілді.

Шағатай ұлысы хандарының арасында алғаш болып 1266 жылы ислам дінін қабылдаған Мубарак шах болатын. Сондай-ақ деректерде шағатайлық Барақ ханның да өмірінің соңғы жылдарында мұсылман болғаны айтылады. Біртұтас Шағатай ұлысының соңғы кезеңдерінде билік басына келген Тармашырын хан да ислам дінін қабылдайды.

Деректерде Мубарак шахтың ислам дінін қабылдау арқылы жергілікті ақсүйектерден қолдау тапқысы келгені туралы ақпараттар кездеседі. Алайда ханның бұл әрекеті Монғолиядағы, Қытайдағы монғол ақсүйектерінің наразылығын тудырып, Құбылайдың бұйрығымен оны тақтан түсіреді. Ал Барақ ханның қызметі туралы «ол өмірінің соңына дейін ислам дінін таратуға қызмет етті. Монғолдардың көбін ислам жолына кіргізді. Алайда бұл хан өлгеннен кейін жалғасын таппады. Нәтижеде Гиассаддин Барақ хан кезінде мұсылмандықты қабылдаған монғолдардың көбі ол өлгеннен соң қайта ескі діндеріне оралды» [7; 127] - делінеді.

Бұдан бөлек Кебек хан өзінің қол астындағы мұсылмандарға қолдау көрсетіп қана қоймай, түркі тілінде сөйлегені туралы мағлұматтар бар. Ал Ала-ад-дин Тармашырын хан өзін түрік сұлтаны ретінде танытып, түркі тілін — ресми тіл, ислам дінін — ресми дін ретінде жариялағанын, астанасын Бұхараға көшіргені айтылады [5; 96-97]. Жалпы Ала-ад-дин Тармашырын ханның бұл қадамы мемлекеттің сол кездегі мұсылман елдерімен саяси, экономикалық, сауда т.б. қарым-қатынастарын жақсартып, елдің экономикасын көтеруге мүмкіндік ашады.

Жалпы Шағатай ұлысы тарихына зер салатын болсақ, монғол әскери ақсүйектері ислам дінін қабылдаған хандарға ғана емес, өзге билеушілерге де өзінің наразылығын білдіріп отырғанын көруге болады.

Кейбір жазба деректерде Ала-ад-дин Тармашырын ханның қайтыс болуы оның жүргізген діни саясатымен байланыстырылады [3; 742]. Өйткені Шағатай ұлысының кең түрде исламдануы осы ханның тұсы делінеді [11; 79].

Ислам дінін қабылдағаннан кейін Тармашырынға «Ала-ад-дин Мухаммед» деген есім, «Султан ул-азам» деген ислами атақ берілді. Бұл рәсімді өмірінің соңғы жылдарын Бұхарада өткізген Кубравийа шайхы Яхья Абу ал Мафакхир Бахарзидің (қ.б. 1336 ж.) жүзеге асырғаны баяндалады. Деректер бойынша бұл шайх XIII ғасырда Берке ханға ислам дінін қабылдатқан Кубравийа шайхы Сайф-аддин Бахарзидің немересі ретінде айтылады [3; 746]. Жалпы Сайф-аддин Бахарзидің Кубравийа тариқатының шайхы екені туралы пікірлер біржақты емес. Зерттеулерге қарағанда «Жошы, Өгедей ұлыстарында жаппай монғол билеушілері мен тайпаларының исламдануы мен түркі-

лену процесі басталғанда қызметті бір жағынан Яссауиға тариқаты жүргізсе, екінші жағынан Нақшбандийа, Кубравийа тариқаттары жүргізді. Ал бұл процестің қалай жүргізілгені жайлы мәліметтер өте аз» [9; 147].

Мәселен, «Джавахир ал-абрарда» Наджм аддин Кубра халифаларынан шайх Сайф ад-дин Бахарзи Яссауидің халифасы ретінде аталады. Зерттеуші З. Жандарбек мұны: «Наджм ад-дин Кубраның өз шәкірттерін мұсылман дінін тарату үшін әр жаққа жіберуі Берке ханның өзі жасаған әрекетіне көбірек ұқсайды. Өйткені Наджм ад-дин Кубра 1221 жылы монғол әскерлерінің Хорезм мемлекетінің астанасы Гургандж қаласына шабуыл жасаған кезінде қаланы қорғаушылар қатарында болып, қаза тапқаны белгілі. Сол себепті Наджм ад-дин Кубраның өз шәкірттерін Жошы ұлысының әр жағына жіберуі мүмкін емес еді. Оның үстіне ол кезеңде Кубравийа тариқаты өкілдері, әсіресе Қыпшақ дала-сы мен Түркістан жеріне еркін келе алмайтын. Өйткені Яссауиға мен Кубравийа тариқаты өкілдерінің арасында қарама-қайшылық монғол шапқыншылығы қарсаңында шегіне жеткен болатын» [9; 148], - дейді.

Осылайша, Ала-ад-дин Тармашырын ханның тұсында Шағатай ұлысында адамдар топ-топ болып мұсылмандықты қабылдады. Мемлекетте дін істері күшейтіліп, діни құрылымдар дами түсті. Дели және Мәмлүк сұлтандықтарымен қарым-қатынас жақсарып, Сириямен сауда байланыстары тұрақтанады. Бұл қоғамда исламның тез таралуын қамтамасыз етті.

Михал Биран өзінің зерттеуінде Ала-ад-дин Тармашырын ханнан бұрынғы кезеңдерде билік еткен мұсылман шағатайлық хандардың тұсына да назар аударады. Ол Ала-ад-дин Тармашырын ханның мұсылмандықты қабылдауы ұлыстың ислам мемлекеттерімен саяси, экономикалық, сауда т.б. қарым-қатынастарын жақсартуға мүмкіндік ашқанын айтады. Соған орай ханның қайтыс болуы оның діни бағытта жүргізген саясатының салдары емес деген тоқтамға келеді.

Зерттеуші О.Чынардың еңбегінде Шағатай ұлысында бұрыннан бері ислам діні мен түркілік маңызды орын алатыны баяндалады. Халықтың басым бөлігі түркі ислами ұстанымда болғандықтан, мұнда осы шарттарды қажетсінді. Шағатай ханның өзі яса заңдар жинағының «сақшысы» болғандықтан, оның көзі тірісінде мұндағы мұсылман халық қиын шарттарда өмір сүрді. Ал Ала-ад-дин Тармашырын ханның тұсында ислам дінінен бөлек көшпелі тайпалардың отырықшы өмір салтына көшуі, егін шаруашылығы және саудамен айналысуы көзделді. Ал көшпелі өмірге үйренген және Шыңғыстың ясауына тәуелді топ бұл саясатқа қарсылық білдірді. Осылайша исламдану процесі Шағатай ұлысында Іле бассейні мен Алмалыққа, яғни екіге бөлінуіне себеп болды [5; 97].

Монғол ғалымы Энхчимэг Цэндмаа да өз зерттеуінде ұлыстар арасындағы діни фактордың рөліне назар аудартады. Алайда, мұнда діннің Шағатай ұлысы мен Алтын Ордасын байланыстырушы қызметі бағаланады. Оған Жошы ұлысының ханы Берке 1251 жылы Қарақорымнан оралған соң Кубравийа шайхы Сайф-аддин Бахарзи арқылы ислам дінін қабылдағаны, шайхпен Шағатай ұлысының территориясында, яғни Бұхарада кездескенін негіз ретінде көрсетеді [13; 153].

Түрік ғалымы Мұстафа Кафалы Ала-ад-дин Тармашырын хан туралы былай жазады: «ол хандығының соңғы төрт жылында Алмалыққа еш бармағаны үшін Шыңғыстың ясауын мойындамады деп айыпталды. Себебі Шағатай ұлысының істері жылына бір рет жаз айының басында Алмалық маңында Құрылтайда қарастырылып, қаулы қабылданатын. Тармашырын ханның ислам дінін қабылдауы Шағатай ұлысы мен ислам мемлекеттерінің арасындағы қарым-қатынастардың құрылуын қамтамасыз етті. Соған байланысты сауда жанданды. Алайда, жоғарыда атап өткен ахуалға байланысты хандықтың орталығы болып табылатын Мауераннахр мен Іле бассейні және Алмалық аймағы арасында екі-жақтылық пайда болды. Ясаның жақтастарын басу үшін ұлы Джалаладдин Санжарды Самарқанд аумағына тағайындады. Осылайша, Іле аумағын жақын бақылауға алатын еді. Алайда, бұл алдын-алу шарасы да жеткілікті болмаған еді. Ибн Батутаның жазбаларына қарағанда 1335 жылы жазда Алмалық маңында шақырылған құрылтайда Дженкши (Дженкиш) және (Бозан) Бузан қарсы топтың қолдауына сүйеніп тақтан түсірді, кейіннен хан өлтірілді. Муиниддин Натанзиде оны ясаға қарсы шыққаны үшін осы жағдайға душар болғаны айтылады [4; 137].

Бұл мәселе зерттеуші Дж.Давлатовтың да еңбегінде талданады. Ғалымның пікірінше «көшпелі дәстүрлермен тым күрт үзіліс себеп болды. Ұлыстың шығыс бөлігіндегі көшпелі монғолдардың наразылығы көтеріліске әкелді. 1334 жылы Бұхара мен Балхадағы Тармашырын ханның наместниктері оған опасыздық жасады, Кузи Мундак жеріндегі шайқаста жеңіліп қалады, өлім жазасына кесіліп, Самарқандта жерленеді. Ол қайтыс болғаннан кейін бірден ұлыста қақтығыстар мен тәртіпсіздіктер басталды, бірақ Мауераннахр көшпелі бөліктен бөлінген болатын... Қорыта айтқанда, Шағатай хандарынан алғаш исламды қабылдаған Мубаракшах болды, бірақ ол мұндай жаппай сипатқа ие болған

жок. Барақ хан кезеңінде қозғалыс байқалады, бірақ сонымен бірге салыстырмалы түрде Кебек ханның дінге қамқорлығы мен ұлыстың экономикалық және мәдени-әлеуметтік өмірінің жақсарғанын, ауыл шаруашылығының қалпына келтірілгенін көруге болады. Оның Мауераннахрға астананы көшіруін есептегенде ол көшпенділермен байланысты толығымен үзді деп айтуға болмайды. Ал Тармашырын өзінен алдыңғылардың жетістіктерін негіз ретінде қолданды, алайда ол Шағатай ұлысындағы монғолдардың көшпелі мәдениетінің бұзылуын, исламның көшпелі ақсүйектердің ортасына кірігуін жеделдетті. Оның кезінде исламды қабылдағандар бұдан кейін одан еш бас тартпады. Басқарушы билік оның өлімінен кейін отырықшыланды» [8; 936-937].

Сонымен қатар Ала-ад-дин Тармашырын ханға монғол ақсүйектерінің арасындағы қарсылықтардың тағы бір қыры оның тақтың тікелей мұрагері болмағаны ретінде айтылады.

Біздіңше, бұл жерде Ала-ад-дин Тармашырынға қарсылық ханның дінін өзгертуі, ясадан бас тартуы атын жамылып тұрғаны болмаса, монғол ақсүйектерінің негізгі мақсаты «билік» болғанын аңғару қиын емес. Өйткені көп өтпей-ақ тақ үшін күрес басталады.

Ала-ад-дин Тармашырын ханнан соң билік ұлыстағы қолбасшылардың, жергілікті тайпа көсемдерінің қолына көше бастайды. Жалпы бұл жағдай Ала-ад-дин Тармашырынға дейін-ақ басталған еді, тек Тармашырыннан соң шегіне жетті. Осылайша Шағатай ұлысындағы саяси қайшылықтардың шектен шыққаны соншалықты арты-артынан хандар өлтіріледі. 1346 жылы Шағатай әулетінен қалған ең соңғы хан Қазан ханның өлтірілуімен іс жүзінде Шағатай ұлысының тарихы жабылды деуге болады.

Сонымен, Шағатай ұлысының екіге бөлінуіне әсер еткен факторларды бірнеше аспектілерде ұсынуға болады:

Біріншісі, Шағатай ұлысының екіге бөлінуі саяси шиеленістердің салдарынан туындауы. Яғни, Шыңғыс хан ұрпақтарының өзара үздіксіз бақталастығы мен тақ үшін күрестері негізге алынады.

Екіншісі, біртұтас мемлекеттің екіге бөлінуінің негізінде діни фактордың жатуы. Яғни хандардың ислам дінін қабылдауы монғол ақсүйектерін рухани күйзеліске ұшыратуы мүмкін, яса заңдар жинағының орнына шариғаттың қолданылуы. Сондай-ақ мұнда сол кездегі діни ағымдардың өзара бәсекелестігі өз ықпалындағы билеушілерді де бір-біріне қарсы қоя білуі мүмкіндігі назарға алынады.

Үшіншісі, Шыңғыс ұрпақтарының иеліктерінде экономикалық-әлеуметтік мәселелердің ушығуы. Мұнда басты негіз ретінде көшпелі жүрген монғолдарды дәстүрлі шаруашылықтан бас тартып, отырықшы шаруашылыққа көшірудің салдары.

Қорытынды

Қорыта айтқанда Шағатай ұлысының екіге бөлінуі саяси, әлеуметтік, экономикалық реформалардың салдарынан туындады. Өйткені Шыңғыс хан ұрпақтарының өзара үздіксіз бақталастығы мен тақ үшін күрестері мен Ұлы Қағандықтың жойылуынан кейінгі кезеңде ұлыстарға бөлінген Шыңғыс ұрпақтарының билеуші ретінде жеке дара саяси күшке ие болуға ұмтылысы саяси тұрақсыздықтың белең алуына, соның салдарында жергілікті экономиканың, әлеуметтік жағдайдың құлдырауына әкелді. Әскери көшпелі ақсүйектердің орталық билікке қарсылығын үдете түсті, жергілікті тайпа көсемдерінің ролін барған сайын күшейтті. Осындай жағдайда мемлекеттің әлеуметтік экономикалық жағдайын нығайту шаралары үшін астананы және кейбір тайпаларды Мауераннахр жеріне көшіру, аграрлық саясат белсендіру дәстүрлі көшпелі өмір салтын ұстанатын топтың наразылығын тудырды.

Ал ислами фактор Шағатай ұлысының бөлінуінде басты рөл атқармады. Ол мемлекеттің нығаюына үлес қосты. Мұнда ханның ясадан бас тартуын көшпелі шаруашылықтан отырықшылыққа көшірудің құралы ретінде қарастыруға болады. Бұдан кейінгі кезеңдерде бұл территорияда көшпелі және отырықшы өркениеттердің мәдени симбиозын көруге болады.

Алғыс айту

Ұсынылған зерттеу жұмысы ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі тарапынан гранттық қаржыландырылатын жоба аясында жүзеге асырылды (ИРН № BR18574101).

Әдебиеттер тізімі

- 1 Караев О.К. Чагатайский улус. Государство Хайду. Могулистан. Образование кыргызского народа / О.К. Караев. — Бишкек: Кыргызстан, 1995. — 160 с.
- 2 Энхчимэг Цэндмаа Цагаангууд. Чагатайский улус (1221–1346): автореф. дис. ... канд. ист. наук. Спец. 07.00.03 — «Всеобщая история». — Улан-Удэ, 2004. — 23 с.

- 3 Biran M. The Chaghadaids and Islam: The Conversion of Tarmashirin Khan (1331–34) [Electronic resource] / M. Biran // Journal of the American Oriental Society. — 2002. — Vol. 122. — No. 4. — P. 742–752. — Retrieved from https://www.academia.edu/3708463/The_Chaghadaids_and_Islam_The_Conversion_of_Tarmashirin_Khan_1331_34
- 4 Kafalı M. Çağatay Hanlığı (1227–1345) / M. Kafalı. — Ankara: Berikan Electronic Basım Yayım, 2005. — 159 s.
- 5 Çınar O. Çağatay Devleti Zamanında Türkistan'ın Siyasî, Askerî ve Sosyal Durumu: ... Doktora Tezi. Ortaçağ Tarihi Programı / Orhan Çınar. — İstanbul, 2019. — 188 s.
- 6 Orta F. Çağatay Hanlığı'nda Gelenek Ve Değişim: Tarmaşirin Han Dönemi. ... Yüksek Lisans Tezi. Tarih Anabilim Dalı / Fatih Orta. — Aydın, 2019. — III+94 s.
- 7 Kula E. Büyük hanlar döneminde moğollar arasında islâmîyet. ... Yüksek Lisans Tezi. Ortaçağ Tarihi / Ebru Kula. — Konya, 2021. — 196 s.
- 8 Давлатов Дж. Исламизация Чагатайского улуса как важный фактор укрепления государственности в кочевой степи [Электронный ресурс] / Дж. Давлатов // Oriental Renaissance: Innovative, educational, natural and social sciences. — Т. 1. — Вып. 9. — С. 935, 936. — Режим доступа: <https://cyberleninka.ru/article/n/islamizatsiya-chagatayskogo-ulusa-kak-vazhnyy-faktor-ukrepleniya-gosudarstvennosti-v-kochevoy-stepi>
- 9 Көшенова Ф.И. Ахмед Хазини және Қожа Ахмед Яссауи жолы: моногр. / Ф.И. Көшенова. — Алматы: Эверо, 2021. — 180 б.
- 10 Kushenova G. Ögedey Kaan Devrinde Türkistan ve Maverâünnehir (1229–1241) / G. Kushenova. — IQ Kültür Sanat Yayıncılık, 2013. — 126 s.
- 11 Eryılmaz İ. Çağatay Hanlığı Döneminde Moğollar Arasında İslamiyet / İsa Eryılmaz // Uluslararası Tarih Araştırmaları Dergisi (UTAD). The Journal of International History Researches. — 2021. — 5(1). — S. 71-84. — <https://dergipark.org.tr/en/download/article-file/1817419>
- 12 Gök Ö. Çağatay Hanlığı'nın Dağılması Sonrası Tuğluk Timur Han'ın Merkezileşme Politikası Ve Emir Kamerüddin İsyanı / Ömer Gök, Özgür Türker // Türk Tarihi Araştırmaları Dergisi. — 2022. — 7(1). — S. 112–128. — <https://dergipark.org.tr/tr/download/article-file/2285845>.
- 13 Энхчимэг Цэндмаа. Взаимоотношения Чагатайского улуса и Золотой Орды [Электронный ресурс] / Цэндмаа Энхчимэг // Золотоордынская цивилизация. — 2017. — № 10. — С. 152–155. — Режим доступа: <https://www.elibrary.ru/item.asp?id=30612257>

Г.И. Кушенова

Разделение Чагатайского улуса в зарубежной историографии: религиозный фактор

В отечественной историографии мало специально подготовленных трудов, касающихся истории Чагатайского улуса. А в зарубежной историографии можно встретить ряд фундаментальных работ. С этой точки зрения автор стремится показать актуальность и новизну темы исследования. В представленной публикации рассмотрены факторы, способствующие расколу Чагатайского улуса, возникшего после монгольского нашествия, исходя из зарубежной историографии. Так как в исследовании основное внимание уделено изучению влияния религиозного фактора в разделении Чагатайского улуса, в его содержании затрагиваются позиции Чагатая по отношению к другим религиям как приверженца тенгрианства, принятие чагатайскими ханами ислама, а также знаменательные события в истории Улуса. После Чагатай хана будет проведен обзор деятельности нескольких ханов, которые провели важные реформы в истории Улуса, — Алгуй хана, Дува хана, Мубарак хана, Кебек хана, и рассмотрены причины убийства Тармашырын хана. Автор обращает внимание на важные события в истории Чагатайского улуса, а именно на Таласский Курултай, объединивший потомков Чингиса, призванных по инициативе Хайду из трех улусов, и переселение монгольской знати, некоторых племен на земли Мауэраннахра. Вместе с тем, несмотря на то, что проблема религии была одной из актуальных тем, религиозный фактор не играл ведущей роли в расколе Чагатайского улуса. В этом политическом кризисе преобладало влияние политических, социальных и экономических факторов.

Ключевые слова: Чагатайский улус, Чагатай, борьба за власть, Таласский Курултай, Хайду, ислам, Ала-ад-дин Тармашырын хан.

G.I. Kushenova

The Division of the Chagatai Ulus in Foreign Historiography: Religious Factor

There are few specially prepared works in our historiography concerning the history of the Chagatai ulus. And a number of fundamental works can be found in foreign historiography. From this point of view, the author tries to show the relevance and novelty of the research topic. The presented publication examines the factors contributing to the split of the Chagatai ulus, which arose after the Mongol invasion, based on foreign historiography. Since the study focuses on studying the influence of the religious factor in the division of the Chagatai ulus, its content touches on the positions of Chagatai in the Tengrian faith, his view of the others

and Islamic religion, the adoption of Islam by the Chagatai khans, as well as significant events in the history of the ulus. After Chagatai Khan, a review will be conducted of several khans who carried out important reforms in the history of the ulus – Algui Khan, Duva Khan, Mubarak Khan, Kebek Khan, and the reasons for the murder of Tarmashyryn Khan are considered. The author draws attention to some important events in the history of the Chagatai ulus – the Talas Kurultai, which united the descendants of Genghis, called on the initiative of Haidu from three ulus, and the resettlement of the Mongol nobility, some tribes to the lands of Mauerannah. At the same time, despite the fact that the problem of religion was one of the topical issues, the religious factor did not play a leading role in the split of the Chagatai ulus. This political crisis was dominated by the influence of political, social and economic factors.

Keywords: Chagatai ulus, Chagatai, struggle for power, Talas Kurultai, Kaidu, Islam, Ala-ad-din Tarmashirin Khan.

References

- 1 Karayev, O.K. (1995). Chagataiskii ulus. Gosudarstvo Khaidu. Mogulistan. Obrazovanie kyrgyzskogo naroda [Chagatai ulus. The state of Haidu. Moghulistan. Formation of the Kyrgyz people]. Bishkek: Kyrgyzstan [in Russian].
- 2 Enkhchimeg, Tsendmaa Tsagaanguud (2004). Chagataiskii ulus (1221–1346) [Chagatai ulus (1221–1346)]. *Extended abstract of candidate's thesis*. Ulan-Ude [in Russian].
- 3 Biran, M. (2002). The Chaghadaids and Islam: The Conversion of Tarmashirin Khan (1331–34). *Journal of the American Oriental Society*, 122 (4), 742–752. Retrieved from https://www.academia.edu/3708463/The_Chaghadaids_and_Islam_The_Conversion_of_Tarmashirin_Khan_1331_34.
- 4 Kafalı, M. (2019). Çağatay Hanlığı (1227-1345) [Khanate of Chaghadaid (1227–1345)]. Ankara: Berikan Electronic Basım Yayım [in Turkish].
- 5 Çınar, O. (1995). Çağatay Devleti Zamanında Türkistan'ın Siyasî, Askerî ve Sosyal Durumu [The Political, Military and Social Situation of Turkestan during the Chagatai State]. *Extended abstract of Doctor's thesis*. İstanbul [in Turkish].
- 6 Orta, F. (2019). Çağatay Hanlığı'nda Gelenek Ve Değişim: Tarmaşirin Han Dönemi [Tradition and Change in the Chagatai Khanate: The Period of Tarmashirin Khan]. *Extended abstract of Master's thesis*. Aydın [in Turkish].
- 7 Kula, E. (2021). Büyük Hanlar Döneminde Moğollar Arasında İslâmiyet [Islam among the Mongols during the Period of the Great Khans]. *Extended abstract of Master's thesis*. Konya [in Turkish].
- 8 Davlatov, Dzh. (2021). İslamizatsiia Chagataiskogo ulusa kak vazhnyi faktor ukrepleniia gosudarstvennosti v kochevoi stepi [Islamization of the Chagatai Ulus as an important factor in strengthening Statehood in the Nomadic steppe]. *Oriental Renaissance: Innovative, educational, natural and social sciences*. Retrieved from <https://cyberleninka.ru/article/n/islamizatsiya-chagatayskogo-ulusa-kak-vazhnyy-faktor-ukrepleniya-gosudarstvennosti-v-kochevoy-stepi>, 1, 9, 935, 936 [in Russian].
- 9 Koshenova, G.I. (2021). Akhmed Khazini zhane Hozha Akhmed Yassawi zholy. Monografiya [Ahmed Hazini and Khoja Ahmed Yassawi's Doctrine]. Almaty: Evero [in Kazakh].
- 10 Kushenova, G. (2013). Ögedey Kaan Devrinde Türkistan ve Maveraünnehir (1229–1241) [Turkestan and Maveraunnehir during the Reign of Ugedey Kaan (1229–1241)]. IQ Kültür Sanat Yayıncılık [in Turkish].
- 11 Eryilmaz, İ. (2021). Çağatay Hanlığı Döneminde Moğollar Arasında İslamiyet [Islam Among the Mongols during the Chagatai Khanate Dec.]. *Uluslararası Tarih Araştırmaları Dergisi (UTAD) The Journal of International History Researches*, 5(1), 71–84. Retrieved from <https://dergipark.org.tr/en/download/article-file/1817419> [in Turkish].
- 12 Gök, Ö., & Türker, Ö. (2022). Çağatay Hanlığı'nın Dağılması Sonrası Tuğluk Timur Han'ın Merkezileşme Politikası Ve Emir Kamerüddin İsyanı [After the Dissolution of the Chagatai Khanate, the Centralization Policy of Tughluq Timur Khan And the Emir Kameruddin Rebellion]. *Türk Tarihi Araştırmaları Dergisi*, 7(1), 112–128. Retrieved from <https://dergipark.org.tr/tr/download/article-file/2285845> [in Turkish].
- 13 Enkhchimeg, Tsendmaa. (2017). Vzaimootnosheniia Chagataiskogo ulusa i Zolotoi ordy [The relationship between the Chagatai Ulus and the Golden Horde]. *Zolotoordynskaia tsivilizatsiia — Golden Horde civilization*, 10, 152–155. Retrieved from <https://www.elibrary.ru/item.asp?id=30612257> [in Russian].

Information about authors

Kushenova, G.I. — Candidate of historical sciences, associate professor, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

В.Г. Ломан^{1*}, П.А. Косинцев², Д.О. Гимранов², О.С. Шохатаев¹

¹Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан;

²Ресей ғылым академиясы Орал филиалының Өсімдіктер және жануарлар экологиясы институты, Екатеринбург, Ресей
(E-mail: lvg7@yandex.ru; kpa@ipae.uran.ru; djulfa250@rambler.ru; olghas-85@mail.ru)

Доңғал қонысының остеологиялық коллекциясының құрамы туралы

Доңғал қонысы Қарағанды қ. 208 км оңтүстік-шығысқа қарай орналасқан. Қоныстың материалдары бойынша қыштың ерекше доңғалдық деп аталатын түрі айқындалды. Аталған түрдегі қыш белгілі бір ерекшеліктермен қамтылған, ол ерекшеліктерді алдында болған қола дәуірінің соңы Сарғары-алексеев мәдениетімен, сонымен бірге ерте темір ғасырының ескерткіштерімен де байланыстырады. Осы екі тарихи дәуір мәдениеттері арасында генетикалық байланыс анықталған. Осылайша, доңғалдық түрдегі ескерткіштердің қола дәуірінен ерте темір ғасырына өтпелі кезеңде болған мәдени-тарихи үрдістердің түсінігін қалыптастыру үшін ерекше маңызы бар. Доңғалдық түрді айқындау заңдылығы осыған ұқсас қыштардың тек Қазақстанда емес, ресейлік Алтай өңірінде табылғандығы дәлелденген болатын. Мақалада Доңғал қонысының остеологиялық топтамасының сараптамаларының нәтижелері қарастырылған, табын жануарларының құрамы айқындалды. Ұсақ-қара малдар табын жануарлары ішінде бірінші орынға ие екені белгілі болды (42,1%). Екінші орынға табылған сүйектер саны жағынан жылқы (28,3%), ал үшінші орынға ірі-қара мал — 26,0% көрсеткішпен тұрақтады. Сонымен бірге арқар, бұлан, марал, құлан, акбөкен және қасқыр сияқты жабайы аңдар анықталды. Жабайы тұяқты жануарларға жасалған аңшылық Доңғал тұрғындарының ет үлесінің қомақты бөлігін қамтамасыз етіп отырды. Құланның — 33, акбөкеннің — 16, арқардың — 10 сүйектері анықталды. Ұсақ-қара мал жүн алу, ірі-қара мал сүт өнімдерін алу мақсатында, ал жылқы көлік ретінде және жүк тасымалдаушы жануар ретінде қолданылған.

Кілт сөздер: Қазақстан, Доңғал қонысы, қыштың доңғалдық түрі, қола дәуірі, ерте темір ғасыры, өтпелі кезең, археозоология, табын құрамы, мал шаруашылығы, аңшылық.

Kipicne

Доңғал қонысы Қарағанды қ. (Қазақстан) 208 км оңтүстік-шығысқа қарай, Кент тауларында орналасқан. Ескерткіш академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің экспедициясымен 1982 ж. ашылды, осы уақытта үш тұрғынжайдың алғашқы қазба жұмыстары жүргізілді. Қазба жұмыстарының авторы ескерткішті қола дәуірінен ерте темір ғасырының өтпелі кезеңіне жатқызды [1; 57-58]. 1987 жылы В.Г. Ломан ескерткіш материалдары бойынша қыштың ерекше доңғалдық түрін айқындады, онда соңғы қола мен ерте темір ғасыры мәдениеттерінің арасында анық генетикалық байланыс та бақыланды [2]. Өз кезегінде В.В. Евдокимов айқындалған доңғал мәдениетін негіздеді [3], онымен А.А. Ткачев те келісті [4; 208, 216-217].

Доңғал ескерткіштерінің қалыптасуы бәлкім, б.д.д. II-I мыңжылдықтың тоғысындағы Қазақстан далалық өңірінің табиғи-климаттық жағдайларының өзгеруімен, шаруашылық қызметтерінің жаңа бағыттарын іздеуі және дамытуымен, шаруашылықты қайта құруымен және темірді балқытуды алғашқы меңгеруімен байланысты болуы керек. Қыштың доңғалдық түрі бар ескерткіштері В.Г. Ломанның айтуынша, далалық мәдениеттер тұтастығына кірді, соның негізінде ақырында скиф-сармат әлемінің тұтастығы қалыптасты [5]. Кезектегі жылдар ағымында мұндай түрдегі қыш тек Қазақстанда ғана емес, Ресейдегі Алтай өңірлерінен табылды [6, 123; 7, 71], ол бізге мәдениетті бөліп қарастыру заңдылығы туралы айтады.

Қонысты зерттеу жұмыстары академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің экспедициясымен 1982, 1983, 1998 және 2012-2014 жылдары жүргізілді. Осы жылдары қазбадан табылған жануарлардың сүйек қалдықтары ертерек суреттелген болатын [8].

Материалдар және әдістер

Аталмыш мақалада 1240 сүтқоректі сүйектері қосымша зерттелген кейінгі археозоологиялық зерттеулердің нәтижелері келтірілген, оның ішінде 864 (70%) сүйектер түрге дейін анықталған (1-

* Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: lvg7@yandex.ru

кесте). Сүйектердің бастапқы саны мен тафономиялық жағдайы (табиғи сақталуы), олардың жасанды бұзылуының деңгейі, жасанды қатынас іздері зерттелді. Топтаманың негізгі параметрлерінің мәліметтері алғашқы археозоологиялық ақпаратты береді, ол ақпарат барлық кезекті сандық сараптама-лардың әдістерін алдын ала анықтайды [9; 12].

Қоныстың зерттелген аумағындағы басым көп сүйектер үй жануарларына тиесілі екені анықталған болатын. Арқар, бұлан, марал, құлан, ақбөкен және қасқыр тәрізді жабайы жануарлар бірлі-жарым немесе бірнеше сүйектермен көрсетілген. Сонымен қатар түйе сүйегі де бір жерден табылды, бірақ түйенің үй жануары немесе жабайы жануар ретіндегі суреттелуі қиынға соқтырады. Зерттелген материалдар ішінде құс және балық сүйектері табылған жоқ.

Нәтижелері

Ірі-қара мал — *Bos taurus*

Бұл түрге 344 сүйектер жатады, ол 6 түрден болуы ықтимал (1-кесте).

Анықталған сүйектердің жалпы санынан сұрыпталған ІҚМ (ірі-қара малдың) сүйектері 40% құрайды. ІҚМ сүйектерінің басым көпшілігі фрагменттелген (82%) түрінде сақталған (2-кесте). Қаңқаның әртүрлі бөліктеріндегі сүйектер санының арақатынасы біркелкі көрінеді (3-кесте), сүйек қалдықтарының аз саны жануардың бас сүйектерінен келеді. Сойылған жануарлардың жас құрамы тіс жүйесінің жағдайына байланысты анықталды. 4-кестеде көрсетілгендей, негізінен ересек жануарларды сою немесе құрбандыққа шалу жиі жүргізілген (83%). Бұл жағдай ірі қара малдың сүт шикізатын алу үшін қолда ұсталғанын көрсетеді.

1 - кесте

Доңғал қонысының мәдени қабатындағы сүйек қалдықтарының түрлік құрамы

Түрлері	Сүйек саны/жануар	Сүйектердің % саны	Анықталмайтын сүйектердің % саны
Арқар – <i>Ovis ammon</i>	3/1	0,2	0,3
Түйе – <i>Camelus</i>	1/1	0,1	0,1
Бұлан – <i>Alces alces</i>	1/1	0,1	0,1
Асыл бұғы – <i>Cervus elaphus</i>	2/1	0,2	0,2
Ірі-қара мал – <i>Bos taurus</i>	344/6	27,7	39,8
Кой – <i>Ovis aries</i>	101/8	8,1	11,7
Ешкі – <i>Capra hircus</i>	6/1	0,5	0,7
Ұсақ-қара мал – <i>Capra et Ovis</i>	128/2	10,3	14,8
Жылқы – <i>Equus caballus</i>	274/5	22,1	31,7
Құлан – <i>Equus hemionus</i>	1/1	0,1	0,1
Ақбөкен – <i>Saiga tatarica</i>	1/1	0,1	0,1
Ит – <i>Canis familiaris</i>	1/1	0,1	0,1
Қасқыр – <i>Canis lupus</i>	1/1	0,1	0,1
Анықталмаған сүтқоректілер	376	30,3	-
Барлығы:	1240	100	100

Ұсақ-қара мал — *Ovis aries et Capra hircus*

Койға 101 сүйек, ешкіге 6 сүйек және анықталған 128 сүйек ұсақ-қара мал сүйегіне жатады. Әрі қарай басқа барлық сүйектер (235 дана) түрлерге жіктелмей бірге сарапталады. Бәлкім тек 6% ҰҚМ тобының сүйектері ешкіге тиесілі, қалған 94% койға жатады. Ұсақ-қара малдың 235 сүйектері кем дегенде 11 жануар санынан жинақталған (1-кесте). ҰҚМ сүйектері анықталған сүйектердің жалпы көлемінің 27% алып жатыр. 2-кесте мәліметтеріне негізделсе, сүйектердің бұзылуы жоғары деңгейде екені туралы қорытындылауға болады (шамамен 93%). Сүйек бөліктерінің ішінен жоғары бөліктің аяқ ұштары басымдық (3-кесте). Төменгі бөліктің аяқ ұштарының көптеген сүйектері жетерліктей ұсақ және қазба жұмыстары барысында жиі жоғалады. Жоғары бөліктің аяқ ұштарының басымдығы ұсақ-қара мал сүйектерінің әдеттегі тамақ қалдықтары болғандығын дәлелдейді. Сойылатын жануарлардың жастық құрамы ауыз-тіс жүйесінің жағдайымен анықталады. 4-кестеде көрсетілгендей негізінен кәрі жануарларды союға жіберіп отырған іспеттес (69%). Бірақ жартылай жастағы және жас жануардың пайыздық көрсеткіші жетерліктей жоғары болуын атап өту қажет (23%). Кәрі жануарлардың жоғары пайыздық көрсеткіші ұсақ-қара малдың жүн алу мақсатында бағылғаны туралы дәлелдейді. Сонымен бірге жергілікті тұрғын ет өнімдерін қажет қылды, ол туралы табындағы жартылай жастағы

жануарлар көлемінің мәліметтері жоққа шығармайды. 11 сүйекте итпен таланған іздер, сонымен қатар бір жанған сүйек (кальцийленген) бар.

2 - кесте

Қоныстың мәдениет қабатынан табылған жылқы, ірі және ұсақ-қара мал қаңқасының элементтерінің құрамы

Қаңқа бөліктерінің (сүйек) атауы	Жылқы		Ірі-қара мал		Ұсақ-қара мал	
	Б*	Ф*	Б	Ф	Б	Ф
Бас сүйек		8		14		10
Астыңғы жақ сүйек		19		23		20
Тіс	10	15	15		5	
Тіл асты		3				
Атлант	1	1	1		1	1
Эпистрофей		5		3		3
Омыртқа		14		35		22
Құйымшақ		1		2	1	1
Қабырға		26		56		19
Жауырын	1	17		11		23
Иық		6		10		18
Бұғана		13		19		14
Шынтақ		3		6		3
Метаподия		1		5		
Жамбас		17		14		9
Орган жілік		10	1	13		7
Жіліншік		14		19		27
Ұршық сүйек	2		4			
Табан сүйегі		20		15		16
Алақан сүйек		9		12		13
Грифельдік	3					
Асық	5	2	13		7	1
Өкше	3	2	3	4	1	2
Білек және тілерсек ұсақ сүйектері	7	1	18		2	
1 Саусақ бөлігі	7	5	10	3	2	
2 Саусақ бөлігі	12	1	7	1	1	
3 Саусақ бөлігі	8		5	1		
Барлығы (дана):	49	223	62	281	15	214
Барлығы (%)**:	18,0	82,0	18,1	81,9	6,6	93,4

*Б – бүтін және шартты бүтін сүйектер; Ф – фрагменттер.

** тұтас сүйектерді қорытынды есептеу кезінде тістер фрагменттер ретінде ескеріледі.

3 - кесте

Жылқы, ірі және ұсақ-қара мал қаңқа бөліктерінің ара салмағы

Қаңқа бөлігі	Ірі-қара мал		Жылқы		Ұсақ-қара мал	
	Саны	%	Саны	%	Саны	%
Басы	52	15,2	55	20,2	35	15,3
Дене бөлігі	97	28,3	48	17,6	48	21,0
Аяқтарының жоғарғы бөліктері	97	28,3	83	30,5	101	44,1
Аяқтарының төменгі бөліктері	97	28,3	86	31,6	45	19,7

Жылқы — *Equus caballus*

Тұяқты үй жануарларының ішінде бұл түрге 5 жылқының ішінде 274 дана маңызды сүйектер саны жатады (1-кесте). Жылқы сүйектері сұрыптауда анықталатын сүйектердің жалпы санының 32%-ын алады. Жылқының сүйектері, басқа тұяқтылар сияқты, қатты бөлшектелген (82%) (2-кесте). Қаңқаның әртүрлі бөліктеріндегі сүйектердің арақатынасы шамамен бірдей, дегенмен аяқ-қол сүйектерінің басым болуы байқалады (3-кесте). Мұндай теңсіздік омыртқалар мен қабырғалардың құбырлы сүйектерінің тығыз бөліктеріне қарағанда айтарлықтай нашар сақталуына байланысты. Бұл елдіме-

кендердің мәдени қабаттарынан алынған сүйек материалына тән. 4-кестеден негізінен ересек жануарларды сою болғанын көруге болады (64%). Айта кету керек, жартылай ересек және жас жануарлардың жеткілікті жоғары пайызы бар (18%). Ересектер мен кәрі жануарлардың жоғары пайызы жылқының жегілетін жануар немесе ерттеп мінетін жануар ретінде пайдаланылғанын көрсетеді. Жылқының 25 сүйегінде жыртқыштардың іздері бар, шамасы, ит жануары болуы мүмкін. Ірі тұяқты жануарларға тән тістеу белгілері бар 1 сүйек табылды.

4 - кесте

Ірі-қара малдың, ұсақ-қара малдың және жылқының жасының құрамы (дана/%)

Жасы	Түрлері
	Ірі-қара мал
Жоғары жастағы түрлері	10/83,3
Ересек және жас түрлері	1/8,3
Жаңа бой көтергендері	1/8,3
	Ұсақ-қара мал
Жоғары жастағы түрлері	9/69,2
Ересек және жас түрлері	3/23,1
Жаңа бой көтергендері	1/7,7
	Жылқы
Кәрі түрлері	2/18,2
Жоғары жастағы түрлері	7/63,6
Ересек және жас түрлері	2/18,2

Арқар — *Ovis ammon*

Біз ҰҚМ үш өте ірілі-ұсақ сүйектерін арқарға жатқыздық (1-кесте). Олардың ішінде бір дерлік иық жауырыны, буын бөлігі бар бір иық жауырыны сақталған, жауырын еті сақталмаған. Сондай-ақ бір бүтін қой үшін ерекше үлкен болатын асық сүйегі сақталды. Қазіргі уақытта арқарлар Қазақстанның таулы және тау бөктеріндегі ландшафттарын мекендейді. Қола дәуіріндегі бұл жануар түрлерінің мекендеген аумағы қазіргі заманға қарағанда әлдеқайда үлкен болды.

Түйе — *Camelus*

Бұл ересек жануарға жататын жамбас сүйегінің төменгі ұшының фрагменті табылды (1-кесте). Қолда бар материалдардан, сүйек қалдықтарынан түйенің үй немесе жабайы түріне жататындығын анықтау мүмкін болмады.

Бұлан — *Alces alces*

Бұл жануарға табылған мүйіз фрагменті жатады (1-кесте). Аталмыш жануар қазіргі уақытта Қазақстан аумағында дерлік өмір сүрмейді. Орта голоцен кезеңінде бұл жануар түрі әлдеқайда кең таралған.

Ақ марал (бұғы) — *Cervus elaphus*

Бұл түрге ересек жануардан сақталған бірнеше сүйек қалдықтары (бірінші омыртқа) жатады (1-кесте). Сондай-ақ, бұғыға тиесілі 3 мүйіз фрагменттері табылды. Бір мүйізден фрагменттер немесе әртүрлі мүйіздер табылғандықтан түрін анықтау мүмкін болмады. Қазіргі уақытта Қазақстан аумағында дерлік өмір сүрмейді. Орта голоцен кезеңінде бұл жануар түрі әлдеқайда кең таралған.

Құлан — *Equus hemionus*

Құланның табан сүйегінің фрагменті табылды (1-кесте). Сүйек ересек жануарға жатады. Қазіргі уақытта Қазақстан аумағында дерлік өмір сүрмейді. Орта голоцен кезеңінде бұл жануар түрі әлдеқайда кең таралған.

Ақбөкен — *Saiga tatarica*

Мүйізі бар бас сүйегінің бір бөлігі осы ақбөкенге тиесілі (1-кесте). Мүйіздің ірі болуына қарағанда, бас сүйек ересек жануарға тиесілі болды. Қазіргі уақытта ақбөкен Қазақстан аумағында кең таралған. Ежелгі уақытта бұл жануар осы аумақта көп болғаны туралы жазылады.

Қасқыр — *Canis lupus*

Қасқырдан толық тіс қатары бар төменгі жақ сүйегі табылды (1-кесте). Тістердің тозу дәрежесіне сүйене отырып, жақ ересек жануарға тиесілі болды, бірақ кәрі жануарға емес. Ежелгі уақытта да, қазіргі уақытта да қасқырлар кең таралған жануарлар болып саналады.

Ит жануары — *Canis familiaris*

Бұл жануар түріне иығы табылған иық сүйегінің фрагменті жатады (1-кесте). Ересек жануардан шыққан кішігірім сүйек. Сүйек қатты ыстықта күйдірілген (кальцийленген). Сүйекте орташа жыр-тқыштың, мүмкін иттің тістерінің іздері бар.

Талқылау

Біз Доңғал қонысының остеологиялық қалдықтарының түрлік құрамының толық бейнесін басқа қазбалардан алынған Доңғал қонысының материалдарын бұрын жүргізілген археозологиялық зерттеулердің нәтижелерімен толықтыра отырып аламыз (Гайдученко Л.Л., Ломан В.Г., 2015). Барлық деректер 5-кестеде келтірілген.

5 - кесте

Жануарлардың түрлерінің саны (%)

Жүйелі қатыстылығы	Түрлерінің саны	
	Абсолюттік	%
<i>Үй жануарлары</i>		
Жылқы	168	28,3
ІҚМ	154	26
Түйе	7	1,2
Қой	210	35,5
Ешкі	37	6,3
ҰҚМ (қой немесе ешкі)	2	0,3
Ит	14	2,4
Барлығы:	592	100
<i>Жабайы жануарлар</i>		
Құлан	33	42,3
Марал	5	6,4
Бұлан	3	3,8
Қабан	4	5,2
Арқар	10	12,8
Ақбөкен	16	20,5
Қасқыр	5	6,4
Түлкі	2	2,6
Барлығы:	78	

Тұқым мен түрге дейін анықталған сүйек қалдықтарының барлығы дерлік үй тұяқты жануарларына жатады (82,3%). Олардың ішінде ұсақ-қара малдың сүйектері (42,1%) көп бөлігін алады. Ұсақ-қара мал арасында ешкі сүйектері аз мөлшерде, 6,3%-дан аспайды. Сүйектер саны бойынша екінші орында — жылқы (28,3%); үшінші орында — ірі-қара малдары 26,0%. Арқар, бұлан, марал, құлан, ақбөкен және қасқыр сияқты жабайы жануарлар түрлері де анықталған. Жабайы тұяқты жануарларды аулау Доңғал тұрғындарының ет үлесінің едәуір бөлігін қамтамасыз етті. Құланның — 33, ақбөкеннің — 16, арқардың — 10 сүйектері анықталды. Қоныстың мәдени қабатында кездесетін ит сүйектері және ит тістеген сүйектердің көп мөлшері (39 дана), иттердің қоныстың мекен аумағында үнемі өмір сүргенін дәлелдейді. Барлығы 14-ке жуық иттердің сүйектері табылды. Сондай-ақ 7-ге жуық түйенің сүйектері табылды.

Сүйек материалы қатты зақымдалып, бөлшектелген (85,8%). Үй тұяқты жануарлардың әртүрлі қаңқа бөліктері түрлі тәсілдермен қолданылған, бұл қаңқаның әртүрлі бөліктеріндегі сүйектер санының арақатынасынан көрінеді. Сиырдың басынан басқа денесінің барлық бөліктері шамамен бірдей мөлшерде қолданылғандығы көрінеді. Бұл бас сүйектерінің жеткілікті нәзік екендігіне және шөгінділерде нашар сақталуы мүмкін екендігіне байланысты. Сондай-ақ, жылқының аяқ-қолдарының сүйектері басым, олар ең төзімді және басқа сүйектерге қарағанда жақсы қазба күйінде сақталған. ҰҚМ аяқ-қолдың төменгі сүйектерінің жетіспеушілігі олардың кішкентай өлшемдеріне байланысты. Қазбаны аршу кезінде білек пен табанның ұсақ сүйектерінің бір бөлігі жоғалған болуы мүмкін.

Айта кететін мәселе, үй тұяқты жануарларының басым жас ерекше тобы — ересектер тобы болған. Ересек жануарлардың жоғары пайызы ұсақ-қара малдың жүн алу үшін, ірі-қара малдың сүт

өнімдерін алу үшін, ал жылқы ерттеп міну үшін және жегуге ыңғайлы жануар ретінде пайдаланылғанын көрсетеді.

Қорытынды

Бұл ескерткішті қалдырған ежелгі халықтың экономикасының негізгі бағыттарының бірі мал шаруашылығы болды деп әбден қорытынды жасауға болады. Мал шаруашылығының негізі сүтті шикізат, жүн және ет алу, сол себептен ұсақ және ірі-қара мал өсіру басым болды. Жылқылар сонымен бірге ет өнімдерінің көзі ретінде қызмет етті, сонымен бірге жұмыс күші ретінде пайдаланылды.

Аталған жұмыс Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті гранты бойынша орындалды (№ АР14869718 «Сарыарқа аумағындағы қола дәуірінен ерте темір дәуіріне өту: мәдени кешеннің ерекшелігін ашу»).

Әдебиеттер тізімі:

- 1 Ломан В.Г. Новое поселение эпохи поздней бронзы в горах Кент / В.Г. Ломан // Тез. докл. науч. конф. молод. учен. ун-та (21–22 ноября 1984 г.). — Караганда: Изд-во Караганд. гос. ун-та, 1984. — С. 56–58.
- 2 Ломан В.Г. Донгальский тип керамики / В.Г. Ломан // Вопросы периодизации археологических памятников Центрального и Северного Казахстана. — Караганда: Изд-во Караганд. гос. ун-та, 1987. — С. 115–129.
- 3 Евдокимов В.В. О выделении донгальской культуры переходного периода от эпохи бронзы к раннему железному веку в Центральном Казахстане / В.В. Евдокимов // Проблемы археологии Степной Евразии. — Кемерово: Изд-во Кемеров. ун-та, 1987. — Ч. 1. — С. 101–103.
- 4 Ткачев А.А. Центральный Казахстан в эпоху бронзы / А.А. Ткачев. — Тюмень: Изд-во ТюмГНГУ, 2002. — Ч. 2. — 243 с.
- 5 Ломан В.Г. Общность культур переходного времени от эпохи поздней бронзы к раннему железному веку / В.Г. Ломан // Международное (XVI) археологическое совещание. — Пермь: Изд-во Перм. гос. ун-та, 2003. — С. 82–84.
- 6 Кирюшин Ю.Ф. Новые материалы эпохи поздней бронзы степного Алтая / Ю.Ф. Кирюшин, Г.Е. Иванов, В.С. Удодов. — Барнаул: Изд-во Алтай. ун-та, 1990. — С. 104–128.
- 7 Ситников С.М. Культура саргаринско-алексеевского населения лесостепного и степного Алтая / С.М. Ситников. — Барнаул: Изд-во Алтай. гос. пед. ун-та, 2015. — 254 с.
- 8 Гайдученко Л.Л. Фаунистический комплекс поселения Донгал в Центральном Казахстане / Л.Л. Гайдученко, В.Г. Ломан // Археология Западной Сибири и Алтая: опыт междисциплинарных исследований. — Барнаул: Изд-во Алтай. ун-та, 2015. — С. 200–204.
- 9 Антипина Е.Е. Археозоологические исследования: задачи, потенциальные возможности и реальные результаты / Е.Е. Антипина // Новейшие археозоологические исследования в России. — М.: Языки славянской культуры, 2003. — С. 7–40.

В.Г. Ломан, П.А. Косинцев, Д.О. Гимранов, О.С. Шохатаев

О составе остеологической коллекции поселения Донгал

Поселение Донгал находится в 208 км к юго-востоку от г. Караганды. По его материалам был выделен особый тип керамики, названный донгальским. Керамика данного типа имеет особенности, которые связывают ее как с предшествующей саргаринско-алексеевской культурой финала эпохи бронзы, так и с памятниками раннего железного века. Этим устанавливается генетическая связь между культурами двух исторических эпох. Таким образом, донгальский тип памятников имеет особое значение для понимания культурно-исторических процессов, проходивших в период перехода от эпохи бронзы к эпохе раннего железа. Правомочность выделения донгальского типа была подтверждена обнаружением подобной керамики не только в Казахстане, но и на территории российского Алтая. В настоящей статье рассмотрены результаты анализа остеологической коллекции поселения Донгал, определен состав стада. Установлено, что первое место в стаде занимал мелкий рогатый скот (42,1 %). Второе место по количеству костей занимает лошадь (28,3 %), на третьем месте находится крупный рогатый скот (26,0 %). Также определены дикие виды животных, такие как архар, лось, марал, кулан, сайгак и волк. Охота на диких копытных обеспечивала значительную часть мясного рациона жителей Донгала — определены кости от 33 особей кулана, 16 — сайги, 10 — архара. Мелкий рогатый скот разводился с целью получения шерсти, крупный рогатый скот — с целью получения молочной продукции, а лошадь использовалась для верховой езды и как тягловое животное.

Ключевые слова: Казахстан, поселение Донгал, донгальский тип керамики, эпоха бронзы, ранний железный век, переходный период, археозоология, состав стада, животноводство, охота.

On the composition of the osteological collection of the Dongal settlement

The Dongal settlement is located 208 km southeast of the city of Karaganda. Based on his materials, a special type of ceramics was identified, called Dongal. Pottery of this type has features that connect it both with the previous Sargary-Alekseevsky culture of the final Bronze Age, and with the monuments of the early Iron Age. This establishes a genetic link between the cultures of the two historical eras. Thus, the Dongal type of monuments is of particular importance for understanding the cultural and historical processes that took place during the transition from the Bronze Age to the Early Iron Age. The legitimacy of the allocation of the Dongal type was confirmed by the discovery of such ceramics not only in Kazakhstan, but also on the territory of the Russian Altai. In this article, the results of the analysis of the osteological collection of the Dongal settlement are considered, the composition of the herd is determined. It was established that the first place in the herd was occupied by small cattle (42.1%). The second place in terms of the number of bones is occupied by the horse (28.3%), the third place is occupied by cattle – 26.0%. Wild animal species such as argali, elk, deer, kulan, saiga and wolf have also been identified. Hunting for wild ungulates provided a significant part of the meat diet of the inhabitants of Dongal – bones from 33 kulans, 16 saiga, 10 argali were identified. Small cattle were bred for the purpose of obtaining wool, cattle for the purpose of obtaining dairy products, and the horse was used for riding and as a draft animal.

Key words: Kazakhstan, Dongal settlement, Dongal type of pottery, Bronze Age, Early Iron Age, transitional period, archaeozoology, herd composition, animal husbandry, hunting.

References

- 1 Loman, V.G. (1984). Novoe poselenie epokhi pozdnei bronzy v gorakh Kent [New settlement of the Late Bronze Age in the mountains of Kent]. *Tezisy dokladov nauchnoi konferentsii molodykh uchenykh universiteta (21–22 noiabria 1984 g.) — Abstracts of the scientific conference of young scientists of the university (November 21–22, 1984)*. Karaganda: Izdatelstvo Karagandinskogo gosudarstvennogo universiteta, 56–58 [in Russian].
- 2 Loman, V.G. (1987). Dongalskii tip keramiki [Dongal type of ceramics]. *Voprosy periodizatsii arkhologicheskikh pamiatnikov Tsentralnogo i Severnogo Kazakhstana — Issues of periodization of archaeological monuments of Central and Northern Kazakhstan*. Karaganda: Izdatelstvo Karagandinskogo gosudarstvennogo universiteta, 115–129 [in Russian].
- 3 Evdokimov, V.V. (1987). O vydelenii dongalskoi kultury perekhodnogo perioda ot epokhi bronzy k rannemu zheleznomu veku v Tsentralnom Kazakhstane [On the allocation of the Dongal culture of the transitional period from the Bronze Age to the Early Iron Age in Central Kazakhstan]. *Problemy arkhologii Stepnoi Evrazii — Problems of Archeology of the Steppe Eurasia*. Kemerovo: Izdatelstvo Kemerovskogo universiteta, 1, 101–103 [in Russian].
- 4 Tkachev, A.A. (2002). Tsentralnyi Kazakhstan v epokhu bronzy [Central Kazakhstan in the Bronze Age]. Tiumen: Izdatelstvo TiumGNGU, 2 [in Russian].
- 5 Loman, V.G. (2003). Obshchnost kultur perekhodnogo vremeni ot epokhi pozdnei bronzy k rannemu zheleznomu veku [Commonality of Cultures of the Transitional Time from the Late Bronze Age to the Early Iron Age]. *Mezhdunarodnoe (XVI) arkhologicheskoe soveshchanie — International (XVI) Archaeological Conference*. Perm: Izdatelstvo Permskogo gosudarstvennogo universiteta, 82–84 [in Russian].
- 6 Kiriushin, Yu.F., Ivanov, G.E., & Udodov, V.S. (1990). Novye materialy epokhi pozdnei bronzy stepnogo Altaia [New materials of the Late Bronze Age of the steppe Altai]. Barnaul: Izdatelstvo Altaiskogo universiteta, 104–128 [in Russian].
- 7 Sitnikov, S.M. (2015). Kultura sargarinsko-alekseevskogo naseleniia lesostepnogo i stepnogo Altaia [Culture of the Sargary-Alekseevsky population of the forest-steppe and steppe Altai]. Barnaul: Izdatelstvo Altaiskogo gosudarstvennogo pedagogicheskogo universiteta [in Russian].
- 8 Gaiduchenko, L.L., & Loman, V.G. (2015). Faunisticheskii kompleks poseleniia Dongal v Tsentralnom Kazakhstane [Faunistic complex of the Dongal settlement in Central Kazakhstan]. *Arkheologiya Zapadnoi Sibiri i Altaia: opyt mezhdistsiplinarnykh issledovaniia — Archeology of Western Siberia and Altai: experience of interdisciplinary research*. Barnaul: Izdatelstvo Altaiskogo universiteta, 200–204 [in Russian].
- 9 Antipina, E.E. (2003). Arkheozoologicheskie issledovaniia: zadachi, potentsialnye vozmozhnosti i realnye rezul'taty [Archaeozoological research: tasks, potentialities and real results]. *Noveishie arkhozoologicheskie issledovaniia v Rossii — Newest archaeozoological research in Russia*. Moscow: Yazyki slavianskoi kultury, 7–40 [in Russian].

Information about authors

Loman, V.G. — Candidate of historical sciences, senior researcher of Saryarka Archaeological Institute, Karaganda Buketov University, Karaganda, Kazakhstan;

Kosintsev, P.A. — Candidate of biological sciences, senior researcher, Institute of Plant and Animal Ecology, Ural Branch of the Russian Academy of Sciences, Yekaterinburg, Russia;

Gimranov, D.O. — Candidate of biological sciences, senior researcher, Institute of Plant and Animal Ecology, Ural Branch of the Russian Academy of Sciences, Yekaterinburg, Russia;

Shokhataev, O.S. — Master of archaeology and ethnology, senior lecturer of the Department of history of Kazakhstan and the APK, Karaganda Buketov University, Karaganda, Kazakhstan.

Н.С. Салауат^{1*}, К.О. Сейтказина¹, А. Ташагыл²

¹Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан;

²Едиптепе университеті, Түркия, Ыстамбұл

(E-mail: nurzhan_akim@mail.ru; seitkazina_ko@enu.kz; ahmet.tasagil@yeditepe.edu.tr)

Қазақ қоғамының әлеуметтік-саяси өміріндегі байлардың рөлі

1868 жылғы «Орынбор және Батыс Сібір генерал-губернаторлықтарының Дала облыстарын басқару туралы Уақытша ереженің» енгізілуі және шетелдік капиталдың Қазақстан аумағына енуі дәстүрлі қазақ қоғамындағы терең өзгерістердің орын алуына алып келгені белгілі. XIX ғасырдың аяғында тек қазақ даласы ғана емес, бүкіл Ресейде капиталистік қатынастар жанданып, өндіріс толқыны күшейе түсті, ал XX ғасырдың басында бай қазақтар саудаға, сондай-ақ өндіріске көбірек көңіл бөле бастады. Осыған байланысты мақалада Қазақ қоғамының әлеуметтік-саяси өміріндегі қазақ байларының рөлі қарастырылған. Авторлар Орынбор облысы мен Оңтүстік Қазақстан облыстық архивінің материалдары негізінде қазақ қоғамындағы қазақ байларының орны мен рөлін талдап, байларды тәркілеу және жою үрдісін зерттеген.

Кілт сөздер: Қазақстан тарихы, қазақ қоғамы, қазақ байы, Ресей империясының саясаты, бай шаруашылықтарын тәркілеу.

Kipicne

XIX ғасырларға тән зерттеу жұмыстарында қазақтар байлықты үйір жылқы, отар қой немесе ірі қара малдың басымен есептейтінін айтып өтеді. Әрине, қазақ қоғамындағы айырбас, салық, құн төлеу, салт-дәстүрлерге қатысты кәделердің барлығы мал басымен жүзеге асырылғаны белгілі. Көшпелі қазақ қоғамында байлардың едәуір басым бөлігі маңызды рөл атқарды. Дегенмен, бұл арада байлардың ерекше тегі болмаған, сұлтандар арасында да, билер арасында да, қатардағы көшпелілер арасында да байлар болғанын ерекше ескеру қажет. Басқаша, айтқанда байлардың қоғамда әлеуметтік жағынан біртектес тобы болған жоқ. Әрине, материалдық игіліктің молдылығы зор пайда келтіріп, қоғамдағы беделді айқындап отырғаны белгілі. Жекелеген байлардың орны олардың тегімен байланысты айқындалады. Қазақ қоғамындағы байлардың әлеуметтік топ ретінде екі ерекшелігі: біріншісі, экономикалық; екіншісі саяси ерекшеліктері болды. Яғни, бай ең алдымен өзінің байлығы арқылы танымал болып, одан кейін саяси істерге араласа бастаған.

Өзімізге белгілі, өткен ғасырдың 90-жылдарының басында отандық тарихшылардың жаңа тұжырымдамалық көзқарастары негізінде қазақ қоғамында маңызды рөл атқарған байларды кәмпескелеу және оларды жер аудару үрдістерін зерттеудің алқашқы қадамдары байқалды. Дегенмен, бұл мәселенің жекелеген аспектілері, соның ішінде байдың әлеуметтік бейнесін, оның отбасы құрылымын, кәмпескеленген бай шаруашылығының деңгейін, байлардың жергілікті қазақ халқы үшін ықпал етуі жеткілікті түрде қарастырылмаған. Бұрынғы уақытта қолжетімсіз болған жаппай деректерді, соның ішінде мал-мүліктері кәмпескеленген байлардың жеке істерін ғылыми айналымға енгізудің арқасында қазақ қоғамындағы байларға қатысты мәселелерді жан-жақты қарастыру мүмкіндігі туындады. Сондықтан, қазіргі уақытта XIX ғ. аяғы — XX ғ. басындағы қазақ қоғамында, жалпы экономиканың дамуында өзекті рөл атқарған байларды зерттеудің маңызы зор.

Материалдар және зерттеу әдістері

Тақырыпты зерттеу барысында Оңтүстік Қазақстан облысы архивінің (74-ші қор) материалдары қолданылды және осының негізінде еліміздің оңтүстік аймақтарында өмір сүрген байлардың тізімі құрастырылды. Тақырыпты зерттеу барысында В.В. Радловтың, М. Вяткиннің, Ш. Уәлихановтың, Е. Бекмахановтың, Ө.И. Исеновтің, Н.Э. Масановтың, С. Жакишеваның, Ж.Б. Абылхожиннің, Т.О. Алланиязовтың, Д.А. Аманжолованың еңбектері қарастырылып, зерттеу тақырыбына қатысты тұжырымдамалары пайдаланылды.

* Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: nurzhan_akim@mail.ru

Мақаланың әдіснамалық негізіне ғылымдағы тарихилық және объективтілік принциптері алынды. Мәселені зерттеуде салыстырмалы-тарихи, хронологиялық әдістер және проблемалық-тақырыптық ұстаным пайдаланылды. Салыстырмалы-тарихи әдіс тарихи жады деректерін басқа тарихи деректермен салыстыру арқылы деректің шынайылығын анықтауға мүмкіндік берді. Хронологиялық әдіс қазақ қоғамындағы байлардың өмір сүру уақытын хронологиялық реттілікпен қарастыру үшін қолданылды. Осымен бірге, қазақ қоғамындағы байлардың мал-мүліктерін қарастыру барысында статистикалық санақ әдістері пайдаланылды.

Талқылау

Қазақ қоғамындағы «бай» түсінігіне тоқталар болсақ, шығыстанушы-түркітанушылар «бай» сөзі «бек», «бей», «бег» сөздерінің аталуынан шыққандығын көрсетеді. Бірақ «би» және «бай» әлеуметтік мағынасы әртүрлі. Зерттеушілер «бай» әлеуметтік тобы XIX ғасырда қалыптасты деп көрсетеді. Бірақ халық ауыз әдебиетінде «бай» атауымен байланысты аңыз-әңгімелер жиі кездеседі, мұнда оларды дәулет иесі ретінде көрсетеді. Мұсылман деректерінің ішінде Жувейниде қара қытайлардың уәзірі Махмұд байдың есімін әлеуметтік санатын көрсетуде қолданғаны жөнінде В.В. Бартольд көрсетеді. Ибн Рузбихан байға әрбір көп малы және мүлкі, оның ішінде «арбалы үйі» бар «ықпалды адамды» жатқызады. «Бай» атауы Фазлаллах ибн Рузбихан Исфажани атап көрсеткендей Дешті Қыпшақ және Моғол тайпалары арасында «дәулетті адамды, аса көп мал иесін» білдірген. «Бай» атауының әлеуметтік мағынасы да болды, далалық феодал тобының өкілдерін танытты [1; 54].

Бай — дәстүрлі қазақ қоғамындағы дәулетті әлеуметтік топ. Жалпы халықтық ұғымда бай — есепсіз төрт түлік жиған мал иесі немесе ата-бабадан қалған байлықтың мұрагері. Байдың қазақ қоғамындағы орны сол жеке тұлғаның көшпелі мал шаруашылығының көлеміне, оны жүргізу шеберлігіне қарай айқындалды. Дала тұрғындарының күнкөріс тіршілігі өндірістің ерекше тәсілін табуды қажет етіп қана қоймай, сонымен бірге күрделі технологиялық механизмді, яғни әр отбасы жеке-жеке емес, қауымдасып өмір сүру процесін туғызды. Осы құрылым бойынша, ұжымдық еңбек принципі ыңғайымен, бірнеше ірілі-ұсақты шаруашылықтар (оның ішінде бай да бар) үлкен бір қауымға бірікті. Қауымдастықта шаруашылықты басқару мен көші-қонды ұйымдастыру, жайылым орындарын реттеп отыру бұл мәселенің қырсырын өзгелерден жетік білетін, оның үстіне дәулеті артық байға тиді.

Сан мыңдаған үйірлі жылқысы бар соңғы байлар қазақ даласында XIX ғасырдың 30-жылдарында өмір сүрді. Патша үкіметінің отаршылдық саясатының салдарынан дала өңіріне кірген берекесіздік, жазалаушы әскерлер мен көтерілісшілер арасындағы кескілескен қақтығыстар, дәстүрлі шаруашылықтың көші-қоны көшпенділік экономикасының біржола түбіне жетті [2]. XIX ғасырдың 70-жылдарында қазақ жерін көп аралап, саяхат жасаған В.В. Радлов: «Менде бұрынғы Жарғының қолданылуын қадағалауыма жеткілікті жағдайлар болды. Ол тәртіп орнатқан және қазақтармен көрші тұратын отырықшы егіншілерді қорғауды қамтамасыз еткен. Бірақ тәртіп орнатылуына байланысты халықтың әл-ауқаты төмендеген. Семей маңындағы толық бағындырылған Ішкі Орда мүлдем дерлік күйзелген, сонымен бірге Үлкен Ордаға жақындаған сайын халықтың байлығы арта түседі. XIX ғасырдың 20-жылдарындағы реформаның құны осындай болды» [3; 9] - деген баға берді.

XIX ғасырдың ортасында базарға тауар шығаратындар негізінен қазақ байлары болды. Бай — жеке мал мен мал өнімдеріне сауда жүргізгеннен басқа, жер өнімдеріне иелік еткеннен басқа делдалдық сауда жүргізді. М. Вяткиннің көрсетуінше, қазақ байлары Орта Азияға Ресей тауарларын тасыды, ал Орта Азиядан Ресейге кері тауар тасыды, көбіне өзінің жинақ капиталымен емес, орыс көпестерінің капиталын пайдаланды деп көрсетеді. Қазақ байлары жеке өз бетімен сауда жүргізумен қатар делдалдық сауда, өсімқорлық сауда Қазақстанда жаңа ауқаттылардың пайда болуына негіз жасады, яғни қапшықты ақшалы байлардың жаңа тобы пайда болды. Ақшалы байлар Қазақстанда тауар-ақша қатынастарының пайда болуымен кең дамыды. «Қарасүйектен» шыққан старшын билерге айналды [4; 10].

Ш. Уәлиханов қазақтар XIX ғасырдың орта шенімен салыстырғанда XVIII ғасырда әлдеқайда бай болған деп санады: «Сібір қазақтары сыртқы приказдар құрылғанға дейін байырақ болған, бұл — титтей де күмән келтірмейтін факт, өйткені ғасырдың аяғымен осы ғасырдың басында Орынбор және Сібір шептеріне айдап әкелінген малдың саны мен 20-30 жылдардағы ресми есептеулерге көз салудың өзі жеткілікті. Осы соңғы дәуірде 10 мың үйір жылқысы болған қазақтар аз болмаған» [2].

Байлар сауда мен өсімқорлық ақшаға қатысты істердің дамуына байланысты ерекше қоғамдық топ болып қалыптасты. Қазақтар арасында ірі саудалық және өсімқорлық істермен айналысқан бірсыпыра бай-феодалдар пайда болды. Мысалы, П. Небольсин Кіші жүздің шығыс бөлігін басқарушы сұлтан Жантөриннің қазақтардан құралған едәуір үлкен сауда компаниясының жарнашысы болып өзіне 25 приказчик ұстағанын айтады [5; 107-108]. Ол одан әрі: «Сауда компаниясының мүшесі болған Күлімбаев деген қа-

зақта 10 приказчик ұстаған. Бұл байлар тек саудамен ғана айналысып қоймай, процент үшін басқаларға несиеге ақша беріп отырған. Сұлтан Ахмет Жантөринді наградаға ұсынуға байланысты оған мінездеме жазған Орынбор Шекара комиссиясының төрағасы Ладьженский Азия департаментінің директоры Сивинге ол туралы: «Орданы батыс бөлігінде оның үлгісімен көпес немесе арбакеш немесе тұз тасушы болмаған бірде бір дерлік қазақ жоқ. Ахмет сауда-саттықпен өзі де шұғылдана жүріп, жоғарыда аталған кәсіптердің қандайымен болса да айналысқысы келген әрбір қазаққа, әрине, өзі үшін едәуір тиімді жағдайда ақша беруге әзір тұрады» [5; 107] деп атап көрсетті.

Ө.И. Исеновте сауда-саттықтың дамуына байланысты XIX ғасырдың екінші жартысында байлардың жаңа түрінің қалыптасқандығын атап өтеді және қазақ байларының XVIII-XIX ғасырлардағы әлеуметтік мәртебесі мен материалдық әл-ауқатының өзгеру үдерісіне де көңіл аударады. Оның пікірінше сан мыңдаған үйірлі жылқысы бар соңғы байлар қазақ даласында XIX ғасырдың 30-жылдарында өмір сүрген [1].

XIX ғасырдың екінші жартысында қазақ даласы ғана емес, бүкіл Ресей көлемінде капиталистік қатынастар жанданып, өндіріс толқыны күшейе бастаған болатын. Бұл өзгерістердің қазақ даласына да әсер етпеуі мүмкін емес еді. Сол кезде қазақ даласында орыс, татар көпестері көбейіп, сауда-саттықпен, өндіріспен айналыса бастады. Сол орыс, татар көпестерімен қатар қазақтан шыққан ірі саудагерлер, өндіріс ашқан байлар да болған. Соның бірі Қараөткел өңірінің аса ірі байы, көпесі болған Баймұхамбет Қосшығұлов пен оның балалары болатын. Алғашқы автомобиль әлемде XIX ғасырдың басында дүниеге келіп үлгерсе, қазақ даласына алғашқы автомобиль 1900 жылы әкелінген. Ал оны кім әкелген? Советтік тарихта Алашордаға жақтасқан, әрі бай болғаны үшін Қосшығұловтар атын ұмытып кетуге тырысқан. Алайда шын мәнінде осы автомобильді қазақ даласына алып келген Құрманғали Қосшығұлов болған. Құрманғалидың әкесі Баймұхамбет Қосшығұлов 1848 жылы қазіргі Қарағанды облысының Жаңаарқа ауданының Келтетал ауылында дүниеге келген. Баймұхамбет ауылға кіре тартып келген татар көпестерімен араласып, оларға жол бастап, сауда-саттығына көмектесіп, жанын бағып жүреді. Ақмолаға дейін келіп кіре тартып, атшы-қосшы болып жүріп Мақсұт атты қазаққа сіңген татар көпесінің көзіне түседі. Мақсұт оны бірнеше рет сынап көріп, саудаға ебі бар, іскер жігіт екеніне көзі жетіп: «сен енді еліңе қайтпай-ақ қой, осында қалып сауда жасап еңбек ет», – деп алып қалады. Оған өзінің қызын беріп, басына отау көтеріп, бауырына қазан асып береді. Іскер Баймұхамбет осы мүмкіндікті оңынан пайдаланып, кәсібін дамытып, сол кездегі Ақмоланың ең ауқатты адамдарының қатарына қосылып үлгерді [6].

XIX ғасырдың ортасы тұсынан бастап елімізде капиталистік қатынастар үдерісі орын алғаны байқалды. Алдымен қазақ жерінде жәрмеңкелердің көптеп ашылуы басты себептердің бірі болса, екіншіден Патшалық Ресейдің отарлау саясатын жүзеге асыруға келген түрлі компаниялар жерасты, жерүсті табиғи байлықтарды игердігінен анық көрінді. Қазба байлықтарды игеруге келгендер Патшалық Ресейдің орталығынан келген іскерлер мен шетелдік инвесторлар болды. Қазақ байлары да қазба байлықтарды игеріп, өндіріске араласқысы келді. Оған Патшалық Ресей рұқсат берген жоқ. Мәселен, сол кезде Мұса Шорман, Тана мырза сияқты ауқатты байлар ұсыныс жасады. Бірақ олардың ұсыныстары қанағаттандырылмай кері қайтарылды. Дегенмен сол заманда елімізде көпестер пайда болды. Олар сауданы терең игеруінің арқасында іріленіп, өнеркәсіппен айналысуға талпынған.

Қазба байлықтарды өндіруге ниетті болған тұлғаның бірі — әйгілі күйші Тәттімбет Қазанғапұлы болған. Біз Тәттімбетті тек күйшілігі тұрғысынан танып келеміз. Оның көпестігі, іскерлігі де бір төбе болған тұлға және ол ең алғашқы болып қазақ жеріндегі қазба байлықты игеруге рұқсат алған. XX ғасырдың алғашқы онжылдығында Семей көпестері акционерлік қоғам құрғандығы белгілі. Осы ұйымға кіруші көпестер 1907 жылдың соңына қарай түрлі сауда түрлерін жүргізген. Соның бір мысалы, олар арзан қант алу жолында Зайсан уезінің Алтай тауы етегінде жүз мың гектарға жуық көп пайдаланылмаған жерге қант қызылшасын егуді жоспарлаған. Ертіс пароходының магнаты Латиф Мусин құрылыс материалдарына барлық керек-жарақты өз пароходымен, баржаларымен жеткізуді мойнына алған [7].

Семейдің атақты байларының бірі — Қаражан Үкібаев (1868-1931) Семей қаласындағы ет және тері өнеркәсібінің негізін қалаған, әрі Мәскеуден бірінші гильдиялы көпес құжатын алып, Ақпан төңкерісіне дейін қалтасы қалың, аса бай миллионерлердің бірі. Өзі бұрынғы Шыңғыстау өңіріндегі Саржал елді мекенінде дүниеге келген. Әкесі Үкібай асқан бай адам болған. Оның 11 мың жылқысы болған [8]. Әрине, байлар саяси, сонымен қоса экономикалық тұрғыдан маңызға ие болды. Бұл жөнінде Н.Э. Масанова кедей шаруашылықтың тіршілігі мен жұмыс істеуі тек қана бай мал иеленушілердің тығыз интеграциялануы арқасында мүмкін болды деп атап көрсетеді. Сонымен бірге, оның пікірінше бай туысқан-кедейдің өмір сүруі үшін маңызды қайнар көз болып саналды [9]. Француз зерттеушісі Изабель Огайон «XIX ғ. аяғына қарай қазақ қоғамындағы жаңа тауар белгісі — астық болды, ендігі кезекте бай атағын байыған көпеске, соған қоса мал және жер иесіне қолдану мүмкіндігі туды» деген пікір білдіреді. Революция қар-

саңында бай адам отырықшы, яғни экономикалық және саяси аристократия өкілдері сияқты қалалық дәстүр бойынша, соған қоса, үлкен көлемдегі мал санына ие болып, көшпелі дәстүр бойынша өмір сүрді [10]. Сондай-ақ «Көшпелілердің дәстүрлері бойынша, қиын-қыстау уақыттары қазақ қоғамының байлары өздерінің мал-мүлкі мен беделін басқа руластарын құтқаруға бағыттауға міндетті болды және бұл жалпы қазақ байлары сословиесіне тән нәрсе», – деп жазады [11; 63]. Сол сияқты орыс зерттеушісі Кушнер қазақтың байларын өз шаруаларын аяусыз қанайтын ресейлік немесе еуропалық бай тап өкілдерімен теңестіруге келмейтіндігі жөнінде: «Мен әлеуметтік таптар мен таптық күресті бос іздедім, қазақ қоғамының таптарға бөлінуінің нақты мысалдарын таппадым» деп түйеді [12; 225]. Осы мәселемен тереңірек айналысқан орыс зерттеушісі Полочанский қазақ байлары мен ауқатты шаруалардың қазақ қоғамындағы зор беделі мен біріктіруші рөлін туралы айта келе былай деп жазады: «Бұқарада таптық сана болмаған жағдайда, ол (бай) қанаушы ретінде емес, экономиканы ұйымдастырушы ретінде, рулық қоғамның ажырамас мүшесі ретінде танылады» [13; 25].

1927 жылдың желтоқсанында ірі көлемдегі шаруа қожалықтарын тәркілеу туралы заң жобасын әзірлейтін комиссия құрылды. Қазқрайком бюросында қаралып, нақтыланғаннан кейін оны Бүкілодақтық большевиктер коммунистік партиясының орталық комитеті мен Бүкілресейлік орталық атқару комитеті мақұлдады. 1928 жылдың 18 тамызында Қазқрайком Бюросының отырысында Қазақ байларын тәркілеу жөніндегі комиссия құру туралы шешім қабылданды. Тәркілеу жөніндегі комиссияны Елтай Ерназаров басқаратын болып шешілді. Комиссия құрамына О. Жандосов, Н. Нұрмақов, Ғ. Тоқтабаев және басқалар кірді. Жергілікті жерлерде тәркілеумен округтік комиссиялар айналысатын болды. Уәкілдер тағайындалып, Қостанай облысына Ұзақбай Құлымбетов, Ақмола облысына Садық Сапарбеков шыққан. [14].

Оңтүстік Қазақстан архивінің материалдары негізінде еліміздің оңтүстігінде өмір сүрген байлардың рөлі жоғары болған. Осы ретте, аталған архив қорларынан табылған материалдардың негізінде есімдері бұрын жарияланбаған байлардың рөлін анықтау маңызды. Осылардың қатарынан Бадам ауданы байларын атап өту қажет. Сырдария округінің Бадам ауданында 29 әкімшілік ауыл болған және оның тұрғындарының саны (18 жастан асқандар) — 35534 адамды құраған. Аталған аудан байларының тізімі келесідей (1-кесте) [15].

1 - кесте

**Сырдария округінің Бадам ауданы байларының тізімі
(архив құжаттары мәліметтері негізінде құрастырылды)**

Байларды аты-тегі	Акт бойынша кәмпескеленген мал-мүліктері			
	Жылқы	Ірі-қара	Түйе	Ұсақ мал
Сарманов Исак	81	21	6	199
Муратов Байгубек	9	35	2	823
Алимбеков Нарымбек	53	20	5	872
Каметбеков Ибрагим	66	39	2	223
Балпиков Сағатбек	50	28	1	257
Батырбеков Урдабек	107	27	2	386

Аталған Бадам ауданының 22-ші ауылының атақты байы Байкөбік Маратұлын атап өту қажет. 1928 ж. 15 қазанда Байкөбіктің мал-мүлкін кәмпескелеп, өзін жер аударуға шешім шығарылған [16]. Атап айтқанда, 22 ірі жылқы, 1 тай, 5 құлын, 22 ірі түйе, 824 қой-ешкі, 16 сиыр, 10 өгіз кәмпескеленген [17]. Айта кету қажет, Байкөбік Маратұлының үй мүліктері 56 адамға үлестіріп берілген [18].

Осымен бірге, Сырдария округінің Жаңақорған ауданы байларының мал-мүліктерін кәмпескелеу науқандарының негізінде аталған ауданның байлары тізімін анықтауға болады. Архив материалдарына сәйкес, аталған аудан 13 ауылдан тұрған. Ауыл байларын келесі кестеден көруге болады (2-кесте).

2 - кесте

**Сырдария округінің Жаңақорған аудан ауылдары байларының тізімі
(архив материалдары негізінде құрастырылған)**

Байлардың аты-тегі	Ауыл	Қызметі
Мәме Қарабайұлы	1-ші ауыл	9 жыл болсы болған
Мұстияр Құдиярұлы	1-ші ауыл	6 жыл болыс болған
Әбдуәлі	1-ші ауыл	8 жыл би болған
Омар Байбатырұлы	2-ші ауыл	5 жыл би болған
Түкібай Кешеубайұлы	2-ші ауыл	Болыс болған
Мәмбет	4-ші ауыл	Ірі бай, ауылдың бетке тұтары, саудагер
Құттыбек Глеубергенұлы	5-ші ауыл	Болыс, би болған

Жалпы алғанда, Жанақорған ауданына қарасты 13 ауыл бойынша 29 байдың мал-мүліктерін тәркілеу ұсынылған [19]. Жоғарыда аты аталған байлар қазақ қоғамының экономика тұрғысынан басты сүйеніші болғанын мойындау қажет. Олар кедей шаруаларға өздерінің көмектерінде беріп тұрған. Оған дәлел ретінде келесіні келтіруге болады: Сырдария округінің Бадам ауданы 13-ші ауылының байы Сарманов Исакты тек қана кәмпескелеп, бірақ, жер аудармауды өтінген. Оның себебін «Исак бізді, әсіресе кедейлерді киіндіреді және барлығын тегін береді» [15] деп түсіндіреді. Айта кету қажет, қиын жағдайда қазақ байлары кедей туыстарына тікелей қолдау көрсетті. Мысалы, 1924 жылы Ақмола уездік атқару комитеті «құлттық әдет-ғұрыпқа сәйкес» 25 мың аштыққа ұшыраған адамдарды тамақтандыру үшін жергілікті байларға бекітеді» [20; 376].

Байлардың мүліктерін кәмпескелеу және оларды жер аудару кезінде қиянат етушілік болған. Оның дәлелі ретінде байлардың жасаған шағымдарын атап көрсетуге болады. Мысалы, Келес ауданының 14-ші, 15-ші ауыл азаматы Ермек Сүлейменұлының Келес ауданының аудандық атқарушы комитеті бастығына жасаған 1928 ж. 29 қыркүйектегі өтінішінде «Мен осы арызымнан мәлім етемін. Менің ілгері уақытта әкем өліп жетім қалған едім. Өзіме тиісті малым Аранбай Мылтықбайұлының малымен бірге жайылып жүрді. Мен осыншама жылдан бері налог өз қолымнан төлеп жүрдім, салық қағаздарымда бар. Осы биылғы жылға ауылға шыққан ірі байлардың малын кәмпескелеуші комиссиялар барып Аранбай Мылтықбайұлының малын кәмпескелеп, қатарына менің малымды қосып, кәмпескелеп жіберіпті... .. Сол туралы Сізден өтініп сұрайтыным менің өзіме тиісті 490 қойым бар, 10 ірі қарам бар, сол малдарымды және үй-мүлікті өзіме алып берсеңіз екен...» [21] деп атап көрсетеді.

Келесі бір мысал, Сырдария округі, Бадам ауданының 14-ауыл азаматы Зайтбек Ниязбекұлының шағымын келтіруге болады. Ол өзінің өтінішінде «Әкем Ниязбек 100-деп, 150-леп қой, 15-20-лап жылқы біткен адам. Сол әкем Ниязбектен еншімді 1918 жылы алып бөлектендім. Өз күнімді өзім көріп келемін. Сонан бері мал спискасында аз ғана малым бөлек жазылады. Налог қағаздар бөлек шығарылады. 1924 ж. оклод-нойларым да бар. Ал, жақында кәмпескеге шығушы азаматтар мені әкеп, әкеме қосып жіберді. Өзім қатын-баламмен 5 жанмын. Барлық малым жылқы, сиыр 15 (ірі қара), 45 қойым бар еді. Мұны апарып әкеме қосты. Сөйтті де мені кәмпескеге іліндірді. Сөйтіп, мені де әкемнің үйімен қосып жер аударды. Бұған өзімнің де таңым бар...» [22] деп көрсетілген.

Осылайша, байлардың мүлкін тәркілеу және оларды кейіннен жер аудару кезінде өрескел заңсыздықтарға жиі жол берілді. Мысалы, шын мәнінде, мал саны көп болған байлардың саны салыстырмалы түрде аз болды, олар жалпы санның үш-ақ пайызын құрады. Сондықтан уәкілетті өкілдер, өздерінің жеке мүдделері үшін неше түрлі амалдарға барды. Мемлекеттік деңгейде байлардың эксплуатациялық әрекеттерін әшкерелеу және тәркілеу жөніндегі комиссияларға жан-жақты көмек көрсетілуі үшін, билік тарапынан ауылдың ең кедей топтарына тәркіленген мал мен мүліктің 60-70% бөлу туралы уәделерімен азғырды. Сондықтан, бақай есебі бар шолақ белсенділер тек растауға ғана емес, сонымен бірге жойылатын бай шаруашылықтарының шеңберін кеңейтуге де тырысты [14].

Қорытынды

Дәстүрлі қазақ қоғамында бай ұғымы ауқатты адамдарға қатысты қолданылды. Байлардың қоғамындағы алатын өзіндік орны маңызды болды. Бай өз шаруашылықтарын өзінің мол тәжірибесіне сүйеніп, ауыл ақсақалдарымен кеңесе отырып жүргізген. Қазақ қоғамындағы байлардың бір бөлігі әрдайым көшпенділер қатарына жатса, басқалары феодалдық-әлеуметтік дәреженің келесі сатысына көтеріліп отырған. XX ғ. басында байлар газеттер мен кітаптардың шығарылымын қаржыландырып, дарынды балалардың гимназиялардағы оқу ақыларын төлеп, ағарту және халық мүддесі жүзеге асыру барысында қолдаулар көрсеткен. Осымен бірге, қазақ қоғамындағы байлар еліміздің экономикалық дамуында маңызды рөл атқарды. XX ғ. 20-жылдарында қазақ қоғамындағы байлардың мал-мүліктерін кәмпескелеу және оларды жер аудару науқаны жеке шаруашылықтың дамуына және Қазақстандағы әлеуметтік-демографиялық жағдайына айтарлықтай ықпал етіп, ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлі құрылымды бұзды. 1928 ж. тамыздағы қазақ ауылдарындағы байларды жою бойынша алғашқы жаппай кампания кезінде ірі бай шаруашылық иелерімен қатар орта шағын шаруашылық иелерінде кәмпескелеп, оларды жер аударды. Мұндай жағдай еліміздің оңтүстік аймағындағы ауқатты байларды қамтыды және мұның дәлелі ретінде Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік архивінің 74-ші қорындағы байлардың мал-мүліктерін кәмпескелеу бойынша араб төте әліпбиінен аударылған құжаттарын келтіруге болады. Бұл құжаттардың негізінде ірі шаруашылық иелерін анықтаудың маңызы да жоғары.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Исенов Ө.И. Дәстүрлі қазақ қоғамының әлеуметтік жүйесі / Ө.И. Исенов. — Қостанай: ҚМПИ, 2010. — 207 б.
- 2 Дәстүрлі қазақ қоғамындағы байлар институты. — [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: <https://teletype.in/@levigustafson/yhZ9h7eyH>.
- 3 Вяткин М. Батыр Сырым / М. Вяткин. — Алматы: Санат, 2002. — 344 с.
- 4 Валиханов Ч.Ч. О кочевках киргиз. Собрание сочинений в пяти томах. — Т. 4 / Ч.Ч. Валиханов. — Алма-Ата, 1985. — 298 с.
- 5 Бекмаханов Е. Қазақстан XIX ғасырлардың 20-40-жылдарында / Е. Бекмаханов. — Алматы, Санат, 1994. — 416 б.
- 6 Қазақ байлары: Қосшығұловтар әулеті [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: <https://e-history.kz/kz/news/show/32482>.
- 7 Өндіріске араласқан қазақ байлары кімдер еді? — [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: <https://abai.kz/post/49132>.
- 8 Қазақ байлары: Қаражан бай. — [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: <https://e-history.kz/kz/news/show/32651>.
- 9 Масанов Н.Э. Кочевая цивилизация казахов: основы жизнедеятельности кочевничества / Н.Э. Масанов. — Алматы: «Социнвест»; М.: Горизонт, 1995. — 320 с.
- 10 Казахстанская трагедия в исследовании французского историка. — [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <http://e-history.kz/ru/contents/view/213>.
- 11 Огайон И. Седентаризация казахов СССР при Сталине. Коллективизация и социальные изменения (1928–1945 гг.) / И. Огайон; пер. с фр. А. Ракишева. — Алматы, 2009.
- 12 Абылхожин Ж.Б. Традиционная структура Казахстана. Социально-экономические аспекты функционирования и трансформации (1920–1930-е гг.). — Алма-Ата, 1991. — 240 с.
- 13 Алланиязов Т. О некоторых вопросах методологии и историографии коллективизации в Казахстане / Т. Алланиязов // Мысль. — 2002. — № 5. — С. 25.
ры, поляки, ингуши, армяне также увеличивали свою численность, но не такими высокими темпами (5–13 %). Численность корейцев и греков статистически почти не изменилась, украинцев, белорусов, мордвы, удмуртов, узбеков, чувашей — в разной степени снизилась.

Вместе с тем рассматриваемый период характеризуется процессом дальнейшей урбанизации, но численность городского населения так и не превысила сельское, составив к 1989 г. 47,2 %. Главным фактором данного процесса стал миграционный отток жителей из сел в города. Более высокие темпы урбанизации наблюдались в 1960-е и 1980-е гг., в отличие от стабильных в этом отношении 1970-х гг. К концу советского времени наибольшие показатели городского населения были у ингушей (65 %), русских (61,7 %), корейцев (60 %), узбеков (59,7 %), татар (58,2 %), греков (57,7 %), наименьшие — у чеченцев (13,6 %), марийцев (15,2 %), казахов (30,4 %), молдаван (30,5 %). При этом с точки зрения динамики прироста городского населения ведущие позиции занимали башкиры (+47,6 %), казахи (+42,6 %), поляки (+35 %), немцы (+28,2 %). Относительно некоторых народов можно говорить о процессах деурбанизации в абсолютных или относительных показателях (ингуши, чеченцы, узбеки, азербайджанцы, армяне).

Среди основных особенностей этнодемографической картины региона 1960–1980-х гг. обращают на себя внимание следующие: число народов-«тысячников» (более 1 тыс. человек) увеличилось с 13 до 20; расширился перечень учтенных переписями народов (в 1989 г. учтено 92 этноса); заметно нарастили свою численность ряд «новых» народов, изменивших в данный период общую этническую структуру населения (азербайджанцы, башкиры, марийцы, молдаване).

Анализ переписной статистики позволяет выделить несколько моделей этнодемографической динамики среди наиболее многочисленных народов региона: 1) увеличение как абсолютных (общая численность), так и относительных (доля в населении) показателей — казахи, чеченцы, башкиры, молдаване, марийцы; 2) увеличение абсолютных при стабильных относительных показателях — русские, немцы, татары, поляки, ингуши; 3) снижение как абсолютных, так и относительных показателей — украинцы, белорусы, мордва, удмурты; 4) снижение абсолютных и при стабильных относительных показателях — чувашей; 5) стабильные абсолютные и относительные показатели — корейцы, греки; 6) колебание абсолютных показателей при разнонаправленных относительных — узбеки, азербайджанцы, армяне.

Таким образом, к концу советского периода по итогам целинной кампании и в результате продолжения плановой трудовой миграции существенно расширилась и усложнилась этнокультурная и этноязыковая структура населения Акмолинской области.

В период Независимости Казахстана были проведены три Национальных переписи населения — в 1999 г., 2009 г., 2021 г. [15; 4–8; 16; 12–22] За это время в административно-территориальном устройстве региона произошли существенные изменения. В 1992 г. Целиноград переименован в Акмолу (с 1998 г. — Астана (2019–2022 гг. — Нур-Султан), область — в Акмолинскую, в 1997 г. в ее состав был передан ряд районов из упразднённой Тургайской области. В 1999 г. в состав Акмолинской области переданы также три южных района Северо-Казахстанской области с городами Кокшетау, Щучинск и Степняк, входивших в упразднённую Кокчетавскую область. Административный центр области был перенесён из столицы Астаны в Кокшетау, Астана стала особой единицей — «городом республиканского значения».

«Постсоветский» период (особенно 1990-е гг.), как известно, характеризуется системным социально-экономическим кризисом, существенно затронувшим и демографическую сферу в части качества жизни людей, в том числе ее продолжительности, показателей рождаемости, смертности и др., а также со значительным миграционным оттоком из Северо-Восточного Казахстана представителей некоторых народов. В результате за межпереписной период 1989–2009 г. население области сократилось более чем на треть, в том числе наибольшее сокращение приходится именно на 1990-е гг. В 2010-е–начале 2020-х гг. негативные тенденции были приостановлены, и отмечается некоторый прирост населения. Прежде всего, быстрыми темпами увеличивается численность казахов, с 2010-х гг. они вышли по этому показателю на первое место.

В этническом отношении прослеживается три основных модели демографических процессов среди наиболее многочисленных народов. К первой можно отнести народы, которые в отмеченных выше условиях продолжали демонстрировать положительную динамику численности, — узбеки (+48 %), казахи (+28,3 %), азербайджанцы (+23,2 %). В первую очередь это связано с результатами механического воспроизводства населения (внутренней и внешней миграцией). Так, с конца 1990-х гг. в Северо-Восточный регион были направлены значительные потоки переселения казахов из южных

областей страны. Как следствие, выросла и доля этих народов в составе населения области: казахи — с 25 % до 55,8 % (узбеки — с 0,1 % до 0,2 %, азербайджанцы — 0,2 % до 0,3 %).

Вторую модель представляют народы, которые сохранили стабильность своих демографических показателей, то есть численность и доля в течение последних 30 лет не претерпели значительных изменений (колебаний) — ингуши, чеченцы, корейцы, армяне.

К третьей, наиболее многочисленной по составу, модели относятся народы с выраженной негативной демографической динамикой (сокращением численности) — чуваша (-65,5 %), мордва (-51,9 %), удмурты (-46,9 %), марийцы (-46,9 %), немцы (-42,5 %), белорусы (-38,1 %), русские (-36,1 %), украинцы (-34,8 %), молдаване (-32 %), башкиры (-31,3 %), поляки (-24,5 %), татары (-20,7 %). Соответственно, в разной степени снижается и представленность этих народов в общей структуре.

Параллельно с процессом сокращения численности населения Акмолинской области в период Независимости продолжается поступательная урбанизация. Доля городского населения оставалась стабильной, на уровне 45–46 %, до конца 2000-х гг. Дальнейшая урбанизация приходится на 2010-е гг. и продолжается до настоящего времени. Так, по переписи населения 2021 г. горожане впервые составили более половины населения области / 55,6 %. По переписи 2021 г. среди наиболее многочисленных народов преимущественно городское население представляют ингуши (св. 70 %), узбеки (63 %), татары (62 %), азербайджанцы (61,7 %), русские (59,3 %), корейцы (59,2 %), поляки (51,2 %). Отмечается ускоренная урбанизация среди казахов: 1989 г. — 30,4 %, 1999 г. — 34,5 %, 2009 г. — 41,9 %, 2021 г. — 55,8 %.

Выводы

Таким образом, этнодемографическая история Акмолинской области с конца XIX в. до первой четверти XXI в. представляет собой динамичный и в некоторых обстоятельствах разнонаправленный процесс, определяемый общими тенденциями и закономерностями общественно-политического и социально-экономического развития Российской империи, СССР, суверенного Казахстана. Главными факторами в формировании этнической структуры области и ее дальнейших изменений на протяжении десятилетий в советский период были масштабное переселенческое движение (в том числе целинное освоение края), внутренняя и внешняя трудовая миграция, политические репрессии и депортации, в период Независимости — перераспределение населения между разными частями Казахстана, роль Астаны и пристоличного региона как центра демографического притяжения. Кроме того, статистические показатели зависели от частых изменений административных границ области. В результате этнокультурный ландшафт региона претерпевал существенные трансформации, прежде всего в сторону поступательного расширения.

В настоящее время в Акмолинской области проживают около 100 народов со своей сложной исторической судьбой и уникальной культурой, представляющих различные этноязыковые группы — тюркскую (казахи, татары, азербайджанцы, башкиры, узбеки, чуваша, курды, кыргызы, уйгуры, турки и др.), славянскую (русские, украинцы, белорусы, поляки), финно-угорскую (удмурты, мордва, марийцы, эстонцы), нахскую (ингуши, чеченцы), германскую (немцы), балтийскую (литовцы, латыши), романскую (молдаване, цыгане) и другие. При этом в новейший период демографическую стабильность или положительную динамику численности демонстрирует казахи, азербайджанцы, армяне, дунгане, каракалпаки, кыргызы, корейцы, курды, персы, таджики, турки, узбеки, уйгуры, чеченцы.

Этническая структура населения Казахстана остается полиэтнической и находится в постоянном движении, меняется представительство разных этносов, их численность и удельный вес [17]. В полной мере это утверждение справедливо и в отношении Акмолинской области, где современные этнодемографические тенденции в целом соответствуют процессам, происходящим с различной степенью выраженности во всей стране. Содержание этих процессов заключается, во-первых, в том, что в советский период основу городского населения составляли «европейские народы», оказавшиеся в Казахстане в основном в результате внешних миграций. В 1990-е гг. значительная часть европейского компонента населения эмигрировала, и во втором десятилетии XXI в. роль внешних миграций (эмиграции и иммиграции) свелась к минимуму. Динамику численности населения стали определять собственно процессы воспроизводства преобладающего казахского этноса [18]. Вторая особенность современной демографической ситуации — поступательная урбанизация автохтонов, хотя в Акмолинской области не такими быстрыми темпами, как в других регионах страны.

К настоящему времени история отдельных народов изучена неравномерно. Необходимо продолжать системные исследования, посвященные региональным особенностям формирования населения и культурного наследия этносов на территории Акмолинской области и Северного Казахстана в целом. Также необходим дальнейший развернутый этнодемографический анализ с учетом гендерных, половозрастных, языковых, образовательных, брачных и других социальных аспектов.

Список литературы

- 1 Послание Главы государства Касым-Жомарта Токаева народу Казахстана «Единство народа и системные реформы — прочная основа процветания страны». — [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <https://www.akorda.kz/ru/poslanie-glavy-gosudarstva-kasym-zhomarta-tokaeva-narodu-kazahstana-183048>.
- 2 Еримбетова К.М. Социально-демографические процессы в научных исследованиях / К.М. Еримбетова // Историческая наука Казахстана за годы Независимости: проблемы историографии / под общ. ред. Е.А. Әбіл. — Алматы, 2022. — С. 180–189.
- 3 Этносы Акмолинского Приишмья: история и современность / гл. ред. И.Н. Тасмагамбетов; отв. ред. Д.Р. Айтмагамбетов. — Астана, 2009. — 279 с.
- 4 Первая Всеобщая перепись населения Российской империи 1897 г. — Т. LXXXI. Акмолинская область. — СПб., 1904.
- 5 Краснобаева Н.Л. Динамика численности и этнический состав населения Казахстана по данным I Всесоюзной переписи 1926 г. / Н.Л. Краснобаева // Изв. Алтай. гос. ун-та. — 2004. — № 4 (34). — С. 17–21.
- 6 Всесоюзная перепись населения 1926 года. Национальный состав населения по регионам РСФСР. — [Электронный ресурс]. — Режим доступа: http://www.demoscope.ru/weekly/ssp/rus_nac_26.php?reg=1486.
- 7 Асылбек М.Х. Население Казахстана между Всесоюзными переписями населения 1926 г. и 1939 г. / М.Х. Асылбек, Ж.М. Асылбекова. — [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <https://iie.kz/?p=4615>.
- 8 Всесоюзная перепись населения 1939 года. Национальный состав населения районов, городов и крупных сел союзных республик СССР. — [Электронный ресурс]. — Режим доступа: http://www.demoscope.ru/weekly/ssp/ussr_nac_39_ra.php?reg=1173.
- 9 Население Казахстана в 1917–1939 гг. — [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <https://e-history.kz/ru/history-of-kazakhstan/show/9313>.
- 10 Тольц М. Этнический состав населения Казахстана накануне Второй мировой войны (реконструкция действительных результатов переписи 1939 года) / М. Тольц // Этнодемографические процессы в Казахстане и сопредельных территориях. VII Междунар. науч.-практ. конф. (г. Усть-Каменогорск, 8–9 ноября 2005 г.): сб. науч. тр. — Усть-Каменогорск: Медиа-Альянс, 2006. — С. 327–334.
- 11 Всесоюзная перепись населения 1959 года. Городское и сельское население областей республик СССР по полу и национальности. — [Электронный ресурс]. — Режим доступа: http://www.demoscope.ru/weekly/ssp/resp_nac_59.php?reg=59.
- 12 Жаркенова А.М. Индустриальный и целинный факторы в изменении численности населения Северного Казахстана / А.М. Жаркенова // Вестн. Казах. нац. пед. ун-та. — 2015. — № 2 (45). — С. 9–15.
- 13 Итоги переписи населения 1999 года в Республике Казахстан. — Т. 1. Национальный состав населения Республики Казахстан: стат. сб. / под ред. А. Смаилова. — Алматы, 2000. — С. 27–38.
- 14 Демографическая ситуация в Республике в 1959–1989 гг. — [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <https://e-history.kz/ru/history-of-kazakhstan/show/9310>.
- 15 Акмолинская область. Итоги Национальной переписи населения Республики Казахстан 2009 года. Т. 2. Статистический сборник / под ред. А.А. Смаилова. — Астана, 2011. — 150 с.
- 16 Краткие итоги. Итоги Национальной переписи населения 2021 года в Республике Казахстан / гл. ред. Ж.М. Шаймарданов. — Нур-Султан, 2022. — 63 с.
- 17 Жаркенова А.М. Полиэтнический состав населения Северного Казахстана в конце XIX–начале XXI вв.: исторические особенности, современные тенденции и перспективы / А.М. Жаркенова // Вестн. Караганд. ун-та. Сер. История. Философия. — 2018. — № 4 (92). — С. 60–69.
- 18 Алексеенко А.Н. Этнодемографические эволюции и становление суверенной демографической системы в Казахстане / А.Н. Алексеенко, Ж.С. Аубакирова, А.С. Жанбосинова // Вестн. СПб. ун-та. История. — 2019. — Т. 64. — Вып. 4. — С. 1368–1385.

Д.А. Черниенко, А.М. Ауанасова, С.А. Багдатова

Ақмола облысындағы этнодемографиялық үдерістер динамикасы (халық санағы мәліметтері бойынша)

Мақалада мемлекеттік ұлттық саясатты іске асыру тұрғысынан этникалық тарих пен этнодемографиялық процестерді зерттеудің маңыздылығы қарастырылған. Ресей империясы, КСРО, Қазақстан Республикасы тарихының әртүрлі кезеңдерінде орын алған қоғамдық-саяси және әлеуметтік-экономикалық процестер контекстінде 1897–2021 жылдардағы халық санағы материалдарында Ақмола

облысының этникалық құрылымының қалыптасу динамикасы көрсетілген. Мақаланың жаңалығы Ақмола облысының жекелеген халықтарының тарихы бойынша бірқатар жұмыстар болған кезде этнодемографиялық динамиканы және халықтың көпұлтты құрамын қалыптастырудың негізгі кезеңдеріне жалпы талдаудың әлі жүргізілмегендігімен анықталады. Облыстың этникалық құрылымының қалыптасу ерекшеліктерін және оның одан әрі өзгеруін айқындайтын негізгі факторлардың қатарына кеңестік кезеңдегі кең ауқымды қоныс аудару қозғалысы, оның ішінде облыстың тың жерлерінің игерілуі, сыртқы еңбек миграциясы, саяси қуғын-сүргін және депортациялау, Тәуелсіздік кезеңінде халықтың Қазақстанның әртүрлі бөліктері арасында қайта бөлінуі, Астана мен астаналық облыстың демографиялық тартылыс орталығы ретіндегі рөлінің күшейтілуі жатады. Сондай-ақ статистикалық көрсеткіштер облыстың әкімшілік шекараларының жиі өзгеруіне байланысты. Аймақтың этникалық құрылымы полиэтникалық болып қала береді және тұрақты қозғалыста, этнодемографиялық үрдістер тұтастай алғанда Қазақстанда болып жатқан процестерге сәйкес келеді деген қорытынды жасалды. Қазіргі уақытта жекелеген халықтардың тарихы біркелкі зерттелмеген, сондықтан Ақмола облысы мен Солтүстік Қазақстан халықтарының тарихы мен мәдени мұрасын одан әрі жүйелі зерттеу қажет.

Кілт сөздер: Ақмола облысы, тарих, миграция, халық санағы, аймақ, Солтүстік Қазақстан, урбанизация, этнодемографиялық үдерістер, этникалық құрылым, этностар.

D.A. Chernienko, A.M. Auanasova, S.A. Bagdatova

Dynamics of ethno-demographic processes in Akmola region (according to population censuses data)

The article examines the significance of studying ethnic history and ethno-demographic processes from the perspective of the implementation of state national policy. The formation dynamics of the ethnic structure of Akmola region on the materials of the censuses of 1897–2021 is shown in the context of socio-political and socio-economic processes that took place at different stages of the history of the Russian Empire, the USSR, the Republic of Kazakhstan. The novelty of the article is determined by the fact that while there are a number of works on the history of individual ethnic groups in Akmola region, a general analysis of the ethno-demographic dynamics and the main stages in the formation of a multiethnic population have not yet been undertaken. The main factors that defined the formation of the ethnic structure of the region and its subsequent changes in the Soviet period were the large-scale resettlement movement, including the cultivation of the virgin land, external labour migration, political repression and deportations. During the period of independence, the redistribution of the population between different parts of Kazakhstan and the strengthening of the role of Astana and the capital region as the centre of demographic gravity became significant. Moreover, the statistical indicators were affected by frequent changes in the administrative boundaries of the region. It is concluded that the ethnic structure of the region remains multi-ethnic and constantly changing, and that ethno-demographic tendencies generally correspond to the processes taking place in Kazakhstan as a whole. The history of individual ethnic groups has been studied unevenly up until now, so further systematic research into the history and cultural heritage of the peoples of Akmola region and Northern Kazakhstan is required.

Keywords: Akmola Region, history, migration, population census, region, Northern Kazakhstan, urbanization, ethnodemographic processes, ethnic structure, ethnic groups.

References

- 1 Poslanie Glavy gosudarstva Kasym-Zhomarta Tokaeva narodu Kazakhstana «Edinstvo naroda i sistemnye reformy — prochnaia osnova protsvetaniia strany» [Message of the Head of State Kassym-Zhomart Tokayev to the people of Kazakhstan “The unity of the people and systemic reforms is a solid foundation for the country's prosperity”]. Retrieved from <https://www.akorda.kz/ru/poslanie-glavy-gosudarstva-kasym-zhomarta-tokaeva-narodu-kazahstana-183048> [in Russian].
- 2 Erimbetova, K.M. (2022). Sotsialno-demograficheskie protsessy v nauchnykh issledovaniakh [Socio-demographic processes in scientific research]. *Istoricheskaiia nauka Kazakhstana za gody Nezavisimosti: problemy istoriografii — Historical science of Kazakhstan for years of independence: problems of historiography*. Almaty, 180–189 [in Russian].
- 3 Tasmagambetov, I.N. (Ed.). (2009). Etnosy Akmolinskogo Priishimia: istoriia i sovremennost [Ethnoses of Akmola Priishimiye: History and Modernity]. Astana [in Russian].
- 4 (1904). Pervaia Vseobshchaia perepis naseleniia Rossiiskoi imperii 1897 g. T. LXXXI. Akmolinskaia oblast [First general census of the Russian Empire in 1897. Vol. LXXXI. Akmola region]. Saint Petersburg [in Russian].
- 5 Krasnobaeva, N.L. (2004). Dinamika chislennosti i etnicheskii sostav naseleniia Kazakhstana po dannym I Vsesoiuznoi perepisi 1926 g. [Numbers dynamics and ethnic composition of the population of Kazakhstan according to the I All-Union census of 1926]. *Izvestiia Altaiskogo gosudarstvennogo universiteta — Proceedings of the Altai State University*, 4 (34), 17–21 [in Russian].
- 6 Vsesoiuznaia perepis naseleniia 1926 goda. Natsionalnyi sostav naseleniia po regionam RSFSR [All-Union census of population of 1926. National Composition of the Population in the Regions of the RSFSR]. Retrieved from http://www.demoscope.ru/weekly/ssp/rus_nac_26.php?reg=1486 [in Russian].

- 7 Asylbek, M.Kh. & Asylbekova, Zh.M. (2014). Naselenie Kazakhstana mezhdu Vsesoiuznymi perepisiami naseleniia 1926 g. i 1939 g. [Population of Kazakhstan between All-Union censuses of 1926 and 1939]. Retrieved from <https://iie.kz/?p=4615> [in Russian].
- 8 Vsesoiuznaia perepis naseleniia 1939 goda. Natsionalnyi sostav naseleniia raionov, gorodov i krupnykh sel soiuznykh respublik SSSR [All-Union Population Census of 1939. National composition of the population of districts, cities and large villages of the Union republics of the USSR]. Retrieved from http://www.demoscope.ru/weekly/ssp/ussr_nac_39_ra.php?reg=1173 [in Russian].
- 9 Naselenie Kazakhstana v 1917–1939 gg. [Population of Kazakhstan in 1917–1939] (2013). Retrieved from <https://e-history.kz/ru/history-of-kazakhstan/show/9313> [in Russian].
- 10 Tolts, M. (2006). Etnicheskiy sostav naseleniia Kazakhstana nakanune Vtoroi mirovoi voiny (rekonstruktsiia deistvitelnykh rezultatov perepisi 1939 goda) [The ethnic composition of the population of Kazakhstan on the eve of World War II (reconstruction of the actual results of the 1939 census)]. *Etnodemograficheskie protsessy v Kazakhstane i sopredelnykh territoriakh. VII Mezhdunarodnaia nauchno-prakticheskaiia konferentsiia (g. Ust-Kamenogorsk, 8-9 noiabria 2005 g.) – Ethnodemographic processes in Kazakhstan and neighboring territories. VII International Scientific and Practical Conference (Ust-Kamenogorsk, November 8-9, 2005)*. Ust-Kamenogorsk: Media-Alians, 327–334 [in Russian].
- 11 Vsesoiuznaia perepis naseleniia 1959 goda. Gorodskoe i selskoe naselenie oblastei respublik SSSR po polu i natsionalnosti [All-Union Census of Population of 1959. Urban and rural population of the regions of the USSR republics by sex and nationality]. Retrieved from http://www.demoscope.ru/weekly/ssp/resp_nac_59.php?reg=53; http://www.demoscope.ru/weekly/ssp/resp_nac_59.php?reg=59 [in Russian].
- 12 Zharkenova, A.M. (2015). Industrialnyi i tselinnyi faktory v izmenenii chislennosti naseleniia Severnogo Kazakhstana [Industrial and virgin factors in changing the population of Northern Kazakhstan]. *Vestnik Kazakhskogo natsionalnogo pedagogicheskogo universiteta — Bulletin of the Kazakh National Pedagogical University*, 2 (45), 9–15 [in Russian].
- 13 Smailov, A. (Ed.). (2000). Itogi perepisi naseleniia 1999 goda v Respublike Kazakhstan. T. 1. Natsionalnyi sostav naseleniia Respubliki Kazakhstan. Statisticheskii sbornik [Results of the 1999 Population Census in the Republic of Kazakhstan. Vol. 1. National Composition of the Population of the Republic of Kazakhstan. Statistical collection]. Almaty, 27–38 [in Russian].
- 14 Demograficheskaiia situatsiia v Respublike v 1959–1989 gg. [Demographic situation in the Republic in 1959–1989] (2013). Retrieved from <https://e-history.kz/ru/history-of-kazakhstan/show/9310> [in Russian].
- 15 Smailov, A. (Ed.). (2011). Akmolinskaia oblast. Itogi Natsionalnoi perepisi naseleniia Respubliki Kazakhstan 2009 goda. T. 2. Statisticheskii sbornik [Akmola Oblast. Results of the 2009 National Population Census of the Republic of Kazakhstan. Vol. 2. Statistical collection]. Astana [in Russian].
- 16 Shaimardanov, Zh.M. (Ed.). (2022). Kratkie itogi. Itogi Natsionalnoi perepisi naseleniia 2021 goda v Respublike Kazakhstan [Summary of Results. The Results of the National Population Census 2021 in the Republic of Kazakhstan]. Nur-Sultan [in Russian].
- 17 Zharkenova, A.M. (2018). Polietnicheskii sostav naseleniia Severnogo Kazakhstana v kontse XIX–nachale XXI vv.: istoricheskie osobennosti, sovremennyye tendentsii i perspektivy [Poly-ethnic composition of the population of Northern Kazakhstan in the late XIX — early XXI centuries: historical features, current trends and prospects]. *Vestnik Karagandinskogo universiteta. Seriya Istorii. Filosofiiia — Bulletin of Karaganda University. History. Philosophy*, 4 (92), 60–69 [in Russian].
- 18 Alekseenko, A.N., Aubakirova, Zh.S., & Zhanbosinova, A.S. (2019). Etnodemograficheskie evoliutsii i stanovlenie suverennoi demograficheskoi sistemy v Kazakhstane [Ethnodemographic Evolutions and the Formation of a Sovereign Demographic System in Kazakhstan]. *Vestnik Sankt-Peterburgskogo universiteta. Istoriiia — Bulletin of St. Petersburg University. History*, 64, 4, 1368–1385 [in Russian].

Information about authors

Chernienko, D.A. — Candidate of Historical Sciences, Leading Researcher, Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology, Branch in Astana, Astana, Kazakhstan;

Auanasova, A.M. — Doctor of historical sciences, professor, Institute of State History, Astana, Kazakhstan;

Bagdatova, S.A. — Candidate of historical sciences, leading researcher, Institute of State History, Astana, Kazakhstan.

А.С. Ысқақ*, Ғ.Б. Жұматай

Нархоз университеті, Алматы, Қазақстан
(E-mail: sakmaral7@gmail.com; gkhan2050@gmail.com)

Қазақстанның кеңестік басқару жүйесіндегі құпия іс жүргізу (1920-1930 жж.)

Мақалада Қазақстан Республикасы Президенті архивінің жария 719-қор құжаттарын тыңғылықты талдау негізінде 1920-1930 жылдары Қазақстанның кеңестік басқару жүйесіндегі құпия іс жүргізу қарастырылып, талдау жасалған. Құпия іс жүргізудің кеңестік басқару жүйесіндегі рөлі мен маңызы, оның дәстүрлі іс жүргізуден ерекшелігі отандық гуманитарлық ғылымда зерттеу объектісіне алынбаған тақырыптың бірі. Ол құпия құжаттарды дайындау, олардың қозғалысын ұйымдастыру және сақтауды қамтитын бірнеше сатылы күрделі үрдістерді қамтиды. Қоғамдағы ірі саяси, әлеуметтік, экономикалық реформалармен тығыз байланысты кеңестік басқару жүйесінде құпия іс жүргізудің күдіретті күшке айналуы заңды еді. Кеңестік мемлекеттің стратегиялық бағыттары — әскери, қаржы-экономикалық, саяси дамуға қатысты құпия мәліметтері үш санатқа бөлінді. Құпия құжаттарды қабылдау, жөнелту тәртібі ерекше нұсқаулықпен белгіленіп, оны ұйымдастыру жұмыстары Мемлекеттік саяси басқарманың Құпия бөлімшелеріне жүктелді. Көппәндік контексте зерттеуді қажет ететін бұл тақырып кеңестік бақылау органдарының қызметінде қалыптасқан қолжетімді түрлі құпия құжаттарды талдау көмегімен жүргізілді.

Кілт сөздер: құпия іс жүргізу, кеңестік басқару жүйесі, құпия құжаттар, арнайы бөлім, құпия бөлімше, бақылау органы, мәліметтерді құпиялау.

Kipicne

Елімізде 2022 жылы 19-21 қазанда Қазақстан Республикасы Президенті Архивінің бастамасымен алғаш рет «Ашық қоғамға — ашық Архив» атты архивистердің I Халықаралық конгресі өтті. Отандық және халықаралық архив мамандары мен сарапшыларының қатысуымен өткен жиын ашық архивті құрудың халықаралық сұхбат алаңына айналды. Қазіргі қоғамда «ашық архив» ұғымын архивтерге онлайн кеңестікте еркін қолжетімділікті қамтамасыз ету немесе құпия архив қорларын толық құпиясыздау және қолжетімді ету мағынасында қабылдайды. Бұл мәселенің біздің қоғамның қызу талқысына түсуіне бірден-бір ықпал еткен Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 24 қарашадағы «Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссия туралы» Жарлығына қол қоюы болатын. Іс жүзінде бұл қадам Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 14 сәуірдегі «Жаппай саяси қуғын-сүргіндер құрбандарын ақтау туралы» Заңының логикалық жалғасы бола отырып, кеңестік террор мен тоталитаризм құрбандарын толық ақтау мәселесін көтеріп отыр. Осы мақсатта саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау үшін құрылған арнайы мемлекеттік комиссияның жұмысы тарихи әділдікке қол жеткізіп қана қоймай, осы күнге дейін құпия болып келген кеңестік және саяси бақылау мекемелерінің, күш көрсету құрылымдарының архив құжаттарын құпиясыздау үрдісінің де ілгерілуіне ықпал етті.

Ал тарихқа көз жүгіртсек, Қазақстанда 1920 жылы жаңа кеңестік үлгідегі басқару жүйесі енгізілген тұста кеңестік басқару институты мен мемлекеттік мекемелер жүйесі құрылды. Бұл жүйе кеңестік автономиялы қазақ мемлекеттілігінің негізін қалады. Алғашқы сәттен-ақ мемлекеттің ішкі тәртібін сақтауда, әскери саладағы, қаржы саясатындағы ақпаратты құпиялау қажеттігі туындады. Құпия құжаттармен жұмысты жүргізу үшін мемлекеттік іс жүргізуден бөлек «құпия іс жүргізу» ұйымдастырылды. Алғаш «мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтер тізімі» Халық комиссарлар кеңесінің 1921 жылғы 13 қазандағы декретімен бекітілді. Құпия құжаттар мен іс қағаздардың кеңселік жұмысы осы бөлімде шоғырланды. Құпия ақпаратты қорғау мәселесімен Бүкілресейлік төтенше комиссияның Арнайы бөлімі айналысты. Ол өз қызметінде 1922 жылы РКП(б) ОК қабылдаған «Құпия құжаттарды сақтау және қозғалысы тәртібі туралы» қаулысын басшылыққа алды. Куә болып отырғанымыздай, құпия құжаттармен жұмыс өз алдына бөлек бөлімде жүргізілді. Жалпы, кеңсенің жұмысы бір сарынды жұмыстың күнделікті қайталануымен ерекшеленеді. Ол туралы В.М. Гессен мынадай пікір білді-

* Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: sakmaral7@gmail.com

реді «...Бюрократиялық кеңселерде күнделікті жұмыс тәртібі бәрінен де күшті, құдіретті. Ол өмірді қарабайыр етіп суреттейді, оны ортақ қалыпты шаблондарға салуға тырысады. Әрбір жаңа іс ескі қалыппен «үлгілі» істер бойынша шешіледі. Әрбір туындаған сұраққа алдын ала дайындалған жауап бар. ...Кеңселерде отырып өмірді түсіну қиын, бірақ қағаз жазуды үйрену оңайырақ» [1].

Қазақстанның кеңестік басқару жүйесіндегі құпия іс жүргізу тақырыбының зерттелуі архив құжаттарын құпиялау қандай мақсатта, қалай ұйымдастырылып, қалай жүргізілгені туралы ғылыми негізде тұжырымдалған тарихи түсінікті қалыптастыруға мүмкіндік береді. Осыған орай мақалада құпия іс жүргізудің ұйымдастырылуы мен жұмыс тәртібін ашып көрсетуге, құпия бөлім меңгерушілерінің міндеттерін айқындауға, құпияланған мәліметтер тізімі негізінде құпия құжат түрлерін анықтауға, құпия құжаттармен жұмыс жасау технологиясын және құпия іс жүргізуді тексеру нәтижелерін талдауға алғашқы талпыныс жасалды.

Зерттеу әдістері

Қазақстанда құпия іс жүргізу мәселесінің тарихнамасы әлі күнге дейін жұтаң. Құпия құжаттармен жұмыс жасау мәселелерін ашық зерттеу біраз жылдар бойы архив құжаттарына қолжетімділіктің шектеулігімен байланысты болды. Кеңестік кезеңнің саяси сипаттағы құжаттарының басым бөлігі бұрынғы партия архивтерінде шоғырланды. Алғаш осы архивтерге қол жеткізген шетелдік ғалымның бірі Андре Грациози «1992 жылдың соңында Ресей архивтері комитетінің тікелей қарамағындағы он жеті федералды архивте шамамен 65,3 миллион іс, бұл әртүрлі құжаттардың миллиардтаған парақ беттері. Ресейдің барлық республикалық, облыстық және аудандық деңгейдегі мемлекеттік архивтерінде тағы 138,7 миллион іс, яғни тағы миллиардтаған парақ беттері сақталған» десе [2]; поляк зерттеушісі Г. Гербер «1950 жылы одақтық архивтер жүйесі 56 орталық архивті, автономиялық және ұлттық округтердегі 18 мемлекеттік архивті, 183 өлкелік және облыстық архивтерді және 4000-нан астам аудандық архивтерді қамтыды және 140 миллионнан астам істерді сақтағанын» мәлімдейді [3]. Қазақстанның тәуелсіздігінің алғашқы жылдарында бұрынғы партия архивтерінің басым бөлігі облыстық мемлекеттік архивтермен біріктірілді.

Құпия іс жүргізумен қадағалау органдары жүйесіндегі арнаулы құпия бөлімдер айналысты. Мемлекеттік саяси басқарманың Арнайы бөлімінің қызметімен тығыз байланысты құпия іс жүргізуді сыни тұрғыда жаңаша зерттеу уақыт талабы. Кеңес мемлекетінің құрылуы мен қалыптасуы біртіндеп жүзеге асты. Осы тұрғыда құпия іс жүргізу құжаттарын кешенді тұрғыда контент талдау қоғамда толық бақылау орнатқан партиялық-мемлекеттік жүйенің ерекшеліктерін ашып көрсетуге мүмкіндік береді. Күрделі әрі қайшылықты қоғамдағы үрдістерді дұрыс түсіндіруде құжаттар жан-жақтылық және кешенділік тұрғыда зерттелуі тиіс. Мәселен, кеңестік кезеңдегі елеулі құбылыстардың бірі — мемлекеттің араласуымен ерікті түрде жүргізілген еңбектік қоныс аударуы. Осы мәселеде А.Я. Тарасюк «1920 жылдардың басынан-ақ мемлекеттік құпия мәліметтері бар және мәліметтері құпияланған құжаттармен жұмысты реттеудің талпыныстары болғаны анық» дейді [4]. Н.А. Давлетханова мәліметтерді құпиялық деңгейіне қарай бөліп қарастыратын «мекемелер мен кәсіпорындарда құпия және мобилизациялау жұмыстарын жүргізу және іс жүргізу жөніндегі нұсқаулықтың» 1940 жылы қабылданғанын, оның құпиялауға жататын мәліметтер тізімін және құпиялық деңгейіне қарай құпия белгісін қою тәртібін бекітетінін жазады [5]. Құпия іс жүргізудің ұйымдастырылуы кеңестік басқару жүйесінің қалыптасуымен қатар жүрді. Н.В. Иванов, С.Ю. Михайлова, А.Л. Музякова Чуваш АКСР Ұлы Отан соғысы кезеңінде мемлекеттік құпия мәліметтері бар құжаттармен жұмыс жүргізудің ұйымдастырылу ерекшеліктерін, құпия іс жүргізу барысын жергілікті ерекшеліктерімен алғаш зерттегендер. Жоғарыда көрсетілген нұсқаулық соғыс алдында әзірленген соңғы әдістемелік құжат және ол 1947 жылы құпия бөлімшелердің қызметінде басшылыққа алынған [6]. Кеңес Одағында барлық саяси органдарға басшылық жасаған Арнайы бөлім 1991 жылы қызметін тоқтатты. Ол КСРО Ұлттық қауіпсіздік комитетінің барлық 167 этникалық және әкімшілік аумағында Коммунистік партиядан кейінгі екінші ауқымды бюрократиялы аппаратқа айналды. Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің бастапқыда әр мекемеде, кәсіпорында бастауыш ұйымдары құрылып, кейінгі жылдары әр мемлекеттік, азаматтық, әскери, қоғамдық мекемеде ашық өкілі және құпия ақпарат берушісі болды [7]. Кеңес Одағында ақпаратты қорғау жөніндегі негізгі шешімдер алдымен партиялық деңгейде қабылданып, содан соң мемлекеттік деңгейде жүзеге асырылды. Коммунистік партия өз аппараты мен мемлекеттік органдардың қызметін үйлестіру жолымен партиялық-мемлекеттік басқаруды іс жүзіне асырды [8, 9].

Зерттеу объектісінің өзіндік ерекшелігі жүйелік тұрғыдан құпия құжаттардың деректік құндылығын айқындаумен байланысты. Әр тарихи дерек белгілі бір құжаттар жүйесінде қалыптасады. Жүйеде құжаттардың ақпараты өзінің пайда болуынан бастап ретроспективтік ақпаратқа айналуына дейін «өмірлік цикл» жүйесінен өтеді. Бұл тарихи үрдістерді «тарихи жүйе» ретінде қарастыруға мүмкіндік берсе, сонымен бірге құжаттану, архивтану және деректану тұрғысынан тарихилық принципті басшылыққа ала отырып, құпия іс жүргізудің ұйымдастырылуы және барысы ашып көрсетілді.

Мақаланы дайындау барысында Қазақстанның кеңестік басқару жүйесіндегі құпия іс жүргізуді тарихи ретроспективада сараланып, проблемалық, тарихилық, объективтілік сияқты ғылыми таным принциптері мен жүйелеу, контент-талдау, сыни-талдау әдістері қолданылды. Зерттеу мәселесін жүйелі тұрғыдан және тарихи объективтілік принципі негізінде жазуға басымдық берілгенімен, оның ғылымның белгілі бір құндылықтар жүйесімен, идеологиямен тығыз байланысты екендігі назардан тыс қалған жоқ. Себебі идеологияланған кеңестік қоғамда ортақ іс жүргізу мәселесі бір жақты зерттеліп, ал құпия іс жүргізу арнайы зерттеу объектісіне алынбай, объективті емес тұжырымдар жасалды.

Нәтижелері және талқылау

Кеңестік басқару жүйесінің саяси сипат алуының бір көрінісі 1923 жылы құрылған Орталық бақылау комиссиясының Жұмысшы-шаруа инспекциясы халық комиссариатымен бірігуінде еді. Бірі партиялық жұмысқа, екіншісі кеңестік жұмысқа жауапты құдіретті екі мекеменің қызметі үйлестіріліп, бір бағыттың арнасына түсті. Тұйықтала түскен кеңестік басқару жүйесінде құпия іс жүргізудің рөліне үлкен мән беріліп, нақты шаралар қолға алынды. 1924 жылы басталған іс жүргізуді құпиялау шаралары саяси бағдарға бет бұрған кеңестік биліктің саясатымен үйлесімді сипатта болды. Кез келген құжат басқару аппараты жұмыстың барысын, нәтижесін көрсетеді, сондықтан кеңестік басқару аппаратының жұмысы құжатталған ақпаратқа негізделді. Осыған орай құжаттарды дайындау және тапсырманы тиянақты орындаудың бірден-бір талабы іс жүргізудің дұрыс ұйымдастырылуына тікелей байланысты болды. Демек құпия құжаттармен жұмысты ұйымдастырудың маңыздылығы өзінен айқын еді.

Құпия іс жүргізуді ұйымдастыру және қадағалау міндеті мемлекеттік саяси басқарманың Арнайы бөлімінде шоғырланды. Ал барлық мемлекеттік мекемелерде бұл міндетті орындау үшін құпия бөлімдер немесе бөлімшелер құрылды. Мысалы, одақтық дәрежедегі мекемелерде, атап айтқанда, Бүкілресейлік халық шаруашылығы кеңесінде, Сыртқы істер, Еңбек, Темір жол және байланыс халық комиссариаттарында құпия бөлімдері жұмыс істеді. Республикалық халық комиссариаттарында, кейінгі жылдары министрліктерде және басқармаларда құпия бөлімшелер (*бұдан әрі* — құпия бөлімдер. *Авт.*) ұйымдастырылды [4].

Құпия бөлімдердің жұмысын ұйымдастыру мен жұмыс тәртібіне келсек, олардың жұмысына бөлім не бөлімше меңгерушісі жауапты болды [10; 21-24]. Бөлім меңгерушісі аса маңызды жауапкершілікке және кең құзыретке ие болды. Мысалы, меңгеруші жөнелтілетін құпия құжаттардың мазмұнына жауапты және олардың көшірмелерін өзі ғана сақтайды. Құпия құжаттарды пайдалануға рұқсаты бар адамға, мекеме басшысына арнайы журналда қолхат жазғызып береді және берілген құжаттардың жұмыс күні соңында қайтарылуын қадағалайды. Құпия құжаттармен жұмыс ережелері бұзылған жағдайда ол туралы Біріккен мемлекеттік саяси басқармаға лезде хабарлап отырды. Бөгде адамдарға құпия бөлімге кіруге мүлдем рұқсат етілмеді. Бөлім меңгерушісі арнайы рұқсаты жоқ адамға құпия іс жүргізуді өткізген жағдайда «істерді заңсыз бергені үшін» деген айыппен сот үкімінсіз мекеме басшысымен бірге жауапқа тартылатын.

Құпия құжаттармен жұмыс жүргізу мәселесіне тоқталсақ, құжаттарды қабылдау және жөнелтудің тәртібі арнайы нұсқаулықпен бекітілді. Құпия құжаттар құлыпталатын жабық шкафтарда сақталып, құжатты басқа жұмыс бөлмелеріне шығарып беруге мүлдем жол берілмеді [10; 21-24]. Істерді қабылдау және өткізу де қатаң түрде нұсқаулыққа сәйкес актімен ресімделіп отырды. Нұсқаулықтан ауытқу орын алып, жұмыс тәртібі бұзылған жағдайда құпия істерді акт бойынша тапсырмаған адам оны қабылдаушы адаммен бірдей жауапқа тартылатын. Жалпы, әр деңгейдегі мекемелердегі құпия құжаттармен жұмыс жасаудың өзіндік ерекшеліктері болды. Мысалы, 1924 жылы 19 тамызда РКП(б) Орталық комитеті өз қызметінде жасалатын құпия құжаттарды пайдалану тәртібін қаулымен бекітеді. Оған сәйкес конспиративтік құжаттарды қабылдап алушы адам, егер Орталық комитеттің және облыстық комитеттің арнайы рұқсаты болмаса ешкімге беруге және лауазымына қарамастан ешкімді құжаттармен таныстыруға құқы болмады [11; 2]. Сонымен бірге құпия бөлім меңгерушілері көшірме-көбейту жасау аппараттарын — ротаторлар, стеклографтарды тиімді пайдалануды қадағалап отырды.

Жұмысқа қажетті аппаратты сатып алуға рұқсат құпия бөлім меңгерушісіне ғана берілді [12; 10]. Құпия құжаттармен жұмыс жасайтын жауапты адам еңбек демалысына немесе іссапарға кетер алдында барлық құжаттарды және істерді акт бойынша екінші жауапты адамға өткізуге міндеттелді.

Құпия құжаттарды тасымалдау мәселесін қарастырсақ, 1929 жылғы 1 ақпаннан бастап Біріккен мемлекеттік саяси басқарманың жанында фельдъегер корпусы және оның филиалдары ашылды. Олар құпия құжаттар салынған конверттерді тасымалдауға жауапты болды. Конвертте құжатты алушы, оның мекенжайы, құжаттың нөмірі және құжатты жіберуші көрсетіледі. Конверттің жоғарғы оң жақ бұрышында «жария етуге жатпайды» жазбасы жазылып, тиісті литер (К, В, А) қойылып, мекеменің мөрімен қол қойылып куәландырылады. Әр литер белгісінің мәні бар. Мысалы, «К» литері «жеке өз қолына», «А» литері жылдам жөнелтілетін аса құпия құжат, «В» литері жылдам жеткізілетін құжаттарға қойылды [4]. Конверттердің желіммен жабылатын тұсына мастикалық мөр қою міндетті болды. «Жария етуге жатпайды» белгісі бар конверттерді жөнелту құны онда қойылған литерге сәйкес анықталып отырды [13; 2]. Кеңес Одағы көлемінде құпия құжаттарды жеткізу фельдъегерер корпусымен қатар Почта және телеграф халық комиссариатының арнайы почта қызметімен де жүзеге асырылды. Шетелге құпия құжаттар Сыртқы істер халық комиссариатының дипломатиялық бөлімшесі арқылы жөнелтіліп отырды [11; 4].

Осылайша, құпия құжаттардың құрамы қалай анықталды және олар қандай мәліметтерді қамтыды деген сауал туындайды. 1926 жылы Одақтық жұмысшы-шаруа инспекциясы халық комиссариаты құпия мәліметтердің нақтыланған алғашқы тізімін әзірлейді. Бұл мәліметтер мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатындағы стратегиялық маңызды міндеттерге қатысты болды. Құпия мәліметтер тізімі бес тараудан тұратын «аса құпия», «құпия» және «жария етуге жатпайды» деген топтарға бөлінген. Негізгі әскери, қаржы-экономикалық және саяси құпия мәліметтердің тізімі осы үш топқа сәйкес түрлі санатқа жатқызылды. Мысалы, әскери мәліметтер «аса құпия» және «құпия» белгісімен, қаржы-экономикалық мәліметтер «құпия» және «жария етуге жатпайды» белгілермен, саяси мәліметтердің құпиялық деңгейі ерекше қағидаларға сәйкес бекітілді [11; 5-10]. Мұның өзі құпияланған мәліметтер бойынша құпия құжаттардың түрлерін анықтауға және құжаттардың жүйе ретінде дамуын көрсетуге мүмкіндік береді. Қазіргі таңда дәстүрлі іс жүргізуде қалыптасқан ұйымдастыру, басқару, есеп-қисап, есеп жүргізу және тексеріс, халықтың көшіп-қонуы, еңбек қатынастары бойынша құжат жүйелерінің қалыптасуы кеңестік кезеңнен бастау алады. Осыған орай құпия құжаттардың сала бойынша жүйелерінің қалыптасуын айқындау да маңызды. Алайда, алғашқы кеңестік жылдары қалыптасқан құпия құжаттардың бірізді жүйесін, нақты түрлерін айқындау мүмкін болмай отыр. Бұл мәселе отандық архивтану ғылымы үшін де маңызды шешім болар еді.

Сонымен, алғашқы қарастыратын құпия әскери мәліметтер «аса құпия» және «құпия» деп екі топқа бөлінген. Аса құпия әскери мәліметтердің саны жиырма алты. Олардың маңыздылары төмендегідей:

- әскерді және елді мобилизацияға дайындау жөніндегі өкімдер мен хат-хабарлар;
- барлық бөлімдердің, салалардың, жекелеген кәсіпорындар мен мекемелердің мобилизациялау кестелері мен жоспарлары, мобилизациялау жоспарымен байланысты өнеркәсіптің өндірістік мүмкіндіктері туралы мәліметтер;
- мобилизациялау кестесі мен негізгі нұсқаулар («себептері») және мобилизациялау жоспарларын әзірлеу бойынша барлық материалдар мен хат-хабарлар, сондай-ақ мобилизациялаудың ортақ жүйесін қандай да бір деңгейде көрсететін мобилизациялау хат-хабарлары;
- мобилизациялау кезінде әскери бөлімшелерді орналастыру жөнінде схеманы және хат-хабарларды қалыптастыруды тарату;
- соғыс бола қалған жағдайда әскерлерді бөлуге арналған тұрғын үй кестесі;
- соғысты жүргізуге берілген несиелер және соғыстың бірінші кезеңіне арналған сметалар;
- эвакуация жоспарлары, оларға арналған материалдар және оларды әзірлеу бойынша хат-хабарлар;
- мобилизациялау органдары жұмысының сипаттамасы;
- елдің әскери-инженерлік, әуе және әскери-химиялық дайындығының мәселелері;
- шабуылдау және қорғанудың химиялық құралдары және әуе шабуылынан қорғану құралдары туралы;
- ерекше маңызды өнертапқыштар мен ұсыныстар;
- өнертапқыштар бойынша аса құпия сипаттағы жаңа қару заттарына тәжірибелік тапсырыстар;
- жаңа қару заттарының сипаттамалары, сызбалары және сметалары;

- түсіндірме жазбасы бар соғыс жағдайындағы пойыздардың қозғалыс кестелері мен тізімдері, сондай-ақ тасымалдау жөнінде келісімдер;
 - әскери бөлімдердің ыдырауын сипаттайтын саяси және моральдық жағдайындағы жаппай келеңсіз құбылыстар туралы мәліметтер [11; 5-10].

Құпия әскери мәліметтердің саны жиырма бір және олардың маңызды түрлері:

- мобилизациялау органдарын ұйымдастыру және олар жөнінде қағидалар;
- шетелде мүліктерге тапсырыс беру туралы хат-хабарлар;
- әскери зауыттардың өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету жағдайы туралы;
- түрлі масштабта әзірленген әскери-топографиялық карталар;
- әскери кемелерді дайындау және кемелерді жөндеу мәселелері;
- шетелде тұратын Кеңес Одағы азаматтарын шақырту жөнінде хат-хабарлар;
- қарулы күштерге қажетті өнімдерді дайындаумен айналысатын азаматтық зауыттардың фотосуреттері мен жоспарлары.

Құпия қаржы-экономикалық мәліметтер жоспарлар, хат-хабарлар, келісімдер, конвенциялар, шарттар, есептер және сметалар тәрізді құжаттарда көрініс табады. Оларға барлығы жиырма алты құпия қаржы-экономикалық мәлімет жатқызылған және олардың құрамында:

- жеке тауарларды экспорттау жоспарлары;
- арнайы импорт жөнінде хат-хабарлар;
- импортты тұтастай алғанда және жеке тапсырыс пен сатып алулар жоспары, әскерге қажетті жылқыларға, әскери өнеркәсіп пен әуе трест үшін сатып алынатын өнімдер;
- сауда, кеден, арнаулы, құқық, санитарлық келісімдер, конвенциялар мен шарттар;
- экспортқа жататын тауарлардың сапасы туралы жағымсыз мәліметтер;
- шетелдік органдардың өз жұмысын ұйымдастыру формалары, көздеп отырған қызметінің сипаты мен аясы туралы нұсқаулары бар есептер;
- валюталық жоспарлар;
- Кеңес Одағының халықаралық есеп айырысулар мен шетелдік займдар туралы хат-хабарлары;
- валюта және қор нарығын реттеу жөнінде нақты жедел іс-шаралар туралы хат-хабарлар;
- Орталық атқару комитетінің, Халық комиссарлар кеңесінің, Сыртқы істер және Әскери теңіз халық комиссариаттарының, Біріккен мемлекеттік саяси басқарманың құпия сметалары бар.

Жария етуге жатпайтын қаржы-экономикалық мәліметтердің саны тоғыз және олар келесі құжат түрлерін қамтиды:

- экспорт-импорт жоспарларын әзірлеу материалдары;
- шетелдік капиталдың қатысуымен акционерлік қоғамдарды құруға дайындық;
- платина және сирек металдардың жаңа игеру орындары туралы;
- экспортталатын тауарлардың калькуляциясы;
- валюта және қор нарығындағы келеңсіз жағдайлар туралы хат-хабарлар [11; 5-10].

Сондай-ақ саяси мәселелер төрт топқа – *«ерекше жағдайларға сәйкес», «аса құпия», «құпия», «жария етуге жатпайды»* деп бөлінген.

«Ерекше жағдайларға сәйкес» мәліметтер тобында партия органдарымен хат-хабарлар және басқа конспиративтік құжаттар болса, *«аса құпия»* тобы алты түрлі мәліметті қамтиды. Олардың бірқатары мыналар:

- Біріккен мемлекеттік саяси басқарма және басқа қадағалау органдарының ақпараттық қорытынды мәліметтері мен шолулары;
- антикеңестік партиялар мен топшылдардың қызметі және олармен күрес туралы ақпарат және материалдар;
- шет мемлекеттермен құпия келісімдер және оларды жасасу, орындау жөнінде хат-хабарлар;
- арнаулы ведомстволардың бағыты бойынша шетелде жұмыс жасайтын адамдар мен штат туралы мәселелер;
- құпия экспедицияларды дайындау және жүзеге асыру және олар жөнінде хат-хабарлар.

Құпия саяси мәліметтердің саны бес және олардың түрлері төмендегідей:

- шет мемлекеттермен құпия емес саяси шарттарды, келісімдерді жасау немесе өзгерістер енгізуді дайындау;
- шекаралық аймақта көрші мемлекеттер тарапынан шекаралық жанжалдар дайындауы туралы мәліметтер;

- ақ эмиграцияға және олардың азаматтығын қалпына келтіру мәселесіне қатысты үкімет саясатының принциптерін өзгерту туралы хат-хабарлар;
- Кеңес Одағына келуге тыйым салынған адамдар туралы мәліметтер;
- ерекше тәртіпте визалар беру туралы хат-хабарлар.

Кеңес Одағында ашық саудаға рұқсат етілмеген ақ гвардияшылдар мен шетел әдебиеті де (кітаптар мен газеттер) «жария етуге жатпайтын» мәліметтерге жатқызылды [11; 5-10].

Мемлекеттік шифрлер, шифрленген және шифрленбеген хат-хабарлар «аса құпия» мәліметтерді құрады. Ал, жеке құрам бойынша мінездемелер, аттестациялық материалдар және осы тізімде құпия деп көрсетілмеген тексерістер мен ревизиялардың материалдары «жария етуге жатпайтын» мәліметтерге жатқызылды.

Берілген құпия мәліметтердің түрлерін талдау оларды түрлері бойынша топтап, құжат жүйелерін қалыптастыру үшін қажет. Әр мәлімет нақты құжаттың функциясы бойынша құжат жүйелеріне жатқызылады. Мәселен, құпия әскери мәліметтерді қамтитын кең тараған құжат түрлері — хат-хабарлар, мәліметтер, жоспарлар, сметалар, үй кестесі, карталар, тапсырыстар, ұсыныстар, келісімдер және фотосуреттер. Құпия қаржы-экономикалық мәліметтер жоспарлар, хат-хабарлар, келісімдер, конвенциялар, шарттар, есептер және сметалар тәрізді құжаттарда көрініс табады. Міне, анықталған құжат түрлері құпия құжат жүйелерінің құрамын анықтауға, ал өз кезегінде ол құжаттың мазмұнын айқындауға ықпал етеді. Жалпы, құпия құжаттардың бірізді жүйелерінің қалыптасуы және дамуы мәселелері дәстүрлі іс жүргізумен салыстырғанда әлі зерттелмеген. Барлық кеңестік құпия мекемелердің қызметінде қалыптасқан құжаттардың пайда болуы, дамуы және оларды дайындаудың әдістемесі жасалуы қажет. Іс жүргізудің әдістемесі оның жылдар бойы жинақтаған тәжірибесіне және қалыптасқан дәстүрлері мен белгілі нормаларына сүйенеді. Осы ретте құпия құжаттармен жұмыс жасау тәртібі дәстүрлі іс жүргізуді ұйымдастыру тәртібіне ұқсас келеді. Құжат жобасын дайындау, құжатқа қол қою, оны тіркеу және орындалуын бақылау, орындалған құжаттарды сақтауға дайындау және өткізу іс қағаздарымен жасалатын жұмыстың негізгі түрлері. Сондықтан, жалпы құжаттарды дайындауға қойылатын талаптар құпия және құпия емес құжаттарға ұқсас болып келеді. Мәселен, алғашқы кеңестік басқару жүйесін ретке келтірумен қатар құжаттарды дайындауға да көңіл бөлініп, Халық Комиссарлар Кеңесінің 1918 жылы 2 наурыздағы «Мемлекеттік мекемелердің бланк формасы туралы» қаулысына сәйкес құжаттарды бланкте ресімдеу тәртібі бекітіліп, құжаттарды бланкілерде дайындаудың ортақ тәртібі қалыптасты.

Құжат түрлерін бір ізге түсіру (біріздеу) және ықшамдау дәстүрлі іс жүргізу де және құпия іс жүргізуге де ортақ әдіс. Басқару шешімдерін бекітетін құжаттар ортақ басқару ісін жетілдіруге бағытталатынын ескерсек, оның ұйымдастыру-ғылыми негізі жасалуы тиіс. 1920 жылдары еңбекті ғылыми ұйымдастыру іс жүргізу саласын да қамтыды. Әр құжатты дайындау бұл тек техникалық жұмысты орындау ғана емес, құжат мазмұны ақпаратының сапасын қамтамасыз етуді де білдіреді. Осындай маңызды мәселелермен айналысатын институттар және лабораториялар жүйесі құрылды. 1922 жылы КСРО Жұмысшы-шаруа инспекциясы халық комиссариатының жалпы басқармасы қарамағында Әкімшілік техникасы секциясынан және Іс жүргізу секциясынан тұратын нормалау бөлімі ашылады. Іс жүргізу секциясы арнайы партия және мемлекеттік аппараттың іс жүргізу қызметінің құрылымын жетілдірумен, орындалуын бақылауды тиімді ұйымдастырумен және жеке басқару қызметкерлеріне арналған жұмыс нормаларын әзірлеумен айналысты. Мұның өзі құпия құжаттармен жұмысқа мемлекеттік маңызды іс ретінде үлкен мән берілгенін көрсетеді. Сонымен бірге кеңестік басқару ісін жетілдіруге бағытталған ортақ мемлекеттік маңызды шаралар да қолға алынды. Ал 1923 жылы еңбекті ғылыми ұйымдастыру жұмыстарын үйлестіру үшін өндірісті, басқаруды, еңбекті ғылыми ұйымдастыру кеңесі құрылды. 1925-1926 жылдары құрылған Құрылысты ұйымдастыру мекемесі және Мемлекеттік басқару техникасы институты бір-бірімен тығыз байланыста жұмыс істей бастайды. Құрылысты ұйымдастыру мекемесі кеңсе жиһаздарының, құрал-жабдықтар мен техника құралдарының үлгілерін әзірлеумен айналысса, Мемлекеттік басқару техникасы институты басқару саласындағы теориялық зерттеулермен айналысты. Расында, бұл шаралар іс жүргізудің теориялық мектебі негізінің қалануына, басқару жүйесін жетілдіруге, еңбекті ғылыми ұйымдастыруға, іс жүргізу тәртібін күшейтуге оң ықпал етті. Дегенмен, әкімшілік-командалық жүйенің орнығуы құжаттармен жұмыс жасауға және оларды саяси, идеология мақсаттарында пайдалануға саяси сипат бере бастауы бұл шараларды тоқтатты. Қоғамның барлық саласында міндеттерді «мобилизация» тәртібінде ұйымдастыру қолға алынып, тиісті қажетті нұсқаулықтар әзірленді. Мәселен, белгілі партияны жат элементтерден тазалау жұмыстарын «мобилизация» тәртібінде ұйымдастыруда «Біріккен мемлекеттік

саяси басқарманың, Шекара қызметі мен ішкі әскерлерінің партиялық ұйымдарын тазалауды және тексеруді өткізу тәртібі туралы арнайы нұсқаулық» басшылыққа алынды. Біртіндеп құпия құжаттармен жұмысты ұйымдастыру «құпия-мобилизация іс жүргізу» деп өзгереді [13; 15].

Әйтсе де, 1920-шы жылдары әлі де құпия мәліметтерді жария етуге болмайтыны жөнінде басшылыққа алатын нұсқаулар жеткіліксіз еді. Қазақстан бойынша Біріккен мемлекеттік саяси басқарманың Өкілетті өкілінің бастығы Каширин 1925 жылы 4 қаңтарда № 4247/2 БКП(б) ОБК төрағасы Панинге хат жолдайды. Онда бірқатар мекемелердің, атап айтқанда, «Біріккен мемлекеттік саяси басқарманың Өкілетті өкілі — Ішкі сауда, Жер шаруашылығы, Ішкі істер халық комиссариаттарына, Қазақ бюросына, Бүкілресейлік кәсіподақтардың орталық кеңесіне және басқа да мекемелерге жолданған ақпараттық хаттардың мазмұны жария болып отырғаны көрсетіледі. Мекемелер орталықтан жіберілген материалдарды сілтеме ретінде көрсетіп, жергілікті мекемелерге жіберіп отырған. «Аса құпия» дереккөздерден алынатын мұндай мәліметтер республикалық мекемелер басшыларына күнделікті жұмысында бағдар үшін жіберілетінін және оларды қатаң құпия сақтау тиісті екенін жеткізеді [14; 12]. Сондай-ақ, құпия құжаттармен алмасу ісінде жұмысты жүргізудің өз деңгейінде, әсіресе, жергілікті жерлерде оларға жауапты адамдардың міндеттерін нақтылау және жұмыс орнын қажетті құралдармен жабдықтау мәселелерінің талапқа сай еместігі анықталады. Мәселен, Ресей Жұмысшы-шаруа инспекциясын халық комиссариатының 1926 жылы 28 желтоқсанда құпия-мобилизация құжаттармен жұмыс жасау тәртібі туралы № 24/с құпия циркулярын жолдайды. Жұмысшы-шаруа инспекциясының барлық жергілікті мекемелеріне жолданған бұл циркулярға РКФСР ЖШИ Халық комиссарының орынбасары Пастухов, Алқаның жауапты хатшысы Хилобокова қол қойып, БКП(б) Орталық бақылау комиссиясының хатшысы растайды [11; 2]. Жергілікті жұмысшы-шаруа инспекциясының мекемелері құпия-мобилизация құжаттармен жұмыс жүргізудің негізгі талаптарын бұлжытпай орындауға міндеттеледі. Нәтижесінде құпия-мобилизация құжаттармен жұмыс жасайтын жауапты адамдардың саны азайтылады.

Құпия іс жүргізудің ұйымдастырылуы мен оны жүргізу міндетін құпия бөлімшелер қалай орындады? Осы ретте құпия бөлімшелердің жұмысын тексеруді кім және қалай жүргізді деген сауалдардың қойылуы орынды. Аса мән беретін жайт, 1921 жылы құрылған Жұмысшы-шаруа инспекциясының халық комиссариаты мемлекеттік аппаратты жетілдіру шараларын қолға алды. Аталмыш шара аясында жүргізілген кеңестік аппаратты тазалау және тазарту, үнемдеу оң нәтиже бермеді. Қайталауларға жол беріліп, партиялық және кеңестік жұмыстың бір арнаға тоғысуы біртіндеп бюрократиялық жүйенің қалыптасуына әкелді. Мекемелерде қаржы сметасы бойынша дұрыс жұмсалудың, партия мүшелерінің нақты есебін жүргізуді, кеңсе жұмысын реттеуді қатаң бақылауға алып, жиі тексерістер жүргізіледі [15, 44]. 1926 жылдың басынан бастап құпия бөлімшелердің жұмысын тексеру басталады. Тексерісті Біріккен мемлекеттік саяси басқарманың Өкілетті өкілі растаған куәлік негізінде партия қызметкері жүргізіп, оның нәтижесін актімен растап отырды. Мысалы, Посаженниковке 1926 жылғы 27 қаңтарда Біріккен мемлекеттік саяси басқарманың Өкілетті өкілінің № 9125/4 берген куәлігі негізінде құпия іс жүргізуді тексеру құқы берілген [16; 7]. Осы жылдың 27 қаңтар және 18 ақпан аралығында барлығы он төрт республикалық мекеме тексерілген. Қазақ сауда, Қазақ КСР Орталық іздеу басқармасы, Байланыс округі басқармасы, Қызылорда Почта-Телеграф конторасы, «Центрспирт» өкілетті басқармасы, Қазақ ауыл шаруашылық одағы, Қазақ Өлкелік одағы, «Казхлебторг», «Казмясопродукт» мекемелерінде, Ішкі істер халық комиссариатында тексерісті Посаженников, ал Жер шаруашылығы, Қаржы халық, Халық ағарту комиссариаттарында, Қазақ халық шаруашылығы орталық кеңесінде Р. Жалудь жүргізген. Тексеріс барысында не анықталды және оның нәтижелері не берді?

Байланыс округі басқармасында тексеріс барысында анықталған жайттар мынадай еді. Құпия құжаттармен жұмысқа жауапты адам болмаған, оны басқарма хатшысы, партия мүшелігінде жоқ Лебедев жүргізген. Құпия құжаттардың сақталуын қамтамасыз етуге еш жағдай жасалмаған. Жауапты адамдарға бақылау жоқ, архивтің жай-күйі мен сақталуы да талапқа сай болмаған. Тексеріс нәтижесінде жауапты адамдарға өте сақ болу шараларын күшейтуге баса назар аудару, архив істерін қалыпқа келтіру, арнайы тізімдеме жасау, құпия құжаттарды секретариаттың жалпы істерінен бөлек сақтап, бөгде адамдардың қолжетімділігіне жол бермеу қажеттігі ұсынылады [16; 7-8]. Құжаттарды машинаға теру кезінде сақтық шаралары сақталмағаны да анықталады. Құпия бөлімшенің бөлмесі талапқа сай болмай, секретариатқа немесе бастыққа келетін кез келген қызметкер және бөтен адамдардың барлығы еркін кіре алатын болған. Істердің сақталуы талапқа сай болмағаны да анықталған [16; 7].

Басқа мекемелердегі тексеріс нәтижелеріне шолу жасау нені көрсетті? Қазақ сауда (Казторг) мекемесінде құпия құжаттармен жұмыс және сақтау жөніндегі нұсқаулық болмаған. 1925 жылы партия

мүшесі Стариков жауапты хатшы қызметін атқарады. Казторг басқарма басшысы коммунист болмағандықтан, бұл міндет басқа коммунистке тапсырылады. Құпия хаттарды дайындау дұрыс сақталған, яғни машинкаға басылып, конверттеліп, каучук мөрмен, ал аса құпия құжаттар сургуч мөрмен куәландырылады [16; 10]. Ішкі істер халық комиссариатында кеңсе бастығы Елеуменов және Құпия бөлімше меңгерушісі Ишкованың қатысуымен тексеріс нәтижесінде мына жайттар анықталған. Мекемеде құпия құжаттардың «К» тобынан басқа құжаттарды құпия бөлімше меңгерушісі тіркеу журналына тіркеп, халық комиссарына немесе Орталық әкімшілік басқарма бастығына хабарлап отырған. 1921-1923 жылдары құжаттардың істер тізімдемесі жасалмаған. Жауапты адамдардың барлығы сенімді, мемлекеттік құпияны сақтау тәртібін бұзбаған. Барлық істер мен кітаптар арнайы бөлмеде құлыпталатын шкафта сақталады [16; 4]. Қазақ КСР Орталық іздеу басқармасында құпия құжаттарға жауапты адамның болмауы және бұл іске бүкіл штаттың, атап айтқанда, аға инспектор, ғылыми-техникалық бөлім меңгерушісі, іс жүргізуші, тіркеушінің қатысуы бары анықталған. Құпия құжаттар ортақ кеңсе арқылы өтеді. Арнайы ғимараттың жоқтығына байланысты қауіпсіздік мәселесіне, құпия құжаттардың сақталуын қамтамасыз етуге көңіл бөлу ұсынылады [16; 9]. Қаржы және Жер шаруашылығы халық комиссариаттарында тексеріс нәтижесі бойынша алғашқысында құпия бөлімше меңгерушісінің басшылығымен құжаттармен жұмыс жүргізу өз дәрежесінде ұйымдастырылған. Ал Жер шаруашылығы халық комиссариатында құпия құжаттардың орындалуын бақылау іс жүзінде жолға қойылмағаны анықталады. Құжаттарға тізімдеме жасалмаған, нөмірленбеген, түптелмеген және мөр соғылмаған. Осындай кемшін тұстары анықталған құпия іс жүргізуді ұйымдастыру жөнінде мынадай ортақ қорытынды жасалады:

- жоғары тұрған органнан құпия іс жүргізу жөніндегі нұсқаулықты сұрату,
- істер тізімдемесін жасау,
- құпия құжаттардың орындалуын бақылау,
- алдыңғы жылдардың істерін ретке келтіру,
- алдыңғы және ағымдық жылдың ішкі, шығыс журналдарын нөмірлеу,
- түптеу жұмыстарын орындау. Сонымен қатар мүмкіндігінше темір сандық алу, болмағанда қолда бар шкафты мөрмен бекітіп жабық ұстау ұсынылады [16; 13-23].

Бірқатар мекемелерде, оның ішінде, Қызылорда Почта-телеграф конторасында, Халық ағарту халық комиссариатында, Қазақ Халық шаруашылығының орталық кеңсесінде, Қазақ ауыл шаруашылық одағында, Қазақ өлкелік одағында және «Казхлебторг», «Казмясопродукт», «Центрспирт» мекемелерінде құпия іс жүргізудің жайы қанағаттанарлық деп танылып, бірқатар ұсыныстар беріледі. Құжаттармен жұмыс жасау талаптарын қатаң сақтаумен бірге жауапты адамдарды қатаң есепке алу қажеттігі ұсынылады [16; 25-28]. Сонымен, 1926 жылғы тексеріс нәтижесі құпия құжаттармен жұмысты күшейтуге баса мән беріп, жауапкершілікті арттыруды көздейді. 1922 жылғы РКФСР Қылмыстық кодексінің 66-бабына сәйкес «Мемлекеттік құпия құрайтын мәліметтермен бөлісу, оларды хабарлау немесе жинау тәрізді тыңшылық әрекеттерге қатысқан» жағдайда, кінәлі адамның барлық мүлкі тәркіленіп, ең жоғарғы жаза қолдану көзделеді. Кейінгі жылдары, нақты 1947 жылғы 8 маусымдағы КСРО Министрлер кеңесінің № 2009 қаулысы бойынша мемлекеттік құпия құрайтын мәліметтер саны әскери, экономикалық, әскери емес және басқа да сипаттағы мәліметтермен толықтырылады. Барлығының жалпы саны он үш мәлімет қосымша мемлекеттік құпия құрайтын мәліметтерге жатқызылады [17]. Бұл мәліметтерді жариялаған және кінәлі деп табылған адамдардың ісі Әскери трибуналда қаралып, кемі бес жылдан жиырма жылға дейін еңбек түзету лагерлеріне қамау жазасы қолданылады. Мұндай қатаң жазаны қолдану осы жылдың 9 маусымдағы КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының жарғысымен бекітіледі [18].

Қорытынды

Кеңестік биліктің үстем құрған алғашқы жылдарында-ақ мемлекеттік құпияны сақтау шаралары қолға алынды. Мемлекеттің маңызды стратегиялық әскери және қаржы салаларында мемлекеттік құпия мәліметтердің түрлері анықталып, оларды сақтау және жұмыс жүргізу тәртібі ерекше нұсқаулықпен бекітілді. «Аса құпия», «құпия» және «жария етуге жатпайды» топтарына бөлінген құпия құжаттар ішкі түр бойынша да бөлінді. Құпия құжаттармен жұмысты жүргізу дәстүрлі іс жүргізуден бөлек ұйымдастырылып, арнайы бөлімдерге жүктелді. Бұл бөлімдердің жұмысы арнайы органдардың қатаң бақылауына алынып, өзара ақпаратпен алмасу және оны жеткізудің де ерекше тәртібі қалыптасты. Құпия бөлімшелер Мемлекеттік саяси басқарма органдарының бақылауына алынды. Мемлекет ішінде Біріккен мемлекеттік саяси басқарманың жанында фельдъегер корпусы және оның филиалдары

құпия құжаттарды тасымалдауға жауапты болса, Сыртқы істер халық комиссариатының Дипломатиялық бөлімшесі шетелге жолданатын құпия құжаттардың тасымалына жауапты болды. Кеңестік-партиялық диктатураның үстемдігі күшейген сайын құпия мәліметтер құрайтын құжаттармен жұмыстарға қойылатын талаптар да күшейтілді. Партиялық және кеңестік мекемелердің жұмыс жағдайын, оның ішінде құжаттармен жұмыс жасайтын кеңсе жұмысын реттеу қатаң бақылауға алынып, жиі тексерістер жүргізілді. Тексерістер нәтижесінде бірқатар орталық мекемелерде құпия құжаттармен жұмыстың кемшіліктері, атап айтқанда, құпия құжаттармен орындалатын процедуралары мен олардың орындалуын бақылау іс жүзінде жолға қойылмағаны анықталады. Құпия іс жүргізу нұсқаулығын басшылыққа алмай өрескел қателіктерге жол берген кінәлі адамдар қатаң партиялық-әкімшілік жауапкершілікке, ал қасақана бұзған жағдайда сот үкімінсіз қылмыстық жауапкершілікке тартылды.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Гессен В.М. Вопросы местного управления [Электронный ресурс] / В.М. Гессен. — СПб.: Типо-литография А.Е. Ландау, 1904. — 98 с. — Режим доступа: <http://constitution.garant.ru/science-work/pre-revolutionar/5167418/>.
- 2 Грациози А. Новые архивные документы советской эпохи: источниковедческая критика / А. Грациози // Отечественные записки. — 2008. — № 4. — С. 253–275.
- 3 Деген Р. Советские и российские архивы на страницах «Archeiona» — старейшего польского журнала по архивному делу / Р. Деген // Документальное наследие и историческая наука: материалы Уральского историко-архивного форума (11–12 сентября 2020 г.). — Екатеринбург: Изд-во Урал. ун-та, 2020. — С. 524–537.
- 4 Тарасюк А.Я. Инструкция по ведению секретного делопроизводства и хранению секретной переписки в органах переселения как источник по истории становления тоталитарного режима (1920–1930 гг.) / А.Я. Тарасюк // Документ. Архив. История. Современность: материалы IV Междунар. науч.-практ. конф. (1–4 ноября 2012 г.). — Екатеринбург: Изд-во Урал. ун-та, 2012. — С. 93–97.
- 5 Давлетханова Н.А. Законодательство СССР и России в области защиты информации / Н.А. Давлетханова // Документ. Архив. История. Современность: материалы VI Междунар. науч.-практ. конф. (2–3 декабря 2016 г.). — Екатеринбург: Изд-во Урал. ун-та, 2016. — С. 84–88.
- 6 Иванов Н.В. Организация секретного делопроизводства на территории Чувашской АССР в первый период Великой Отечественной войны / Н.В. Иванов, С.Ю. Михайлова, А.Л. Музыкова // Вестн. Чуваш. ун-та. — 2020. — № 2. — С. 36–43.
- 7 Yasmann V. The KGB Documents and the Soviet Collapse: Part II / V. Yasmann, V. Zubok. — 2006. — The National Council for Eurasian and East European Research 910 17th Street, N.W. Suite 300. Washington, D.C.
- 8 Куренков Г.А. Защита военной и государственной тайны в деятельности Главлита в 1944 году / Г.А. Куренков // Ученые записки Петрозаводского университета. — 2019. — № 4. — С. 92–99.
- 9 Батулин П.В. Главный комиссар военной цензуры И.С. Плотников: предпринимательство в государственном строительстве и альтернативы жизненных планов / П.В. Батулин // История книги и цензуры в России. Пятое Блюмовские чтения: материалы V Междунар. науч. конф. (21 мая 2018 года). — СПб.: Культурно-просветительское товарищество, 2019. — С. 115–135.
- 10 АП РК. — Ф. 719. — Оп. 4. — Д. 636. — Л. 21–24.
- 11 АП РК. — Ф. 719. — Оп. 1. — Д. 670. — Л. 2–10.
- 12 АП РК. — Ф. 719. — Оп. 3. — Д. 2. — Л. 10.
- 13 АП РК. — Ф. 719. — Оп. 1. — Д. 1298. — Л. 2–15.
- 14 АП РК. — Ф. 719. — Оп. 1. — Д. 651. — Л. 12.
- 15 АП РК. — Ф. 719. — Оп. 1. — Д. 652. — Л. 44.
- 16 АП РК. — Ф. 719. — Оп. 1. — Д. 643. — Л. 4–28.
- 17 Постановление Совета Министров СССР от 8 июня 1947 г. № 2009 «Об установлении перечня сведений, составляющих Государственную тайну, разглашение которых карается по закону». — [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <https://www.consultant.ru/cons/cgi/online.cgi?req=doc&rnd=AZ2hg&base=ESU&n=35936#avSpOfTYdcJrhFpq1>.
- 18 Указ Президиума Верховного Совета СССР от 9 июня 1947 г. «Об ответственности за разглашение Государственной тайны и за утрату документов, содержащих Государственную тайну». — [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <https://www.consultant.ru/cons/cgi/online.cgi?req=doc&base=ESU&n=20057#S7n0PtTonC1RQ9V>

А.С. Ыскак, Г.Б. Жуматай

Секретное делопроизводство в системе советского управления Казахстана (1920–1930 гг.)

В статье на основе тщательного анализа документов Фонда 719 Архива Президента Республики Казахстан исследовано и проанализировано секретное делопроизводство в системе советского управле-

ния Казахстана в 1920–1930-е годы. Роль и значение секретного делопроизводства в системе советского управления, его отличие от традиционного делопроизводства — одна из тем, не взятых в качестве объекта исследования в отечественной гуманитарной науке. Безусловно, секретное делопроизводство, представляя собой сложный процесс, состоит из нескольких этапов, которые включают в себя подготовку секретных документов, организацию их движения и хранения. Вполне естественно, что секретное делопроизводство стало мощной силой в системе советского управления, тесно связанной с крупными политическими, социальными и экономическими преобразованиями в обществе. Секретная информация, касавшаяся стратегических направлений советского государства, таких как военное, финансово-экономическое, политическое развитие, делилась на три категории. Порядок приема и пересылки секретных документов устанавливался специальными инструкциями, организовывались специальные службы. Секретные части находились под строгим контролем Государственного политического управления. Применение чисто обследовательского метода при проверке работы секретных частей превратило негласную процедуру в гибкий инструмент замкнутой партийно-советской системы управления. Данная тема, требующая глубокого и всестороннего исследования в междисциплинарном контексте, была осуществлена с помощью анализа доступных секретных документов различного характера, созданных в деятельности советских контрольных органов.

Ключевые слова: секретное делопроизводство, советская система управления, секретные документы, особый отдел, секретный отдел, контрольный орган, конфиденциальность информации.

A.S. Yskak, G.B. Zhumatay

Secret office work in the system of Soviet administration of Kazakhstan (1920–1930)

In the paper secret office work in the system of Soviet administration of Kazakhstan during the 1920s–1930s based on the careful analysis of documents of 719 fund of the Archive of the President of the Republic of Kazakhstan is explored and analyzed. The role and significance of secret office work in the system of Soviet administration, its difference from traditional office work, is one of the topics not taken as an object of research in the national humanitarian sciences. Secret office work, of course, consists of complex processes of several stages, which include preparation of confidential documents, organization of their movement and storage. It was natural for secret office work to become a powerful force in the Soviet administration system, which is closely related to the major political, social, and economic reforms in society. Secret information related to the strategic directions of the Soviet state such as military, financial and economic, political development, was divided into three categories. The procedure for receiving and sending confidential documents was established by special instructions, and special services were organized. The secret units were under strict control of the State Political Administration. The use of the pure inspection method in the inspection of the service turned the secret procedure into a flexible tool of the closed party-soviet management system. This topic that requires research in an interdisciplinary context was carried out with the help of the analysis of accessible classified documents in the service of Soviet control bodies.

Key words: secret office work, Soviet management system, secret documents, special department, secret department, control body, confidentiality of information.

References

- 1 Gessen, V.M. (1904). Voprosy mestnogo upravleniia [Local government issues]. Saint-Petersburg. Retrieved from <http://constitution.garant.ru/science-work/pre-revolutionar/5167418/> [in Russian].
- 2 Gratsiozi, A. (2008). Novye arkhivnye dokumenty sovetskoï epokhi: istochnikovedcheskaia kritika [New archival documents of the Soviet era: source criticism]. *Otechestvennye zapiski — Domestic notes*, 4, 253–275 [in Russian].
- 3 Degen, R. (2020). Sovetskie i rossiiskie arkhivy na stranitsakh «Archeiona» — stareishego polskogo zhurnala po arkhivnomu delu [Soviet and Russian archives on the pages of “Archeiona” — the oldest Polish magazine on archives]. *Uralskii istoriko-arkhivnyi forum (11–12 sentiabria 2020 goda) — Documentary heritage and historical science: materials of Ural Historical and Archival Forum* (September 11–12, 2020). Ekaterinburg: Izdatelstvo Uralskogo universiteta, 524–537 [in Russian].
- 4 Tarasiuk, A.Ya. (2012). Instruksiia po vedeniiu sekretnogo deloproizvodstva i khraneniui sekretnoi perepiski v organakh pereseleniia kak istochnik po istorii stanovleniia totalitarnogo rezhima (1920–1930 gg.) [“Instructions for keeping secret records and keeping secret correspondence in the resettlement authorities” as a source on the history of the formation of the totalitarian regime (1920–1930)]. *IV Mezhdunarodnaia nauchno-prakticheskaia konferentsiia (1–4 noiabria 2012 goda) — Document. Archive. Story. Modernity: materials of the 4th International Scientific and Practical Conference (November 1–4, 2012)*. Ekaterinburg: Izdatelstvo Uralskogo universiteta, 93–97 [in Russian].
- 5 Davletkhanova, N.A. (2016). Zakonodatelstvo SSSR i Rossii v oblasti zashchity informatsii [Legislation of the USSR and Russia in the field of information security]. *VI Mezhdunarodnaia nauchno-prakticheskaia konferentsiia (2–3 dekabria 2016 goda) — Document. Archive. Story. Modernity: materials of the 4th International Scientific and Practical Conference (December 2–3, 2016)*. Ekaterinburg: Izdatelstvo Uralskogo universiteta, 84–88 [in Russian].
- 6 Ivanov, N.V., Mikhailova, S.Yu., & Muziakova, A.L. (2020). Organizatsiia sekretnogo deloproizvodstva na territorii Chuvashskoi ASSR v pervyi period Velikoi Otechestvennoi voiny [Organization of secret office work on the territory of the Chuvash ASSR in the first period of the Great Patriotic War].

ASSR in the first period of the Great Patriotic War]. *Vestnik Chuvashskogo universiteta — Bulletin of the Chuvash University*, 2, 36–43 [in Russian].

7 Yasmann, V. & Zubok, V. (2006). *The KGB Documents and the Soviet Collapse: Part II*. The National Council for Eurasian and East European Research 910 17th Street, N.W. Suite 300. Washington, D.C.

8 Kurenkov, G.A. (2019). Zashchita voennoi i gosudarstvennoi tainy v deiatel'nosti Glavlita v 1944 godu [Protection of military and state secrets in the activities of Glavlit in 1944]. *Uchenye zapiski Petrozavodskogo universiteta — Scientific notes of Petrozavodsk University*, 4, 92–99 [in Russian].

9 Batulin, P.V. (2019). Glavnyi komissar voennoi tsenzury I.S. Plotnikov: predprinimatel'stvo v gosudarstvennom stroitel'stve i alternativy zhiznennykh planov [Chief Commissar of Military Censorship I.S. Plotnikov: Entrepreneurship in State Construction and Alternatives to Life Plans]. V *Mezhdunarodnaia nauchnaia konferentsiia (21 maia 2018 goda) — History of books and censorship in Russia. Fifth Bloom Readings: materials of the 5th International Scientific Conference (May 21, 2018)*. Saint-Petersburg: Kulturno-prosvetitel'skoe tovarishchestvo, 115–135 [in Russian].

10 AP RK [Archive of the President of the Republic of Kazakhstan]. — F. 719. — Op. 1. — D. 636. — L. 21–24 [in Russian].

11 AP RK [Archive of the President of the Republic of Kazakhstan]. — F. 719. — Op. 1. — D. 670. — L. 2–10 [in Russian].

12 AP RK [Archive of the President of the Republic of Kazakhstan]. — F. 719. — Op. 1. — D. 2. — L. 10 [in Russian].

13 AP RK [Archive of the President of the Republic of Kazakhstan]. — F. 719. — Op. 1. — D. 1298. — L. 2–15 [in Russian].

14 AP RK [Archive of the President of the Republic of Kazakhstan]. — F. 719. — Op. 1. — D. 651. — L. 12 [in Russian].

15 AP RK [Archive of the President of the Republic of Kazakhstan]. — F. 719. — Op. 1. — D. 652. — L. 44 [in Russian].

16 AP RK [Archive of the President of the Republic of Kazakhstan]. — F. 719. — Op. 1. — D. 643. — L. 4–28 [in Russian].

17 Postanovlenie Soveta Ministrov SSSR «Ob ustanovlenii perechnia svedenii, sostavliaiushchikh Gosudarstvennuiu tainu, razglashenie kotorykh karaetsia po zakonu» [Resolution of the Council of Ministers of the USSR “On establishing a list of information constituting State secrets, the disclosure of which is punishable by law”]. Retrieved from <https://www.consultant.ru/cons/cgi/online.cgi?req=doc&rnd=AZ2hg&base=ESU&n=35936#avSpOtTYdcJrhFpq1> [in Russian].

18 Ukaz Prezidiuma Verhovnogo Soveta SSSR «Ob otvetstvennosti za razglashenie Gosudarstvennoi tainy i za utratu dokumentov, sodержashchikh Gosudarstvennuiu tainu» [Decree of the Presidium of the Supreme Soviet of the USSR “On liability for disclosure of state secrets and for the loss of documents containing state secrets”]. Retrieved from <https://www.consultant.ru/cons/cgi/online.cgi?req=doc&base=ESU&n=20057#S7n0PtTonC1RQ9V> [in Russian].

Information about authors

Yskak, A.S. — Doctor of historical sciences, associate professor of the School of arts and humanities, Narxoz University, Almaty, Kazakhstan;

Zhumatay, G.B. — Candidate of historical sciences, assistant professor, Narxoz University, Almaty Kazakhstan.

<https://doi.org/10.31489/2024NPh1/132-140>

ЭОЖ 1.123

Мақаланың редакцияға түскен күні: 02 қыркүйек 2023 ж. | Қабылданған күні: 13 желтоқсан 2023 ж.

Ж.Ө. Дағарова^{1*}, Ғ.Р. Сейфуллина¹, С.М. Аралбай²

¹Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан;

²Қарағанды медицина университеті, Қарағанды, Қазақстан

(E-mail: janka_04@mail.ru; galiya-magavina@mail.ru; saken_aralbai@mail.ru)

Стойктер іліміндегі тағдыр идеясы философиялық мәселе ретінде

Мақалада ең алдымен тағдыр идеясына қатысты алуан түрлі көзқарастар қарастырылып, тағдыр мәселесіне тарихи-философиялық талдау жасалған. Тағдыр мәселесінде бір жағынан адамның еркін таңдауына және оның өмірінің алдын ала анықталғандығына да қатысты бір-біріне екі қарама-қарсы көзқарастар айқындалады. Қоғамның құрылысы және ондағы әлеуметтік мәдени даму деңгейіне қарамастан, қоғам дамуының барлық кезеңдерінде осы тағдыр мәселесінің шешімі екіұшты және өткір пікірталас тудыратын мәселе болып қала беретіндігі белгілі. Авторлар жаһанданудың тарихи контекстінде және әлеуметтік трансформациялар жағдайында қарастырылатын адамзат тағдырын түсінудің мән-мағынасына зерттеу жүргізген. Осыған байланысты стоиктер философиясының тағдыр идеясына байланысты ұсынған ойлары қазіргі заманымыздағы адамзат баласының адамгершілік, этикалық мінез-құлығына ерекше мағына береді. Сонымен қатар, стоиктердің әртүрлі дағдарыстық жағдайларды шешу барысында осыларды қолданудың потенциалды мүмкіндігі қарастырылған. Стоицизм идеяларына философиялық талдау жасау арқылы олардың қазіргі өмір сүріп отырған заманымыздағы өзектілігі көрсетілген.

Кілт сөздер: тағдыр, бақыт, ізгілік, құмарлық, даналық, батылдық, байсалдылық, әділеттілік, мойынсұну, еркіндік.

Kipicne

Философиялық ойлардың дамуының заманауи кезеңінде адамның тағдыры мәселесі бұрынғыдай жеткілікті дәрежеде толығымен танылған жоқ. Осыған байланысты жаһанданудың тарихи контекстінде және әлеуметтік трансформациялар жағдайында қарастырылатын адамзат тағдырын түсінудің мән-мағынасына зерттеу жүргізу қажеттілігі туындап отыр. Адамның тағдыры мәселесі адамзат тарихының негізгі мәселесі.

Мәселенің өзектілігі — адамның болмысына түбірлі өзгеріс әкелуі мүмкін және оның еркін қызметін мақұлдауда немесе терістеуде болып табылады. Адам өзінің тағдырын өзі таңдайды ма немесе тағдырдан келетін белгінің жұмбақтарын ашып, белгілі бір салынған жол бойынша жүреді ме? Осыдан адам өзінің өмірінің барысына қанағаттанбауынан тағдырға мойынсұну керек пе әлде оны өзгертуге тырысу керек пе деген өзекті мәселе шығады.

Мәселенің өңделу дәрежесінде мақаланы жазуға Гераклит, Сократ, Платон, Д. Фрэнгер, Л.И. Василенко, Г. Шишкофф, В.А. Малинин, И.Т. Фролов, Ж.П. Сартр, Шопенгауэр сияқты көрнекті ойшылдардың философиялық зерттеулері арқау болды. Стоицизм ілімінің өкілдері саналатын Зенон, Цицерон, Сенека, Эпиктет сияқты ойшылдардың көзқарастары зерттеу тақырыбының мақсатына қол жеткізу барысында өзекті болды.

* Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: janka_04@mail.ru

Зерттеу жұмысының объектісі — тағдырға қатысты алуан түрлі анықтамалар мен концепцияларды талдау.

Зерттеу жұмысының пәні — стоицизм идеяларына философиялық талдау жасау арқылы олардың қазіргі өмір сүріп отырған заманымыздағы тағдыр мәселесіне қатысты өзектілігін көрсету.

Зерттеу жұмысының мақсаты — стоицизм іліміне сүйеніп дұрыс ой мен әлемді дұрыс түсіну арқылы ізгі өмірге жол салуға болатындығын, ал ізгілік тәніңнің тілектерімен емес, ақыл–парасатыңмен өмір сүруге деген ұмтылыс болып табылатындығын ұғыну стоицизм әлемдегі тәртіп пен реттілікті және үйлесімділікті жасауға бағытталған практикалық философия болып табылады.

Зерттеу әдістері

Мақаладағы стоиктер іліміндегі тағдыр идеясы философиялық мәселе ретінде зерттеуде қолданылған әдістердің біріне диалектикалық әдіс жатады. Ол тағдыр мәселесін қарама–қарсылықтардың бірлігі мен дамуында жан жақты қарастыруға және анықтауға негізделген. Өйткені, тағдыр түсінігі қажеттілік пен еркіндік, фатализм мен волюнтаризм, өмір мен өлім сияқты қарама–қарсылықтардан тұратын диалектикалық категорияға жатады. Кейін уақыт өте келе тағдыр түсінігі диалектикалық тұрғыдан дамыды.

Тағдыр мәселесіне синтез жасау және нәтижелерді жалпылау үшін оның тарихи дамуына қатысты алуан түрлі концепцияларға талдау әдісі жасалды.

Тағдыр концепциясының дамуының жалпы тенденциясын анықтауға мүмкіндік беретін тарихи — салыстыру әдісі қолданылды.

Стоицизм іліміндегі тағдыр мәселесін анықтау мақсатында стоицизм бағытының өкілдерінің еңбектерін талқылау үшін герменевтикалық әдіс пайдаланылды.

Нәтижелер мен оларды талқылау

Тағдыр мәселесі философиялық антропологияның басты мәселелерінің бірі болып табылғандықтан, ол антропологиялық аспектіде қарастырылады. Философияға «Тағдыр» ұғымының енгізілуінің қажеттілігі адамның өмірі мәселесі философиялық рефлексияның объектісі ретінде қалыптасқаннан басталды. Тарихқа жүгінсек, адамзат баласы тағдыр мәселесіне ертеден қызығушылық танытып келеді. Алуан түрлі ойшылдардың зерттеулерінде тағдыр ұғымы әр түрлі аспектілерде зерттеліп, нақтыланып және түсіндіріліп келе жатыр. Осы сияқты түсіндірмелердің барлығы адам не үшін өмір сүреді және оның өмірінде болып жатқан жағдайлардың барлығы неге байланысты деген сұраққа берілетін жауап болып табылады. Тағдыр түсінігі таңдап алынған көзқарастық концепцияға байланысты, алуан түрлі талдаулардан тұрады.

Тағдыр ұғымымен ауқымды мәселелердің шеңбері байланысты болып келеді. Мысалы оларды былай бөлуге болады: 1) тағдыр ұғымының мазмұны мен оның әртүрлі философиялық және діни жүйелердегі орны; 2) адамның күнделікті санасындағы тағдыр ұғымы; 3) жеке дүниетанымдық жүйелердегі тағдыр ұғымы; 4) тағдыр ұғымының әмбебап белгілері және оның түрленуінің шекаралары; 5) тағдыр ұғымының көркем шығармашылыққа әсері, мысалы: сюжеттің құрылуы, мәтіннің құрылымы, сөздің қолданылуы, образдардың қалыптасуы және т. б.

Өмір философиясында тағдыр адам өміріне маңызды түрде әсерін тигізетін күштерге байланыстылығын көрсететін ұғым ретінде қалыптасқандықтан, тағдыр түсінігі құдайдың еркіне, табиғат күштеріне, рухтарға, жасаған зұлымдық және қайырымды істеріне байланысты болып табылатын адамзат өмірінің алдын ала анықталғандығымен түсіндіріледі. Бұл ұғым алғаш рет б.э.д. II мыңжылдықтың басы мен III мыңжылдықта шумерлік мәтіндерде кездесті. Ол әрі қарай өз дамуын мифологиялық шеңберден тапты, яғни барлық архаикалық мәдениеттерде кездесетін. Осы сұрақты талқылаудың кейбір аспектілері антикалық ойшылдардың еңбектерінен көрініс табады, онда олар мұны екі мәселе ретінде анықтайды. Бірінші мәселе: тағдыр адамға Құдайдан беріледі ме немесе ол табиғат заңдарының салдары ма? Екінші мәселе: тағдыр мен адамның еркін қалай біріктіруге болады? XX ғасырдағы кеңестік ойшылдар «Тағдыр» терминін философиялық категория мәртебесіне жетпеген экзистенциал ретінде қарастырды және ол өмір жолының синонимі түріндегі метафора ретінде қолданылды. Д. Фрэзер тағдыр ұғымы адамзат баласының біртіндеп магиялық түсініктерден алшақтағанда, магияны қолданудың тиімділігінен түңілген кезде, табиғат күштерінің алдындағы дәрменсіздік кезінде пайда болған деп түсіндірді.

Философиялық энциклопедиялық сөздіктерге сүйенсек, «Тағдыр дегеніміз адамдардың өмірінде болып жатқан оқиғалар мен олардың амал әрекеттерінің ақылға сыйымсыз және түсініксіз алдын ала

анықталып белгіленуі» [1; 663]. Л.И. Василенконың қысқаша діни-философиялық сөздіктерінде пұтқа табынушылық сенімге негізделген нанымға сәйкес мынадай анықтама берілген: «Тағдыр дегеніміз әлемдегі барлық адамдар бағынатын барлық құдайлардан да құдіретті еңсерілмейтін, зұлмат, өз дегенінен қайтпайтын, тойымсыз адам күші жетпейтін мәңгілік күш» [2]. Г. Шишкофф, В.А. Малининнің редакциясымен шыққан сөздіктерде «Тағдыр — бұл адамның, халықтың және т.б. болмысына әсер ететін және әсер етпей қоймайтын, бірақ адамның өзгертуге шамасы жетпейтін барлық мәндердің жиынтығы» [3; 429]. Ал И.Т. Фроловтың редакциясымен шыққан философиялық сөздікте тағдырға мынадай тұжырым берілген: «Тағдыр — бұл адамдардың өміріндегі барлық оқиғаларды алдын-ала анықтайтын белгілі бір күш туралы идеяны білдіретін ұғым» [4; 547]. Нақты осы анықтама бізге осы сипатталып отырған ұғымды аса дәл сипаттайтын сияқты.

Тағдыр дегеніміз не? Бұл сұраққа ешкім нақты жауап бере алмайды. Бұл сұраққа берілетін жауап ретіндегі кез келген теория немесе пікір тек белгілі бір ойшылдың субъективтік көзқарасы ғана және ол абсолютті ақиқат болып табылмайды. Тағдыр — Адам мен Әлемнің фундаментальды, қарапайым емес қатынасын анықтайтын, адамзат мәдениетінің маңызды категорияларының бірі болып табылатындықтан, оның мынадай белгілері бар: ол барлығын қамтушы, оны танып білу мүмкін емес, ол адамның еркі мен тілектеріне тәуелді емес.

Антикалық дәуірде тағдыр ұғымы, әсіресе Анаксимандр, Парменид, Гераклит, Эмпедокл сияқты ойшылдардың көзқарастарында біртіндеп философиялық түсініктің дәрежесіне көтерілді. Мұнда тағдыр мәселесі «Біріншіден, дүниежүзілік себептілік — қажеттілік және ақылға қонымдылық ретінде, яғни құдіреттің көрегендігі; екіншіден, қажеттілік пен кездейсоқтық; үшіншіден, қажеттілік пен еркіндік» сияқты үш түрлі бір-бірімен өзара байланысқан дилемма ретінде қарастырылады [5; 715–721]. Мысалы Гераклит «тағдыр» сөзін алғашқы қолданушылардың бірі ретінде, ол «Барлық оқиғалар тағдырға сәйкес жасалып жатады, тағдыр дегеніміз бұл әлемді қарсы бағытталған қозғалыс арқылы жасайтын логос» деді [5; 715–721]. Яғни, тағдыр дегеніміз — қажеттілік заңдарының субъектіге көрінбейтін әрекеті (антикалық философиядағы логос, Қытай философиясындағы дао) немесе иррационалды күштердің әрекеті (Мойра немесе Парка құдайлары, монотеистік діндердегі Құдай). Тағдыр мұнда космостық процестердің қажеттілігі және тәртіп пен реттіліктің негізгі бастауы ретінде түсіндіріледі. Атап айтсақ, Платон мен Аристотельдің ілімдерінде, аса жоғары және ақылды космостық принципке бағынышты болды, ол Платонда Ақыл — демиург болатын және Аристотельде Ақыл — алғашқы түрткі болатын. Тағдырдың әрекетін бұл екі ойшыл космостың иррационалды стихиялық күштерімен шектеп тастаған болатын. Осы тағдырдың, жазмыштың бар екендігіне қатысты детерминизм алдын ала анықталғандықтың болуын себеп-салдарлық байланыс арқылы түсіндірген болатын. Ал, адам өзінің тағдырын өзі жасай алмайды деген тұжырымды ұстанатын ойшылдар фаталистер деп аталды. Мысалы, Сократ пен Августин Аврелий фатализмнің жақтаушылары болатын. Кейбір авторлардың пікірінше, тағдырды тануға ұмтылу ол бейболмысты тануға деген ұмтылыспен тең. Өйткені, еркіндіктің болмауы, өз өміріңе әсер ету мүмкіндігі, адамзат болмысының алдын ала толығымен анықталуы ол бейболмысты білдіреді [6; 386]. Бубер, Парменид, Гераклит және Демокриттің пікірлері бойынша: тағдыр — бұл өмір, тағдыр — бұл адамның өмірі нақты бір заңға бағынып құрылатын оқиғалардың заңды жүйелі бір ізділігі. В. Гюго айтқандай: «Тағдырмен алдын ала келіссөз жүргізу мүмкін емес». Бұл пікір «Адам өзі өмірінің тұтқыны» деген ойды дәлелдей түседі. Осыған қарама-қарсы түсінік бойынша: «Тағдыр жоқ. Тек таңдау еркіндігі ғана бар». Ж.П. Сартрдің пікірінше: «Адам өз өмірінің қожасы, ол қалай өмір сүру керектігін өзі анықтайды және болып жатқан оқиғаларға адам өзі мән мағына береді». Яғни, «Адам өз өзі жасайды» деген болатын [7; 324]. Тағдыр — тұлғаның өзін-өзі танып анықтау тәсілі болғандықтан, ол өз-өзі және қоршаған ортаны тани алады [8; 20]. Мысалы, Мишель де Монтень болса, «Өзіңнің мақсаттарыңа қол жеткізу үшін белгілі бір күш жігер салсаңыз оны өзгертуге болады», — деп пайымдады. Осы көзқарасты антикалық дәуірдегі стоицизм бағыты да қолдай түсті, өйткені, қазіргі өмір сүріп жатқан заманда адам өмірінің ырғағы қарқынды жылдамдықпен өтуде. Адамдар өздерін ойландырған сұрақтарына жауап таба алмай, өткен дәуірдің ойшылдарына жүгінуде. Соңғы уақытта осы мәселеге қатысты стоицизм бағытының көзқарастары психологияда да жан жақты қолданылуда. Тағдыр мәселесіне қатысты стоиктердің пікіріне келсек, стоицизм бойынша ізгі өмірге апаратын жол — дұрыс ой мен әлемді дұрыс түсіну арқылы болмақ. Стоиктердің негізгі мәселесі бұрынғы емес, болашақтағы емес «қазіргі және осындағы» тікелей адамның өмірі. Сондықтан, философия стоиктер үшін ғылыми теориялар құру емес, ол «өмір сүру өнері». Өйткені, бұл бағыт — эллинистік дәуірдегі және Римдегі ең әйгілі философиялық бағыттардың бірі ретінде «Әлем дегеніміз жанды, саналы және сонымен қатар, материалдық тұтастық» деген идеяны басшы-

лыққа алады [9; 63-78]. Стоицизмнің өкілі Зенонның ойынша адам әлемнің бөлшегі болып табылады. Қайсысы ауқымды көрінеді, бөлік пе әлде бүтін бе? Әрине, бүтін. Бөлік бүтінге ме әлде бүтін бөлікке бағынады ма, әрине бөлік бүтінге, яғни тұтастыққа бағынады. Сондықтан, әрқайсымыз кішкентай элементі болып табылатындықтан Әлемге бағынамыз. Жеке адамның өзі тұтас әлемнен құдіретті болып алып, өзінің қалауы бойынша әрекеттер жасай алмайды. Барлығы керісінше, ешкім бүкіл әлемді әлдекімнің тілектеріне қарай бағындырып қоя алмайды, Зенон, жеке адам бүкіл әлемнен күшті және оған өз еркімен кез келген нәрсені жасайтын сияқты. Мұның бәрі керісінше: ешкім бүкіл әлемді ешкімнің қалауына мойынсұнуға мәжбүрлей алмайды, бірақ бүкіл әлем бізге үнемі өзінің еркін білдіріп отырады, өмірімізді анықтап отырады, жолымызды қалыптастырады. Бұл тағдыр немесе бізге бағынбайтын және өзіне бағындырып алатын жазмыш. Стоиктер философиясының формуласы мына әйгілі тұжырыммен анықталады: «Тағдыр қалаған адамды да, қаламай қарсы келетіндерді өзінің өмірімен жүргізеді». Адам мүлдем еркін емес және сыртқы мен оған тәуелді емес күштердің қармауында болады. Дәлірек айтқанда, еркіндік — сол сыртқы күштің түпкі ниетін түсіну және оны өз еркімен орындап, өз тағдырына бағынып және маңдайына жазылғанын көргеннен басқа ештеңе емес. Әлемдегі барлық процестер табиғи заңдармен алдын-ала анықталған. Бұл табиғи сұрыпталудың бір түрі болып табылады: кейбір жануарлар біреудің қорегіне айналады, ал басқалары өз өмірі үшін күреседі. Адамдарға келетін болсақ, олар да стоиктердің пікірінше, табиғи сұрыпталу заңы бойынша өмір сүреді. Біреулер биік белестерге жетіп, басқаларды өзіне бағындырады, басқалары бағынышты болып жатады. Ал, мұндай жүйе Табиғат деп аталады. Табиғат барлық тірі жандардың тағдырын анықтайды. Стоиктердің пікірінше, өмірдегі басты мақсат — бақытқа қол жеткізу. Ал, бақытқа қол жеткізу үшін Табиғаттың заңына бағыну керек, яғни өз тағдырыңды қабылдау керек, табиғат адамның болашағын анықтайды. Тағдыр — бұл өзгертетін құбылыс емес, оны тек қабылдауымыз керек, табиғаттың түпкі ойымен өмір сүріп, соған мойынсұнуымыз керек. Табиғатпен үйлесімде өмір сүру дегеніміз саналы өмір сүру, яғни салқын қанды өмір сүру дегенді білдіреді. Жалғыз ғана зұлымдық ол көргенсіздік, ал қалғандарына адам салқындықпен қарау керек. Негізгі ізгіліктерге естілік, байсалдылық, әділеттілік пен ерлік жатады. Ал осыларға қарама қарсы тұратын ессіздік, шыдамсыздық, әділетсіздік пен қорқақтық көргенсіздікке жатады. Заттарды өзгерту мүмкін еместігі туралы осы шындықты толығымен қабылдаған соң өмір сүруіміз де күрделенбейді.

Адам қорқыныш, мұң, күйзеліс, нәпсі сияқты құмарлықтардан бас тартуға қабілетті болды. Ол өз өзімен толық үйлесімде болды, өз тағдырын қабылдай білді және өзгелердің өміріне сұқтанған жоқ. Оның ойында басқа адам болып туылым керек еді, мен басқа таңдау жасаушы едім, – деген сияқты талқандаушы идеялар болмады. Болатын жағдайлар болады, артқа қараудың және өзгертудің түк мәні жоқ екендігін білді. Нақ осылай адам өзінің маңдайына жазылған тағдырымен келісімде өмір сүруге үйрену арқылы ол бақытқа қол жеткізеді. Олардың пікірінше, адамның ақыл ойы қобалжу, алаңдау мен күйзелудің катализаторы болып табылады. Тек ақыл ойымызды өзгертіп қана адам жағдайға өзгеше қарай алады, өйткені ой адамның басқаруымен болады. Тек адам өзінің ойлары үшін жауапты болады. Адам әлемді өзгерте алмайды, ол тағдырдың жазғанына қарсы келе алмайды, бірақ адам өз-өзіндегі әлемді игере алады және еркіндікке ие бола алады. Тағдырға бағыну үшін, оны тану керек. Таным мен білім адамның жеке өмірінде маңызды орын алады. Ізгілік пен рақымшылыққа ден қою арқылы ең жоғарғы құндылық болып саналатын ішкі еркіндікке ие болуға болады. Олар құмарлықты танып білуге және құмарлықты ақыл ойға бағындыруға шақырды. Құмарлық — зұлымдықтың бастауы. Құмарлықтан жоғары болуымыз керек, ал ол қайырымдылық пен зұлымдықтың мәнін тану арқылы жүзеге асырылады. Қайырымдылық пен зұлымдық арасында бейжайлықтың үлкен кеңістігі орналасқан. Нақ осы бейжайлық қадір-қасиет пен ерліктің негізі болып саналады. Қайырымдылықты зұлымдықтан ажырата білу адамды жоғары дәрежеге көтереді, адамгершілік қағидаларымен өмір сүру ең басты мақсатымыз. Стоиктердің этикасы А. Шопенгауэр жазғандай, тұтастай алғанда маңызды әрі құтқару мақсатындағы адамның ақыл ойының зор артықшылығын көрсетуге тырысқан өте құнды және құрметке лайықты әрекет болып саналады, осы арқылы олар адам өмірінде болатын қайғы қасіретке саналы көзқараспен қарауға адамды бағыттады» [10; 520].

Атақты Цицерон, табиғаттан адамға атқаратын екі роль берілген, олардың бірі: барлық адамзатқа берілген ортақ ақыл ой, осы ақылдың арқасында адамзат баласы жаратылыстың және қоғамдық заңдарды орындайды. Бірақ та ақыл-ойымыз игілік болып табылмайды өйткені, білім адамгершілік және өнегелілікпен ұштаса бермейді. Табиғаттан берілетін бізге екінші қасиет — ол өзіміздің жеке даралығымызға сай әрекет ету, өз мүмкіндіктерімізді білу, өзіміздің амал әрекеттерімізге төрешіл болу. Өзімізге және өзгелерге зиян келтірмейтіндей әрекет қылу — басты мақсатымыз [11; 334]. Игілік-

ке қол жеткізуді Цицерон өмірлік қиындықтардан қайыспай өтіп өмір сүру ретінде қарастырады. Игілікке қол жеткізу жалғыздықта мүмкін емес және бақытты болу да қиынға түседі. Ол адамдардың бір бірімен ынтымақтастығы арқылы, бір-біріне рухани-адамгершілігі жағынан ұқсас жандардың бірлігінде ғана мүмкін болады [12; 530]. Өйткені, игілік адамдар арасындағы өзара қарым-қатынаста ғана көрініс беретін бақытты сыйлай алады. Сонымен, римдік философтардың көзқарастары бойынша стоик — бұл өмірдің сынақтарын батылдықпен көтере білетін қайсар мінезді адам. Олар адамгершілік қасиеттерді адам бойына сіңірудегі тәрбиенің рөліне барынша назар аударып, Эпиктет игілікке, бақытқа, жан тыныштығына қол жеткізу үшін тәрбие керек екендігін жеткізді. Өйткені, этиканы адамдар рухани тұрғыдан жетілу арқылы өздерінің тұлғалық қасиетін дамытуы үшін таниды. Шын мәнінде адамдардың барлығы бір ғарыштық тұтастықтың азматтары, стоиктердің космополитизмі барлық адамдарды осы әлемдік заңдылықтың алдында тең деп санады, яғни қожайындар мен құлдар да тең, варварлар мен гректер де тең, әйелдер мен ерлер де тең. Адамдардың адамгершілік қағидаларына сай әрекет етуі олардың өзін-өзі сақтауы мен өзін-өзі тұлға ретінде қалыптастыруының көрінісі болып танылады, соның салдарынан адамзат баласының көздейтін игілігі де ортақ бола түседі. Ал, адамгершілік қағидаларынан аттап әрекет етіп күнәға бату — ол өзін-өзі құрту, өзінің адами табиғатынан бас тартуды білдіреді. Өзін-өзі қорғау қасиеті шын мәнінде жануарларда да бар, бірақ өзін-өзі қорғау дегеніміз стоиктердің дүниетанымында мағынасына жетіп, байыппен өзін-өзі қорғауды білдіреді. Бұл ақыл ойға қатысты, жануарлардағы сияқты тәнді қорғау емес, адам рухани тұрғыдан өзін-өзі қорғауға тырысады. Сондықтан, тәнің тілектерімен емес, өзінің ақыл-парасатымен өмір сүруге ұмтылыс игілік болып табылады. Тән құмарлықтарымен күресу кезінде дана адамдардың ілімдеріне, яғни философияға жүгіну керектігін пайымдаған Эпиктет: «дәрігерлер дененді емдеуге тырысса, философия жаныңды емдеуге тырысады» деп тұжырымдады. Өйткені, философия — адамдардың табиғатпен үйлесімде өмір сүруіне септігін тигізеді. Сенека да философияны адамның әлемде өз орнын табуына көмектесетін құрал ретінде қарады [13]. Ол білім мен даналықты теңестірген жоқ, керісінше даналыққа қол жеткізу үшін білім алуымыз қажет. Тағдырға мойынсұнудың маңызды шартына Сенека Құдайды тануды жатқызды. Өйткені, ойшылдың пікірінше, Құдай әрқашан қайырымды. Ол: «Адам өзінің рухының күшімен өлімді жеңуі керек», — деді. Адамды өлім алдындағы қорқыныш жеңіп кетпеуі керек, өзінің жүрегіндегі өлім қорқынышын жеңген адам ғана өзін-өзі жеңген адам болып саналады. Адаммен диалогтағы өлім оның «жанында» не бар екенін немесе не болып жатқандығын көре алмау мүмкіндігінен айырады. Өлім адамды үмітсіздіктің тұңғығынан шығармай тастайды. Эпиктеттің де философиясы шынайы күнделікті тұрмыстық даналыққа толы. Ол адамды әлемді өзгертуге шақырмайды. Ол адамды осы аяусыз қатал өмірде ешкімге қиянат жасамай, ар ұжданмен өмір сүруге шақырды. Адамның ырқына ештеңе бағынбайды, ол әлемдегі істің барысын өзгерте алмайды. Адамның еркіне бағынатын тек оның ойлары мен пікірлері, арман тілектері мен ұмтылыстары, ал мал-мүлкі, денесі, билік сияқты қалғандары оның еркіне бағынышты емес. Сондықтан, ойшылдың пікірінше, білімнің негізінде өзінің жасайтын амал әрекеттеріне дұрыс таңдау жасай аласың. Бұл қиындықтардан шығуға, қайғы қасіреттен арылуға көмектеседі. Осы өмірде азаматтық борышыңды өтеу, еңбек ету, отбасылы болу, бала тәрбиелеу сияқты өзіңе жүктелген міндеттеріңді орындап, шүбәсіз парызыңды өтеуге бағытталған қызметіңнің барысында бақытқа қол жеткізе аласың. Өйткені, өнегелі тәрбиеге ие болған адам өзінің барлық тән құмарлықтарымен іштей күресте жеңіске жеткен адам. Сонымен, адамның өз тағдырын батылдықпен қабылдай білуі және оны қабылдауда өзінен рухани тұрғыдан қайсарлық табу қазіргі заманымыздағы жаһандық мәселелердің алдында бізге қажетті қасиет деп түсінуіміз керек. Демек осы эллинистік дәуірдегі пайда болған философиялық бағыттардың барлығын ойландырған ортақ бір мәселе ол адамның дербес рухани, индивидуальды эмоционалдылығы мен рационалды сипатынан көрініс табатын салқынқандылығы мен байсалдылығы болды, яғни олар адам баласын жан тыныштығы мен үйлесімді сақтай отырып, өз-өзімен іштей диалог құра білу өнеріне үйреткісі келді. Мысалы, стоицизмнің басты принципі дұрыс ойлау туралы сұрақтар, әлемнің құрылымы туралы сұрақтар және өзіміздің тұлғалық қасиетіміздің дамуы үшін тұжырымдармен тәжірибе туралы сұрақтар сияқты осы үш мәселеге сүйене отырып, саналы түрде толыққанды бақытты өмір сүруге ұмтылу болып табылады. Адамзат боласы қарқынды өзгерістер мен жаңалықтарға толы әлемде өмір сүріп жатыр, ол біреуге пайдалы, жағымды, ал екіншісі пайдасыз әрі жағымсыз ақпараттарға толы қоғамға бейімделіп жатады. Осылардың барлығын адам баласы сүзгіден өткізу қабілетіне ие болуы керек. Ол сыртқы әлемде болып жатқан қолайсыз жағдайларға, оның ішінде қайғы мен қасіретке, қорқыныш пен мұңға берілмей, яғни сыртқы әлемнің жағдайлары адамның қамалын бұза алмайтындай, әрі рационалды ойлаудың құндылығын сезіндіріп, ішкі үйлесімі

